

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**10-11-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕН
АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 4 қыркүйектегі №4 хаттама)

10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінен академиялық жазылым дағдысын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025 ж. –160 б.

Бұл әдістемелік ұсынымдар 10-11-сынып білім алушыларының «Қазақ тілі» пәні аясында академиялық жазылым дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруға арналған. Материалда білім алушылардың академиялық деңгейде білім алуда, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда және болашақ кәсіби өмірінде қажетті жазылым дағдысын дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер қамтылған. Ұсынымдарда мәтін құрылымын жоспарлау, ғылыми стиль нормаларын сақтау, дәлелді пікір білдіру, дереккөздерді сауатты пайдалану сияқты негізгі компоненттер қарастырылған.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының пән мұғалімдеріне, оқу ісінің меңгерушілеріне және әдістемелік орталықтардың әдіскерлеріне арналған.

КІРІСПЕ

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім алушыларды ХХІ ғасыр талаптарына сай білімді, бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға етіп қалыптастыру. Бұл мақсатқа жетуде олардың тілдік құзыреттілігін дамыту, оның ішінде жазылым дағдысын жетілдіру айрықша маңызға ие. Әсіресе, академиялық жазылым дағдысын меңгеру – ойды дәлелді, жүйелі және ғылыми негізде жеткізуге мүмкіндік береді. Ол білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, дереккөздермен жұмыс істей білуін, мәтінді құрылымдауды және ғылыми стиль талаптарына сәйкес жазуды үйретеді.

Академиялық жазылым – зерттеушіге ғылыми мәтіндерді оқуға, түсінуге және жазуға мүмкіндік беретін лингвистикалық құзыреттілік.

Өзектілігі – білім алушылардың ғылыми стильде сауатты жазу, аргументтеу, дәйексөз келтіру, құрылымды мәтін түзу қабілеттерін жүйелі дамыту.

10-11-сыныпта білім алушылар болашақтағы кәсіби бағытын айқындалып, жоғары оқу орнына түсуге дайындалады. Сондықтан қазақ тілін оқыту барысында академиялық жазылымға баса назар аудару – олардың болашақтағы ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметінде табысқа жетуінің кепілі. Осыған байланысты ұсынылып отырған әдістемелік құралда білім алушылардың академиялық жазылым дағдыларын қалыптастыру мен жетілдірудің тиімді жолдары қарастырылды.

Әдістемелік ұсынымдарда:

– Академиялық жазылымның мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері;

– Ғылыми стильдің тілдік нормалары мен жазу мәдениеті;

– Эссе, аннотация, реферат, пікір, мақала секілді жанрларда мәтін жазу;

– Академиялық адалдық талаптары, ақпарат көздерімен жұмыс істеу, дәйексөз келтіру, сілтеме жасау дағдылары;

– Жазылымды бағалау өлшемдері мен рефлексиялық әдістер қамтылған.

Бұл ұсынымдама педагогтерге «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытуда академиялық жазылымды жүйелі түрде енгізуге әдістемелік көмек көрсетеді. Сонымен бірге, білім алушыларға өз ойын ғылыми тұрғыда сауатты жеткізуге, мәтінді логикалық тұрғыдан жазуда және тілдік-стильдік нормаларды сақтауға үйретеді.

Осылайша, ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, тіл мәдениетін жетілдіруге, ғылыми көзқарасын қалыптастыруға бағытталған.

1. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жазылым продуктивті, яғни өнімді дағдылар қатарына жатады. Өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу.

Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады. Жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері, хабарламалар), қағаз бетінде орналасу тәртібі, ақпараттарды орналастыру реті, мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (№ 348 бұйрық) 3-пунктінде: «Қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешу үшін білім алушылардың теориялық білім негіздерін меңгеруі мен алған білімдерін қолдана білуін дамытуды көздейтін жалпы орта білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығының үйлесімділігі» қамтамасыз етілетіні туралы жазылған. Сонымен қатар, Жалпы білім беру деңгейінің ҰОБ (№ 399 бұйрық) «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұнында (жазылым дағдысы) «көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза білу, мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап жазу» да айқындалған. Ұсынымдар осы құжаттарды басшылыққа ала отырып жазылды.

Педагогика ғылымдарының кандидаты Ф. Ж. Абдразақова: «Жазылым әрекеті тілдік және қатысымдық тұлғалардың сыртқы таңбалық және ішкі мазмұндық қасиетімен байланыста бола келіп, олардың көзге көрінетін тұрақты, арнайы заңдылыққа бағынған жүйесі арқылы іске асып, белгілі бір хабарды жарыққа шығаруға ықпал етеді» – дей келіп, жазылым әрекетінде айтылар ой, мазмұндық ішкі бірлік, тұтастық, жүйелілік арқылы жеткізілетіндігін, сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысатындығын, сөйлесімнің мазмұны мен формасына көңіл бөлінетіндігін, қағазға жазылған ой-пікірлердің түсінікті, жүйелі, орфографиялық нормалардың, тыныс белгілерінің сауатты болуына байланысты жүзеге асатынын санамалап көрсеткен.

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары – продуктивті жазылым немесе жазылым үдерісі. Егер жазылымды үлгі беру арқылы үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Педагогтер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен, лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар, үлгілер білім алушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді. Ал егер педагог білім алушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл – «жазылым үдерісі» деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі білім алушылардың әрекетін ұйымдастыру. Бұл – оларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын

жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.


1-кесте. Академиялық жазылымның дағдылары

Академиялық сауаттылық	ғылыми стиль нормаларын меңгеріп, ойды жүйелі, нақты және дәлелді жеткізе білу.
Жазылым жанрларын игеру	эссе, реферат, аннотация, рецензия, ғылыми мақала, жоба, баяндама сияқты мәтіндерді сауатты жазу.
Зерттеушілік	дереккөздермен жұмыс жасау, ақпаратты талдау, сұрыптау және ғылыми тұрғыда рәсімдеу.
Аргументтеу	пікірін ғылыми дәлелдермен негіздеу, тұжырымдарын деректер арқылы қуаттау.
Тілдік нормаларды сақтау	орфографиялық, пунктуациялық және стильдік талаптарды дұрыс қолдану.
Сын тұрғысынан ойлау	мәтінді талдау, салыстыру, қайта құрастыру арқылы ойлау деңгейін арттыру.
Редакциялау және түзету	жазылған мәтінді қайта қарап, қателерді түзету, мазмұнды жетілдіру.
Академиялық адалдық	плагиаттан аулақ болу, дереккөздерге дұрыс сілтеме жасау, библиографиялық тізімді рәсімдеу.
Кәсіби және ғылыми коммуникация	кәсіби ортада ғылыми стильде сауатты жазу.

Академиялық жазылым – білім алушылар мен зерттеушілердің ғылыми ортада өз ойын жүйелі, дәлелді, объективті және нақты тілмен жеткізудің жазбаша түрі. Бұл жазылым түрі ғылыми нормалар мен талаптарға сай жазылады және білім беру үдерісінің маңызды бөлігі.

Б.Б. Динаева, С.М. Сапина «Академиялық жазылым – жеке ойлар мен идеяларды білдіру және оны негіздей білу әрі оларды мақсатты аудиторияға жеткізе білу дағдысы; бұл ғылыми мәтіндер жазу, олардың жазу тілі мен стилін тандап, қолдана білу дағдысы» десе, Қ.Е. Молдабаева «Академиялық жазылым – ізденушінің сыртқы-ішкі деректерді қабылдау, пайымдау, сыни тұрғыдан талдау мен бағалау, креативтік ойлау арқылы өз бетінше шешім қабылдап, дәйекті, дәлелді тұжырым-пікірін ғылыми және әдеби нормада түзудің мазмұндық-құрылымдық жүйесі», – дейді.

Академиялық жазылым арқылы білім алушылар өз ойларын біртіндеп шынайы ғылыми тілмен, жүйелі білдіруді үйреніп, сыни ойлау және аргументация жасау дағдылары қалыптасады. Академиялық жазылым білім алушыны мәтіннің құрылымын логикалық тұрғыдан жүйелі құрудан бастап, ғылыми мәтінді сауатты құрастырып, мәтінмен мұқият жұмыс істеуге ынталандырып, зерттеушінің қалыптасуына атсалысады. Жалпы, академиялық жазылымның бірнеше түрі бар. Негізгі түрлеріне тоқталсақ:



1-сурет. Академиялық жазылымның түрлері

Академиялық жазылымның басты мақсаттарының бірі – білім алушының ғылыми ойлай алуы мен ғылыми жаза алуына баулу. Ғылыми мақала жазу, жоба ұсыну, тіпті аргументативті эссе жазу да оңай емес, ол – жазуға дейінгі ойлау элементтерін қосатын, тілден тыс жатқан логикалық құбылыстармен де байланысы бар күрделі үдеріс. Оны санада белгілі бір тақырып жайында ойды қорытуға қабілеті бар жеке тұлға ғана іске асыра алады.

Академиялық жазылымның теориялық және әдіснамалық негіздерін, академиялық жазылымның әдістемесін, модельдері мен механизмдерін

толыққанды зерттеген И. Б. Короткинаның орны ерекше, себебі ол өзінің еңбектерінде академиялық жазылым тұжырымдамасын, моделін, академиялық мәтіннің бірізділігін, жазу ұстанымдарын, жазу үрдісін ұйымдастырудың технологияларының, дереккөздерді қолданудың жолдары мен оларды саралауды егжей-тегжейлі зерттеп, академиялық және ғылыми мәтіннің логикалық және синтактикалық мәселелеріне тоқталып, оларға толыққанды сараптама жасаған.

Академиялық жазылым дағдыларын меңгерген білім алушы стильдер мен жанрлар арасында емін-еркін әрекет етіп, ұқсастығы мен айырмашылығын біліп, функционалды түрде қолданады. Мәселен, стильаралық синонимдік жұмыс бойынша әдіс-тәсілдерді алайық. Бұл бойынша төмендегі кестеде сөйлеу қызметінің түрлері, әдіс-тәсілдер, дағдылар мен қабілеттер берілген.

2-кесте. Стильаралық синонимдік жұмыс бойынша әдіс-тәсілдер

Сөйлеу қызметінің түрлері	Әдіс-тәсілдер	Дағдылар мен қабілеттер
Рецептивті (қабылдау, түсіну)	Бақылау	Стильдік бірліктердің қызмет ету ерекшеліктерін анықтау
	Тілдік материалды стильдік тұрғыда талдау	Тілдік бірліктердің стильдік қызметін, қатысымдық мақсатын, қолданылу шарттарын анықтау
Репродуктивті (қайталау, жаттау)	Түзету және өңдеу	Тілдік бірліктердің стилистикалық тұрғыда негізсіз қолданылуын анықтау және жою
	Қорытындылау	Сөйлеудің стильдік заңдылыққа сәйкес ұйымдастырылуын сақтай отырып, сөйлемнің мағынасын қысқаша айту, жүйелеу немесе жинақтау
Продуктивті (жасау, өнім шығару)	Түйінді сөздерді пайдаланып, әртүрлі стильде мәлімдемелер жасау	Стилистикалық түрде белгіленген негізгі сөздерге қатысты мәлімдемелер құрастыру
	Ғылыми стильдегі мәтіндерді құрастыру: аннотация, шолу, түйіндеу, кері байланыс, әдебиеттермен жұмыс, ғылыми зерттеудің өзекті мәселелерін тұжырымдау (ғылыми жоба)	Ғылыми стильде әртүрлі жанрдағы мәлімдеме-мәтіндер жазу
	Ресми іскерлік стильде әртүрлі жанрдағы мәтіндерді құрастыру: шақыру, құттықтау, хабарландыру, іскерлік хат және т.б.	Ресми іскерлік стиль бойынша әртүрлі жанрда мәлімдеме-мәтіндерді жазу

Оқыту барысында осы технологияны қолдану арқылы академиялық жазылымды, сонымен қатар стильаралық қатынастарды нақты тәжірибе ретінде қолдануға болады.

Академиялық жазу жанрлары бірқатар сипаттамаларға ие:

- қарапайым құрылым (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды);
- басқа авторлардың шығармаларына сілтемелер;
- болашақ аудиториядан хабардар болу;
- мәлімдемелердің анықтығы мен дәлдігі;
- пунктуация, грамматика және емле ережелері академиялық жазылым процесінде қатаң сақталуы керектігі ескертіледі.

И. В. Третьякова: «Академиялық жазудың басқа жазу жанрлардан айырмашылығы дәйексөздер мен сілтемелерге негізделген, академиялық жазылым – бұл зерттеушіге ғылыми мәтіндерді оқуға, түсінуге және жазуға мүмкіндік беретін линвистикалық құзыреттілік», - деген пікір білдіреді. Ғалымның еңбегінде дәстүрлі түрде академиялық жанрлар негізгі және қосымша болып бөлінеді, олар өз кезегінде нақты мынадай түрлерге бөлінеді.

Шетелдік авторлардың еңбектерін зерделей келе, көршілес елдерде академиялық жазылымның теориясы жан-жақты зерттелген деп тұжырым жасай аламыз, себебі зерттеушілердің санының Қазақстандағы зерттеушілермен салыстырғанда көбірек екенін және зерттеу мәселелерінің ауқымы неғұрлым кеңірек екендігін байқаймыз.

Академиялық жазылым – ойды жазбаша жеткізуге мүмкіндік беретін коммуникативтік сана қатысымдық бірліктердің заңдылығынан тұратын тұтастық. Осы тұрғыдан келгенде, бұл процесс – ұлттық сана мен ұлттық код тірегі.

Ауызша және жазбаша коммуникацияны қамтамасыз ететін академиялық жазылымның есте сақтайтын басты критерийлері мыналар:

- ынтымақтастық;
- талғампаздық;
- стандарттық;
- стратегиялық;
- креативтік.

Академиялық мәтін түрлеріне монографиялар, мақалалар және баяндама тезистері, жоспар, аннотация, резюме, конспект, реферат, курстық, дипломдық жұмыстар, диссертация жатады.

Ғалым Е. Т. Оспанов жоғарыда аталған академиялық мәтін түрлеріне толық сипаттама бере отырып, олардың қатарына рецензияланған кітаптарды, монографияны, негіздеме хатты және эссені қосады, сонымен қоса автор әдебиетке шолу бөлімін көлемді жазба жұмысының бір бөлігі немесе өз алдына жеке жазба жұмысы ретінде қарастырады.

Академиялық мәтін – әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, ғылыми ақпарат жеткізу мақсатында ғылыми стильде жазылатын мәтін түрі.

Академиялық жанрларының құрылымдық ерекшеліктерін ажырата білу – сауатты мәтін жазудың алғышарты. Нұсқаулық негізінде мәтін құрастыру

кезінде жазу дағдыларын қалыптастырудың мүмкіндігі жоғарылайды, себебі үлгі нұсқаулық түпнұсқа мәнін ашудағы тапсырмалар тізбегі бола тұрып, түпнұсқаның функционалдық баламасын білдіреді.

Модельдеу – белгілі бір құбылысты, процесті немесе өнімді нақты үлгі (модель) арқылы көрсету және сол үлгі бойынша жаңасын құрастыру тәсілі. Оқытуда бұл дегеніміз – білім алушыға дайын үлгі (мысалы, эссе құрылымы) беріп, соны талдау, содан кейін соған ұқсас жазылымды өз бетінше орындау. Академиялық жазылым түрлерін модельдеу – бұл академиялық жазылымның әртүрінің құрылымын, тілдік ерекшелігін, мазмұндық бөліктерін үлгі арқылы көрсету және сол үлгі бойынша жазуға үйрету әдісі.

Ғалым К. Е. Молдабаеваның «Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы» диссертациясында тілдік модельдердің классификациясы әртүрлі негіздерге сүйене отырып жасалатындығын айтқан.

Олар:


- тілге көзқарас тұрғысынан топтастырылады, сөйлеу актісін іске асыру, тілдік зерттеу жүргізу, тілді сипаттау;
- модельде қолданылатын ережелер түріне сәйкес топтастырылады;
- модельдің модельденетін нысанға қатынасының сипаты бойынша топтастырылады;
- тіл деңгейі бойынша топтастырылады;
- модельдің типологиялық күйіне сәйкес топтастырылады;
- зерттеудің соңғы мақсатына сәйкес топтастырылады.

Тіл маманының басты міндеті – бір жағынан құрылымы дұрыс, мазмұнды мәтін құру; екінші жағынан, модель «дұрыс» мәтіннен тым көп ауытқымайтын болып, кез келген мәтінге семаникалық интерпретация бере алуы керек. Егер бұл шарттар орындалса, онда модельді қолданған адамның сөйлеу әрекеті, оның қызмет етуінің нәтижесі оң болады.

Академиялық мәтіндер көлемі, құрылымы жағынан бірнеше құрылымдық бөліктерден тұрып, күрделі болып келеді, сондықтан мәтін құру барысында модельдің құрамдас бөліктерінің санын азайту тек модельді көзбен көріп қабылдауда жеңіл болып қана қоймайды, сонымен қатар, түпкі мақсатқа жету барысында атқарылатын әрекеттердің санын азайтады. Демек, мәтін модельдеудің маңызды талабы – модельдің қолдануға жеңіл, ыңғайлы болуы.

Мәтін моделіне қойылатын келесі талап – құрастырылған модельді әр қырынан талдау мүмкіндігінің болуы және мәтіннің құрамдас бөліктерінің арасындағы байланыстың қамтамасыз етілуі және мәтін талдауды жеңілдететін сәтті қолданылған кестелер, сызбалардың болуы.

Шетелдік мәтін талдау тәжірибесінде ғылыми зерттеу әдістерінің кезеңдерін, эссе құрылымын, ғылыми мақала жазу кезеңдерін сипаттайтын схемалық модельдер көптеп кездеседі, соның ішінде төменде көрсетілген үлгіні қарастырайық.



2-сурет. Академиялық мәтіннің модельденуі

«Writing-Up Process Flow» – академиялық мәтін жазу үдерісінің ағымдық схемасы. Бұл схема мәтін жазуды бастан-аяқ кезеңдерге бөліп, әр қадамда қандай құралдар мен әрекеттер қолданылатынын көрсетеді:

- негізгі бастау және аяқтау нүктесі (сары блок сол жақ жоғарыда);
- жазу және құрылымдау кезеңі (орталық көк блок);
- ақпарат жинау (сол жақ төменгі сары блок);
- қосымша құралдарды пайдалану:
- оқу және жазба жазу (орталық жасыл блок);
- қосымша деректерге жүгіну (оң жақ жасыл блок);
- жоспарлар мен сақтық көшірмелер (оң жақтағы блоктар).

Бұл схема академиялық жазылымды жүйелі, жоспарлы және технологиялық түрде жүргізуге арналған.

Академиялық мәтін түрлерінің жазылуын меңгеру, ғылыми зерттеу жұмыстарын жазуға машықтандыру, стиль, терминология, академиялық этика, сыни ойлау, аргументтер келтіру және тағы да басқа академиялық жазылым қамтитын барлық тақырыптарды қамтиды.

Академиялық мәтіндер белгілі бір заттың, деректің, құбылыстың заңдылығын суреттейді. Академиялық мәтіндерге мақала, очерк, реферат, рецензия, андатпа, жоспар, тезис, сын-пікір, диссертация, диплом, ғылыми мақала, эссе, ғылыми хабарларды жатқызуға болады. Академиялық мәтін әдетте белгілі бір терминді қамтиды және үшінші тұлғада жазылған белгілі бір ережелерді ұстанады, ресми және консервативті болып көрінеді. Ғылыми мәтіннің басқа мәтіндерден айырмашылығы: оның құрылымы, ұйымдастырылуы ерекше бір үндесуге, бірізділікке бағытталады.

Академиялық мәтін бірнеше функцияларды атқарады:

- нормаланған ғылыми тілді қолданады;
- арнайы тақырыпқа сәйкес еңбектерге сілтеме жасай отырып, ойлары дәйектеледі;
- белгілі бір тақырып бойынша жазылады;
- академиялық мәтін салалық, кәсіби, терминологиялық тілдік бірліктерді қолдану арқылы құрылады.

Қазіргі білім, ғылымның жаһанданған заманында болашақ маманның академиялық сауаттылық дағдыларын терең меңгермейінше, әлемдік ғылым кеңістігіне шығуы мүмкін еместігінің, кәсіби және ғылыми ортада оның бәсекеге қабілеттілігінің шектеулі болатындығы байқалуда. Себебі маман әртүрлі ақпаратпен жұмыс істей білу, өзгелердің идеяларын түсініп, оны қабылдай білу, өз идеясын айтып, оны негіздей білу дағдысы, академиялық оқылымды, пікірсайыстарға түсе білу мен таныстырылым (презентация) жасай алуды, сөйлеушіні тыңдай білу, сұрақ қоя білу, қойылған сұраққа жауап бере білу дағдыларын дамытуды, кез келген ақпаратты сыни тұрғыда бағалап, оны түсіндіре білуі қажет.

Академиялық мәтін деген – ойларды, идеяларды, ақпаратты, зерттеу нәтижелерін академиялық ортада көрсететіндей етіп жариялауға мүмкіндік беретіндей жазу стилі. Бұл стильге ғалымдар, зерттеушілер, сарапшылар, оқытушылар, білім алушылар және тағы басқа мамандар білімі мен тәжірибесін кітап не мақала, академиялық мәтін қылып жазып жариялағанда, яғни, жаңа білім тудырғанда жүгінеді.

Академиялық мәтін жазуда бірнеше жанр қолданылады және әрқайсысының өзіне тән құрылымы мен талаптары бар. Ондай бірізділік оқырманның күрделі ғылыми мәселелерді түсініп, қорытуын оңай ете түседі.

Мәтін академиялық деп танылуы үшін оның бірнеше маңызды сипаты болуға тиіс.

Мақсаты мен аудиториясы. Академиялық мәтіннің академиялық ортаға – жаңалық әкелуі.

Тереңдігі. Академиялық мәтін жазу үшін сол кезге дейін жарияланған маңызды материалдың бәрін мұқият зерделеп шығып, мәселенің өзегіне үңілу керек. Күрделі сұрақтар қойып, оларға жауап іздеу қажет.

Құрылымы. Академиялық мәтіннің құрылымы айқын болады. Мәселен, эссенің кіріспесі, негізгі бөлімі мен қорытындысы болуы шарт. Бұл бөлімдер тағы бірнеше құрамдас бөлшектен тұрады және олардың әрқайсысының өз функциясы бар. Мәтін жүйелі болғанда оқырман автордың ойына ілесе алады.

Тілі. Академиялық мәтін ғылыми стильде жазылады, онда көбіне құрмалас сөйлемдер мен терминдер қолданылады. Мұндай мәтіндерде ауызекі стиль сөздері қолданылмайды.

Дәлелі мен дереккөзі. Академиялық мәтін сенімді дереккөзге сүйеніп, оларға арнайы тәсілмен сілтеме жасауды қажет етеді. Жеке субъектив пікірге ғана сүйеніп академиялық мәтін жазу мүмкін емес. Академиялық мәтіндер көлемді болады. Мәселені жан-жақты қарастырып, терең зерттеудің нәтижесінде сондай көлемді еңбектер шығады.

Академиялық мәтін жазудың төрт түрі бар: сипаттама, сараптама, нандыратын және сыни мәтін. Мәтін жазғанда осы түрлердің әрқайсысын жеке де, бірнешеуін қатар пайдаланатын жағдайлар кездеседі.

Сипаттама мәтін. Академиялық мәтіннің ең қарапайым түрі – сипаттама мәтін. Оның мақсаты – фактілерді не ақпаратты оқырманға жеткізу. Мысалы, материалдың қысқаша мазмұны немесе ғылыми тәжірибе нәтижелері туралы ақпарат сипаттау формасында жазылады. Сипаттама жаз деген тапсырмаға берілген нұсқауларды мынадай сөздерден тануға болады: «анықтаңыз», «ақпарат беріңіз», «жазба дайындаңыз», «қорытындылаңыз».

Сараптама мәтін академиялық ортада, мектепте жазылатын мәтіндер тек сипаттама түрінде сирек кездеседі. Ондай мәтіндер негізінен сараптама болады. Сараптама мәтін жазғанда, сипаттама мәтін де қамтылып, сипатталатын фактілер мен ақпарат санаттарға, топтарға, бөліктерге не түрлерге жіктеліп сарапталады. Мұндай жіктеудің жиі кездесетін үлгісі – әлдененің артық-кемін салыстыру. Сараптама жаз деген арналған нұсқауларды мына сөздерден тануға болады: «талдаңыз», «салыстырыңыз», «байланыстырыңыз» және «тексеріңіз».

Сараптама мәтінінің жоспарын құруға көп уақыт арнау керек. Мұндай мәтінде фактілер мен идеяларды, ақпарат пен материалдарды ой елегінен өткізіп, оларды үлгілерге, бөліктерге, бір-біріне ұқсайтын және бір-бірінен өзгеше деп топтастырудың түрлі әдістерін қолданасыз.

Нандыратын мәтін – сараптама мәтінінің жетілген түрі. Нандыратын мәтіннің маңызды ерекшелігі – онда автор өз көзқарасын білдіруге тиіс. Ол үшін автор фактілер келтіреді, ұсыныс пен қорытындылар жасайды немесе өзгелердің жұмысына баға береді. Өз ұстанымы мен жеке пікірін білдіріп қоймай, оны бір немесе бірнеше дәлел келтіріп растауға тиіс. Нандыратын мәтінде нұсқауларды мына сөздерден танысыз: «қарсы пікір білдіріңіз», «бағалаңыз», «талқылаңыз» және «ұстанымыңызды анықтаңыз».

Көзқарасыңызды жүйелі дәлелді жеткізуде нандыратын мәтін жазу түріндегі ұтымды аргументтердің құрамына жеке көзқарас, оның түсіндірмесі, көзқарастың дұрыстығына нандыратын дәлелдер, сенімді және тақырыпқа қатысты дереккөздер кіреді.

Сыни мәтін. Нанымды мәтін жазғанда әлдебір мәселеге не тақырыпқа қатысты өз көзқарасыңыз болуға тиіс десек, сыни мәтін жазғанда екі не одан көп көзқарасты, соның ішінде өз көзқарасыңызды да жүйелеп түсіндіріп, талдап, қорытуыңыз керек болады. Әдетте сыни мәтін көбінесе ғылыми зерттеулерде жазылады. Сыни мәтін жазғанда зерттеушінің интерпретациясын немесе дәлелін түсіндіріп, сол дәлелдің мәнін бағалайсыз не әлдебір ғылыми жүйеге, теорияға сүйеніп, өз балама түсіндірмеңізді бере аласыз.

Сыни мәтін жазуға нұсқау сөздер мынадай болып келеді: «сын пікір білдіріңіз», «пікір таластырыңыз», «келіспейтін тұстарын көрсетіңіз» және «бағалаңыз».

Сыни мәтін жазу күрделі саты болғандықтан, жетік дамыған жазу машықтарын қажет етеді. Тақырыпты және мәселелерді мұқият түсінуден бөлек, түрлі интерпретацияларды талдау және дәлелдермен растау, сондай-ақ

дәлелдемеңізді не көзқарасыңызды дамыту машықтарын меңгергеніңіз жөн. Сыни мәтін жазу – осы элементтерді пайдаланып, мәтін құрауға мүмкіндік беретін күрделі құрылым.

Академиялық жазылым қазақ ғылыми жазба тілінің бір түріне жатады және академиялық жазылым құралы – жазу, себебі академиялық коммуникация жазба мәтіндер негізінде іске асады.

Академиялық мәтіндердің бастапқы және қосалқы жанрлары болады. Бастапқы жанрларға мақала, рецензия, баяндама немесе хабарлама, ауызша баяндама, презентация жатса, қосалқы жанрларға бастапқы жанрдағы мәтін көлемін қысқарту арқылы оқырман назарын көлемді мәтіннің мазмұнына аударту мақсатында жасалған мәтіндер жатады, мысалы: реферат (мақала, баяндама туралы қысқаша мәлімет), тезистер (мақала немесе баяндама материалдарының қысқаша сипаттамасы).

Мәтін түрлері және жанрлары

Мәтін – жазудың шығуымен байланысты қалыптасып жетілген және әрі қарай дамып отыратын тілдік құрылым.

Зерттеуші ғалым М. К. Ахметова «Мәтін лингвистикасы» оқу-әдістемелік құралында: «Мәтін түрліше атаулармен зерттеліп келді. Мәселен, мәтін лингвистикасы, мәтін құрылымы, мәтін герменевтикасы, мәтін синтаксисі, мәтін грамматикасы. Бұларды тұтас күйінде алып, мәтін теориясы деуге болады» - деп тұжырымдайды.

«Мәтін» латынша «textus» байланысу, қосылу, тұтасып кету дене мағына береді. Басты қасиеті тұтасым және байласым болып саналатын мағыналық байланыстармен біріккен таңба бірліктерінің тізбегі.

Мәтін туралы ғалымдардың дәйектелген пікірлері:

«Мәтін – аяқталған толық мазмұнды білдіретін қарым-қатынастың, әсер етудің ерекше бірлігі. Ол – хабарды сақтаушы және жеткізуші болып саналады» десе М.К. Ахметова, М.М. Бахтин: «Мәтін – қатып-семіп қалған мән емес, ол автор мен оқырман және мәдени контекст арасындағы сұхбат», - дейді

Мәтін – шынайы өмірді моделдейтін ерекше ұйымдастырылған сөздік құрылым (М.Ю. Лотман).

Мәтін – белгілі көркемдік тәсілдер жиынтығы (В.Б. Шкловский).

Мәтін – толық жазылған сөз (әдеби шығарма, құжат) (С.И. Ожегов).

Мәтін – бірнеше сөйлемдерден құрылған белгілі бір ойды, оқиғаны білдіреді. Мәтіннің тақырыбы болады. Мәтін сөздерден, сөйлемдерден, абзацтардан тұрады. Мәтін әр түрлі мазмұнға құрылады.

Абзац дегеніміз – бір азат жолдан екінші азат жолға дейінгі күрделі синтаксистік тұтастықты білдіретін мәтін бөлігі.

Абзац жазудың негізгі шарттары:

- мәтіндер негізінен бірнеше абзацтан тұрады;
- бір абзацта бір ой толықтай ашылып жазылады;
- әр абзац тақырыптық сөйлемнен, қолдаушы сөйлемнен, және қорытынды сөйлемнен тұрады;
- тақырыптық сөйлем (тезис, аңдатпа) – абзацтың негізгі идеясын көрсетеді;

– қолдаушы сөйлемдер (аргумент) – тақырыптық сөйлемдегі ойды ашатын, дәлелдейтін сөйлемдер (деректер мен мысалдар);

– қорытынды сөйлем – абзацтағы ойды қорытындылайтын сөйлем.

Үлгі-мысал:

Тақырыптық сөйлем:

1. Майлы тағамдар асқазанға зиян.

Қолдаушы сөйлемдер.

2. Тағам ретінде оларды көп қолдану көп жағдайда оның бұзылуына әкеледі (нақты фактілер қосу қажет).

3. Кейбір жағдайда семіздікке әкеліп соқтырады (нақты фактілер қосу қажет).

4. Сонымен қатар жүрек-қан тамырларына да әсері бар (нақты фактілер қосу қажет).

Қарсы ой: Майлы тағамдар, майлы қышқылдар, дәрумендер гормондарды синтездеуге қатысады, олардың құрамында жүйке жүйесі мен сүйектерді берік қылатын заттар бар.

Қорытынды сөйлем:

5. Денсаулықты күтудің ең басты жолдардың бірі – майлы тағамдарды аз тұтыну.

Мәтін тек сөздерден емес, сонымен қатар кесте, диаграмма, сурет сияқты визуалды бейнелерден тұруы мүмкін.

Мәтін форматы:

– Тұтас мәтін: абзацтар мен сөйлемдерден ғана тұратын мәтін.

– Тұтас емес мәтін: тізім, кесте, диаграмма, жарнама, график, каталог, индекс және басқа да формалардан тұратын мәтін.

– Аралас мәтін: тұтас және тұтас емес мәтіндердің элементтері кездесетін мәтін.

3-кесте Тұтас мәтін түрлері

Мәтін түрлері	Сипаттамасы
Сипаттау (көркем және техникалық).	«Не?» деген сұраққа жауап береді, ақпаратты көрсетеді.
Мазмұндау, баяндау	Қандай?, қашан? деген сұраққа жауап береді. Роман, әңгіме, пьеса, өмірбаян, комикс.
Түсіндіру (интерпретация, мазмұндама	Жад үлгісін көрсететін диаграмма, онлайн-энциклопедия жазбасы.
Дәлеледеу	Ғылыми түсініктеме, негіздеме, аргументациялау, редакторға хат, даулы тақырыпты шешу.
Нұсқау беру	Бір мақсатқа жетуге бағытталған мәтіндер, хаттар, электронды хаттар, хабарламалар.

Сипаттау мәтіні: қандай да бір заттың немесе нысанның белгілері мен қасиеттерін сипаттайтын ақпараттық мәтін. Сипаттау мәтіні «қандай?» деген

сұраққа жауап береді. Мысалы, каталог, жолсілтемедегі белгілі бір жердің сипаттамасы немесе қандайда бір затты\нәрсені қолдануға қатысты сипаттама.

Әңгімелеу мәтіні: белгілі бір уақытқа тәуелді нысандар туралы ақпараттық мәтіндер.

Әңгімелеу мәтіндері «қайда?», «қай?», «қандай тәртіппен?» деген сауалдарға жауап береді. Ұсынылған мысалдар қатарына есеп, жаңалық, романдар, әңгімелер, мен пьесалар енеді.

Пайымдау (ойталқы) мәтіні: тұжырымдамалар мен ұсыныстар арасындағы байланысты көрсететін мәтіндер. Мұндай типтегі мәтіндер негіздеу және сендіру мақсатымен жазылады, сондықтан «неге?» деген сауалға жауап табуға болады. Олардың ішкі құрылымы көзқарастар мен пікірлерге негізделеді. Мұндай мәтіндерге редакцияға жазылған хаттар, постерлік жарнамалар, онлайн-форумдағы жарияланымдар, фильмдер немесе кітапқа арналған пікірлер жатады.

Мазмұндау: түрлі элементтердің өзара байланысын түсіндіретін және «қалай?» деген сұраққа жауап беретін мәтіндер. Оларға ғылыми эсселер, диаграммалар мен трендік даму сызбалары не онлайн-энциклопедиялардың жазбалары үшін дайындалған концептуалды карталар жатады.

Эпистолярлық (келісім, мәмле) мәтін: қандай да бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған мәтін болып табылады, мәтін мазмұнында белгілі бір әрекетті орындауды өтіну, кездесу ұйымдастыру немесе бір-бірімен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуге ұмытылыс жасау қамтылады. Мысал ретінде, хат, электронды хат пен хабарлама (sms) мәтіндерін атауға болады.

Нұсқаулық: не істеу және қалай жүзеге асыру керектігіне нұсқау беретін мәтін. Оған тағам рецептілері мен алғашқы көмекті қалай көрсету керектігін нұсқайтын суреттер топтамасы немесе бағдарламалармен қамтамасыз ету жұмыстары бойынша ұсыныстар жатады.

Мақала – шағын өлшемді ғылыми немесе публицистикалық шығарма. Мақаланың мақсаты – белгілі бір фактілерді, ережелерді, көзқарастарды немесе ол туралы басқалардың пікірін оқырман санасына жеткізу.


Мақалалардың ортақ белгілері: шағын көлемді, бір тақырып төңірегіндегі зерттеу, ақпараттық, түсіндірмелі, талдамалы немесе сыни сипатқа ие, пайымдау, объективті түрде әңгімеленеді (жарнамалық немесе блог мақалаларында толық сақталмауы мүмкін). Бұл – ортақ ерекшеліктер. Алайда мақаланың әр түрінде өзіндік ерекшеліктер бар.

Ақпараттық мақала: мақсаты, жазу ережелері

Ақпаратты мақалалар оқырманға белгілі бір жағдайларды жеткізуді, оқиғалар, фактілер, құбылыстар туралы айтуды мақсат етеді. Бұл ретте автордың жеке пікірін білдіруге, өз пікірін қандай да бір мамандар атынан жазуға құқығы жоқ екенін есте сақтау қажет: барлық ақпарат қысқа, нақты және мүмкіндігінше тар мамандандырылған терминдерді егжей-тегжейлі түсіндіре отырып берілуі тиіс.

Басқа мәтіндердегідей ақпараттық мақаланың да өзіндік құрылымы болады: ой бөліктері абзацтарға бөлінеді, сөйлемдер, абзацтар арасындағы

логикалық бірізділіктер сақталады. Бұл мақаланы құрылымы жағынан 3 бөлікке бөлу қажет.



3-сурет. Мақала құрылымы

1. Кіріспе бөлім: негізгі бөлімде тереңірек ашылатын, талқыланатын мәселе көтерілуі мүмкін немесе оқиғаның, құбылыстың қайда, қашан болғаны баяндалады.

2. Негізгі бөлім: бұнда кіріспе бөлімде сипатталған мәселені қалай шешу керектігі немесе оқиға, құбылыс егжей-тегжейлі сипатталады, баяндалады.

3. Қорытынды бөлім: жоғарыда айтылғанның барлығына қысқаша түрде қорытынды жасалады, түйінделеді. Белгілі бір іс-шараны баяндаған мақалаларда оның қоғамға беретін пайдасын, нәтижесін жазуға болады.

Мақаланың құрылымдық ерекшеліктері: Кіріспе бөлімнің міндеті – оқырманды қызықтыру. Әдетте оқырман «Неге бұл мақаланы оқуым керек?», «Бұл мақаладан нендей пайдалы дүниені оқимын?» деген сұрақтарға жауап алуы керек. Негізгі бөлімде барлық ақпарат айтылады. Онда оқырман қызықты жайтты оқып, «А, осылай ма, мен оны білмеппін де» деген ойға келуі керек. Ал қорытынды бөлімде мақаланы қорытындылап, оқырманға пайдалы кеңес ұсынуға болады, белгілі бір іске шақырсаңыз да жақсы.

Аннотация (лат. annotatio - ескерту, аңқату) – бұл белгілі бір мәтіннің, кітаптың, ғылыми мақаланың, баяндаманың немесе басқа да еңбектің қысқаша мазмұны мен негізгі мазмұндық ерекшеліктерін сипаттайтын ақпарат. Ол оқырманға материалдың не туралы екенін, негізгі мақсатын және маңызын тез түсінуге көмектеседі.

Аннотацияның негізгі ерекшеліктері:

- қысқалық – мәтіннің ең маңызды мазмұны;
- нақтылық – фактілер, негізгі ой, тақырып айқын көрсетіледі;

– объективтілік – автордың жеке пікірінен гөрі, мәтіннің мазмұнына сүйенеді.

– таныстыру қызметі – оқырманға бұл еңекті оқу керек пе, жоқ па, тез шешуге мүмкіндік береді.

Тезис – бұл белгілі бір ойды, тұжырымды немесе пікірді қысқа әрі нақты түрде білдіретін сөйлем немесе бірнеше сөйлемнен тұратын логикалық бірлік. Ол ғылыми баяндамада, мақалада, пікірталаста немесе жоспар құруда негізгі идеяны айқындау үшін қолданылады.

Тезистік жоспар

Мәтіннің тезистік жоспары – бұл құрылымды құрудың бір түрі ғана. Әрбір мәтіннің байланысы белгілі бір құрылымға ие және оның бөліктерінің арасында мағыналық логикалық түрде байланыс болады. Бұдан басқа әрбір бөлім мәтіннің жалпы мағынасын толықтыратын ойдың өрнегін білдіреді және оны семантикалық бөлімдерге бөлуге мүмкіндік береді. Ол тезистерде тұрады, яғни қысқа фразалар мәтіннің әрбір бөлігінің негізгі идеясын қалыптастырады.

Жазылған мәтін параграфтарының өздеріне тән ережелері бар және олар тезистермен сәйкес келеді. Басқаша айтқанда, осы бөліктен тезисті шығару үшін мәтіннің әрбір жеке бөлігінде айтылғандарды түсіну жеткілікті.

Баяндама – белгілі бір тақырып бойынша ғылыми-зерттеу, талдау немесе тәжірибелік материалды жүйелі түрде баяндап, аудитория алдында ауызша немесе жазбаша түрде ұсыну. Ол ақпарат беру, ғылыми нәтижелерді таныстыру, немесе пікірталасқа негіз болу мақсатында дайындалады.

Ғылыми тұрғыдан баяндаманы ақпараттық-коммуникативтік әрекет деп қарастыруға болады, өйткені ол мәліметті жүйелі түрде жеткізу және оны қабылдаушыға тусінікті ету үшін құрылымдық және мазмұндық талаптарға бағынады.

Баяндаманың негізгі белгілері

1.Мақсаттылығы – нақты мәселені шешуге немесе түсіндіруге бағытталуы;

2.Жүйелілігі – материалдың логикалық реттілікпен берілуі;

3.Ғылыми дәйектілігі – деректер мен тұжырымдардың фактілерге, зерттеулерге, ресми құжаттарға сүйенуі;

4.Қысқалығы мен нақтылығы - артық сөздерден аулақ болу, негізгі ойды ашу;

5.Аудиторияға бағытталуы – тыңдаушылардың білім деңгейі мен қызығушылығын ескеру.

Баяндаманың құрылымы

Ғылыми еңбектерде (Creswell, 2014; APA Manual, 2020) баяндаманың құрылымы мынадай кезеңдерден тұрады:

1. Кіріспе

– Тақырыптың өзектілігі (неге бұл мәселе маңызды?);

– Мақсаты мен міндеттері;

– Қысқаша мазмұн жоспары.

Ғылыми дәлел: зерттеу тақырыбын негіздеу кезінде дереккөздерге сүйену керек (мысалы, статистика, зерттеу нәтижелері).

2. Негізгі бөлім

– Теориялық негіз (ғылыми әдебиетке шолу, анықтамалар, концепциялар);

– Нақты деректер мен мысалдар;

– Талдау және салыстыру;

– Диаграмма, кесте, слайд сияқты визуалды материалдарды қолдану.

3. Қорытынды

– Негізгі тұжырымдар;

– Мәселенің шешу жолдары немесе ұсыныстар;

– Болашақтағы зерттеу бағыттары.

Қорытындыда жеке пікірмен қатар ғылыми тұжырымдарға сүйенген дәйек болу шарт.

Баяндаманың ғылыми дәйектілік ережелері

1. Дереккөздермен жұмыс

– Кітап, ғылыми мақала, ресми статистика, Халықаралық ұйымдардың есептері;

– Автор аты, жыл, бет нөмірі көрсетілуі тиіс (APA, MLA, ГОСТ форматтары).

2. Дәйексөз келтіру

– Қысқа дәйексөздер тырнақшаға алынады.

– Ұзын дәйексөздер жеке абзацпен беріледі.

3. Плагиаттан сақтану

– Өз сөзімен баяндау;

– Дереккөзді міндетті түрде көрсету.

Реферат (нем. Refegat, лат. Refegte-баяндау, хабарлау) – қандай да бір бағытта жазылған дереккөздерге шолу жасай отырып, белгілі бір тақырыпқа арналған шағын жазбаша жұмыс. Рефераттың мақсаты нақты тақырып немесе мәселе бойынша білім жинақтау және жүйелеу болып табылады. Рефераттың өнімді және өнімсіз деген деген екі түрі бар. Өнімсіз рефератта алғашқы түпнұсқа мәтіннің мазмұны баяндалады. Өнімді реферат шығармашылық немесе сыни ойлау тұғысынан жазылады. Өнімсіз рефератты іштей тағы да реферат-конспек және реферат-түйіндеме деген түрге бөлуге болады. Реферат-конспектіге нақты ақпарат жалпы қорытылған түрде, иллюсттиативті материал, зерттеу әдістері туралы әртүрлі мәліметтер, зерттеу нәтижелері мен оларды қолдану мүмкіндіктері жазылады. Реферат-түйіндеме берілген тақырыптың тек негізгі ережелерінен тұрады. Өнімді реферат реферат-баяндама және реферат-шолу деген екі түрге бөлінеді. Реферат-шолу бірнеше дереккөздің негізінде құрылады және қарастырылатын мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды салыстырады. Реферат-баяндамада алғашқы дереккөздегі ақпаратқа талдау жасаумен қатар мәселеге объективті баға беру болады. Бұл рефератта тақырып жан-жақты сипатталып жазылады.



4-сурет. Рефераттың құрылымы

Кіріспе. Кіріспеде тақырыпты таңдау негізделеді, реферат жазылатын тақырыптың деректері (аты, қайда, қашан жарияланғандығы туралы) берілуі, автор туралы мәліметтер (аты-жөні, мамандығы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы) хабарлануы мүмкін, таңдалған тақырыптың қарастыратын мәселесі ашылады.

Негізгі бөлім. Мәтін мазмұны беріледі және негізгі тезистер дәйектеледі.

Қорытынды. Рефератта жазылатын мәселе бойынша жалпы қорытынды жасалады.

Рефераттар «аса маңызы бар», «ерекше көңіл бөлінеді», «мәселе көтеріледі», «мынадай тұжырымдарға келдік», «зерттеліп отырған мәселе», «аталған мәселе» және т.б. сияқты стандартты, қалыптасқан тілдік оралымдармен жазылады.

Ғылыми жоба – белгілі бір ғылыми мәселені зерттеу, оның теориялық және тәжірибелік маңызын анықтау, жаңа білім мен нәтижеге қол жеткізуге бағытталған жүйелі жұмыс. Жобаның негізгі мақсаты – зерттеушінің ғылыми әдістерді меңгеруі және нақты проблемаға өз бетінше шешім ұсынуы.

Ғылыми жобаға қойылатын талаптар:

Аktуалды болуы керек – зерттелетін мәселе ғылымда немесе тәжірибеде маңызды, шешімі қажет болуы тиіс.

Жаңалығы болуы тиіс – жаңа деректер, жаңа әдістер, жаңа көзқарастар ұсынуы.

Ғылыми дәйектілік – дереккөздердің сенімділігі, ғылыми әдістемеге сүйену.

Жүйелілік – зерттеу кезеңдерінің бірізділігі мен логикалық байланысы.

Тілдік сауаттылық – ғылыми стиль, терминдерді дұрыс қолдану.

Рәсімдеу стандарттарына сәйкестігі – ГОСТ немесе білім беру ұйымының ережелері бойынша орындалуы.

Ғылыми жобаның құрылымы

1. Титулдық бет

– Жоба тақырыбы

– Орындалған орны (мекеме атауы)

– Автордың аты-жөні, сыныбы

– Жетекшінің аты-жөні, педагогикалық дәрежесі

2. Мазмұны

Бөлімдер мен бет нөмерлері көрсетіледі.

3. Кіріспе (1-3 бет)

– Зерттеу тақырыбының өзектілігі;

– Зерттеу нысаны мен пәні;

– Мақсаты мен міндеттері;

– Зерттеу гипотезасы;

– Зерттеу әдістері.

4. Негізгі бөлім

1-бөлім: Теориялық негіздеме. Мәселенің ғылыми әдебиеттердегі қарастырылуы, бұрынғы зерттеулерге шолу.

2-бөлім: Зерттеу әдістемесі және тәжірибе. Зерттеу әдістерін сипаттау, жүргізілетін тәжірибелер, сауалнамалар, талдау.

3-бөлім: Нәтижелер мен талдау. Жиналған мәліметтерді өңдеу, диаграмма, кестелер, графиктер, салыстыру.

5. Қорытынды (1-2 бет)

– Негізгі нәтижелер;

– Қойылған мақсатқа жету дәрежесі;

– Ұсыныстар мен практикалық мәні.

6. Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

Ғылыми еңбектер, кітаптар, мақалалар, интернет дереккөздері. Әр дереккөз мемлекеттік стандартқа (ГОСТ) сай рәсімделеді.

Академиялық эссе – автордың белгілі тақырыпқа қатысты көзқарасын ғылыми аргументтер, әдеби деректер және логикалық құрылым негізінде ұсынатын мәтін түрі. Ол пікір айту ғана емес, сол пікірді деректермен дәлелдеу мақсатында жазылады.

4-кесте Академиялық эссенің басты ерекшеліктері

Ерекшелік	Мазмұны
Ғылыми стиль	Ресми, бейтарап тіл, эмоциялық бояудан аулақ болу
Дәлелдеме негізділігі	Ғылыми деректер, статистика, зерттеу нәтижелері
Логикалық құрылымы	Кіріспе – Негізгі бөлім – Қорытынды жүйесі
Дереккөздерді пайдалану	Дәйексөздер, сілтемелер (APA, MLA, Chicago және т.б.)
Объективтілік	Жеке пікір деректермен дәлелденуі тиіс

Жазу процесінің кезеңдері:

1. Тақырып таңдау және шектеу – тым кең немесе тым тар тақырыптан қашу.

2. Зерттеу жүргізу – ғылыми мақалалар, ресми статистика;

3. Тезис құру – эссенің негізгі дәлелі болатын ортақ ой;

4. Жоспар құру – құрылымды сақтау үшін;

5. Алғашқы нұсқаны жазу – мазмұнды толық беру;

6. Редакциялау және тексеру – грамматика, стиль, дереккөздер.

Академиялық эсседе плагиаттан қашу үшін барлық алынған ақпаратқа сілтеме беріледі. Мысалы, АРА стилінде: Smith, (2019) Academic Writing Skills. Oxford University Press.

5-кесте Академиялық эссе түрлері

Түрі	Мақсаты
Argumentative (пікірталастық)	Белгілі бір позицияны қорғау
Analytical (талдамалық)	Мәтінді, құбылысты бөлшектеп талдау
Expository (түсіндірмелік)	Ақпарат беру, түсіндіру
Comparative (салыстырмалы)	Екі не одан да көп объектіні салыстыру

Функционалдық сауаттылық – мектептегі білім сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі, оған білім алушылар оқу барысында қол жеткізе алады және адамның өмірдің әртүрлі салаларындағы туындаған жағдайларды шеше білу қабілетін білдіреді. Оның негізгі компоненттерінің бірі – оқу сауаттылығы. Оқу сауаттылығы – бұл оқылған материалдан қажетті ақпаратты алу, сондай-ақ, кез келген жазбаша мәтіндер мен оқу материалдарын оқу және түсіну, рефлексиялау қабілетін дамытуға бағытталған. Мұндай дағдыларды меңгеру әрбір білім алушыға алдына қойған мақсатына жетуге, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік өміріне белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Оқу сауаттылығы тұжырымдамасы: күрделі және көп түрлі мәтіндерді оқу және бағалау, негізгі тақырып пен ойды анықтау, бірнеше дереккөз негізінде қорытынды жасау, тақырыбы жақын мәтіндердегі ақпаратты жалпылау, олардың сапасын, сенімділігін бағалау және ақпаратты практикалық іс-әрекетте пайдалануды қамтиды. Оқу сауаттылығы бойынша мәтіндер:

1-мәтін

Қазақстанда жұмысшылардың еңбек шарттары мен төлемдеріне қатысты әртүрлі жағдайлар кездеседі. Бір күні Асқар, Әлимырза және Ермахан өздерінің жұмыс істейтін жобаларына қатысты жаңа жоспар құру үшін жиналды. Үшеуі де өздерінің жұмыс күндеріндегі тиімділікті арттыруды ойлап, бір айға бөлінген жалақыны әділ бөлу үшін арнайы жүйе ойластырып көрді. Олар өзара сөйлесіп, жалақыны қалай бөлу қажеттігін талқылауға кірісті.

Асқар: «Бізге алдымен жұмыс күндерін дұрыс бөлу керек. Егер бәрімізді тең бөліп, жұмыс істесек, ай соңында 180000 тенгені дәл бөле аламыз. Бірақ демалыс күндері жұмыс істейтіндерге қосымша төлем жасалатынын ұмытпауымыз керек.»

Әлимырза: «Иә, демалыс күндері жұмыс істегеніміз үшін 8000 теңге аламыз, ал жұмыс күндерінде 5000 теңге. Осылайша, әрқайсымыздың еңбегіміз бағаланып, әділ болады деп ойлаймын.»

Ермахан: «Меніңше, бұл өте жақсы идея. Әрқайсымыз өз жұмысымызды уақытында және дұрыс орындасақ, бәріміздің жұмысымыз тең болады. Сонымен қатар, демалыс күндері істегенім үшін қосымша ақша алу мені ынталандырады.»

Асқар: «Әрине, біз бірінші күні жұмыс істеп бастаған соң, кезекпен жалғастыра береміз. Сонда ешкім артық жұмыс істемейді, бәрімізге де әділ болады.»

Осылайша, үш дос жалақыны бөлудің әдісін талқылап, бір ай ішінде бір-бірімен кезек-кезек жұмыс істей отырып, ай соңында 180000 тенгені әділ түрде бөлуді жоспарлады. Бұл жоспар олардың әрқайсысына еңбекқорлық пен әділдік сезімін ұялатты.

1. Асқардың бірінші жұмыс күні аптаның қай күніне түсті?

- A) Дүйсенбі
- B) Сейсенбі
- C) Бейсенбі
- D) Сенбі

2. Ең көп жалақыны кім алды?

- A) Асқар
- B) Әлимырза
- C) Ермахан
- D) Барлығы теңдей бөліп алды

3. Кейіпкерлер жасаған жалақы бөлу жоспарының негізгі құндылығы қандай?

- A) Жоспар тек Асқардың мүддесіне бағытталған.
- B) Бұл жоспар әрбір қызметкерге тұрақты жалақы беруге мүмкіндік жасайды.
- C) Жоспар еңбек әділдігін сақтап, ынталандыру жүйесін еңгізеді.
- D) Бұл әдіс жұмыс уақытының ұзақтығын ескермей, жалақыны теңдей бөледі.

4. Оқиғаның дамуын анықтайтын дұрыс жауапты таңдаңыз:

- A) Жоспар құрылды, бірақ оны орындау барысында қиындықтар туындады.
- B) Әрқайсысы өзіне ыңғайлы кесте жасап, жеке жұмыс істеді.
- C) Жалақыны қалай бөлу керектігі туралы ортақ шешімге келу қиындады.
- D) Олар жұмыс күндері мен демалыс күндері үшін төлем мөлшерін белгіледі.

Мәтінмен жұмыстың тиімді стратегиялары мен әдіс-тәсілдері:

«Синквейн», «Жұптасып оқу», «Автор орындығы», «4 сөйлеммен тұжырым», дебат, рөлге бөліп оқу, «Эмоциялар графигі», «Оқиға картасы», «Жигсо», «Оқырмандар конференциясы», «Екіжақты күнделік», «ББҮ кестесі», «Инсерт», «Балық қаңқасы», «Идеал», «Ментальді карта», «Кубизм», «Ойлан-жұптас-бөліс», «Мәселелерді зерттеу ағашы», «IMRAD талдау», «Мәселелерді зерттеу ағашы» әдісі



5-сурет. Мәтінді зерттеу жіктелімі

Мәселелерді зерттеу ағашы (Problem Tree Fnalysis) – күрделі проблемаларды талдауға, олардың себеп-салдар байланыстарын жүйелеуге арналған визуалды және аналитикалық әдіс. Ол проблеманы «ағаш» түрінде бейнелеп, тамырында – себептерін, діңінде – ортақ мәселені, ал бұтақтарында – салдарын көрсетеді.

6-кесте. IMRAD талдау

Introduction (кіріспе)	Зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдеу. Мәселе немесе ғылыми сұрақты тұжырымдау. Бұрынғы зерттеулерге қысқаша шолу. Зерттеудің мақсаты мен гипотезасын көрсету.
Methods (әдіс)	Зерттеу дизайны (эксперимент, сауалнама, контент-анализ т.б.). Қатысушылар немесе зерттеу нысаны сипаттамасы. Қолданылған құралдар мен процедуралар. Деректерді талдау әдістері.
Results (нәтиже)	Нақты деректер мен өлшемдер. Кесте, диаграмма, график арқылы визуалдау. Статистикалық мәндер мен салыстырулар. Тек фактіні ұсыну, интерпретациясыз.

Discussion (талдау)	Нәтижелердің ғылыми маңызын түсіндіру. Бұрынғы зерттеулермен салыстыру. Мүмкін шектеулер мен болашақ зерттеулер бағытын ұсыну. Қорытынды ой мен ұсыныстар.
------------------------	--

IMRAD талдау (Introduction – Methods – Results – Discussion) құрылымы – ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстарын рәсімдеудің халықаралық стандарты. IMRAD талдау әдісін қолдану ғылыми мәтінді логикалық, жүйелі және айқын етіп құрастыруға көмектеседі. Оның басты мақсаты – зерттеу процесін кезең-кезеңімен баяндау арқылы нәтижелерді дәл әрі түсінікті жеткізу.

IMRAD талдауды қолданудың артықшылықтары: ғылыми мәтінді халықаралық стандартқа сай етеді, ақпаратты жүйелеп, логикалық ретпен ұсынады, рецензенттер мен оқырмандарға мәтінді түсінуді, басқа зерттеулермен салыстыруды жеңілдетеді.

Академиялық жазылым ғылыми стиль арқылы жүзеге асады. Ғылыми стильдің жетілуі, дамуы сияқты мәселелер термин және терминологияға қатысты зерттеу жұмыстарында қарастырылатыны белгілі. Өйткені ғылым тілінің негізгі материалы (кейбір зерттеушілер «кірпіші» деп те атайды) – терминдер.

Ғылыми стильде зерттеу нысаны болған зат пен құбылыс ғылыми негізде сипатталып, белгілі теориялық негіздермен дәлелденіп, логикалық жағынан негізгі ой мен құбылыстың байланысы нақтыланып, белгілі жүйеге құрылған хабарлы, өзекті, дәлелді, ой қисыны қорытындыланған ғылыми тұжырым жасалынады. Басты ерекшелігі – оның белгілі бір заңдар мен қағидаларға сүйеніп, белгілі шарттылық ұғымын қанағаттандыру идеясын қамтиды, яғни бұрынғы қарастырылып отырған зат пен құбылысты дамытуға, түрлендіруге, басқаша сипаттауға, толықтыруға, теңестіруге, қарсылық жасауға т.б. ой мен тұжырым негіздерін басшылыққа алады.

Отандық ғалымдар М. Балақаев, Т. Сайрамбаева: «Ғылыми стильде пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін логика заңына сүйену керек, сондықтан ғылыми стильде логиканың маңызы зор. Лексикасына келсек, сөз тек тура мағынада қолданылып, көп мағыналы, образды сөзден ада болады. Ерекшелігі, ғылыми стильде ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме, формула түрінде берілуі мүмкін», - деп ғылыми стильдің маңызды қызметіне тоқталады.

Филология ғылымдарының докторы С. Әлісжан «Ұғымдық-логикалық түрде теориялық ойлауды жүзеге асыратын ғылыми стиль үшін объективтілік (шынайылық), үзілді-кесілді еместік, яғни баға берудегі байсалдылық пен бірізділік, жалпыламалық (ықшамдылық), ерекше логикалық, дәлелдемелік, дәлдік пен анықтық тән, осындай-ақ адресатқа коммуникативтік бағыттаудың көрінісі, яғни баяндаудың диалогтігі тән болып келеді» десе, зерттеуші Ф. Исенова ғылыми стиль, академиялық мәтіннің тілі, академиялық мәтіннің құрылымы сияқты мәселелерді қарастырады. Ол: «Ғылыми стильде баяндаудың монологтік сипаты болу керек және тілдік құралдар сұрыпталып, нормаланған тіл қолдануы керек», - деп тұжырым жасайды.

Ғалымдар А.Баяхметова, М. Дусенбина ғылыми стильді төмендегідей сипаттайды:

1) ғылым – қоғамдық өмірдің бір бөлігі ретінде; оған нақты зерттеу түрлері, ағартушылық қызмет, оқытушылық қызмет, ғылыми жарияланым;

2) дайындық деңгейі. Ғылыми мәтін белгілі тәртіпке бағытталып құрастырылғанымен, әрқашан пікірталасқа ашық және аяқталмаған;

3) шектеулердің болуы. Әр ғылым саласының өзіндік метатілі болады. Ғылыми жаңалықтардың негізінде жаңа терминдер, формулалар және логикалық тұжырымдар пайда болады;

4) ғылыми тілдің басым формасы – жазылым;

5) сипаттау формасы – көбінесе ырықсыз етіс қолданылып, үшінші жақта қолданылады.

Кейбір зерттеушілер, мысалы, Ш.Жармаханов ғылыми стильді «ғылыми-педагогикалық стиль» деп атай отырып, ол жанрдағы еңбектерде сөздер тура мағынасында қолданылып, мазмұны, ғылыми нысаны мен тақырыбы белгілі бір ғылым саласына қатысты терминдер арқылы түсіндіріледі деген тұжырым қалыптастырады.

«Ғылым тілі» дегенді зерттеушілер жалпы әдеби тілдің атқаратын әлеуметтік-қоғамдық қызметінің үлкен бір саласы деп түсінеді. Сондықтан ғылыми стильдің тілі жинақы, стилі «қатаң», сөздері, сөз тіркестері, сөйлем құрылысы дәлме-дәл болуға тиіс.

Белгілі ғалым А.Жұмағұлованың пайымдауынша: «Тіл біліміндегі бес стильдің (ғылыми, әдеби, публицистикалық, ауызекі, ресми ісқағаздар стилі) ішінде академиялық жазылым ғылыми стиль арқылы іске асырылады».

Ғылыми стильдің белгілері:

- құрамы кітаби-жазба стиль негізінде қалыптасады;
- сөз нақты өз мағынасында қолданылады;
- көп мағыналы сөздер, образды сөздер аз кездеседі;
- ғылым саласының ерекшелігіне байланысты термин сөздер,
- интернационалдық терминдер көп қолданылады;
- нақты зат есімдер жалпылама мағынада қолданылады;
- күрделі сөздер, қысқарған сөздер және символ-белгілер кездеседі;
- неологизм сөздері жиі кездеседі.

Ғылыми стиль мен академиялық жазылымның арасында өте көп үндестік бар және академиялық жазылым ғылыми стиль негізінде іргетасын қалады деуге толық негіз бар.

Академиялық жазылымның зерттелуімен айналысып жүрген ғалым Еділбай Оспанов академиялық жазылымда жазылған мәтіннің негізгі ерекшеліктері төмендегідей болуы керек деп қарастырады.

7-кесте. Академиялық мәтіннің негізгі ерекшеліктері

Белгілері	Ерекшеліктері
Күрделі	Күрделі сөйлемдер мен сөз тіркестері және лексикалық мағыналары терең сөздер кеңінен қолданылады.

Формалды	Қысқарған сөздер, диалект, жаргон сияқты ауызекі сөйлеу барысында қолданылатын сөздер қолданылмайды.
Нақты	Ақпарат нақты, дәлелденген болуы тиіс.
Объективті	Жұмыста тек ғылыми негіздерге ғана сүйене отырып, тұжырым жасалуы тиіс.
Шектеулі	Тек тақырыпқа байланысты мәселе қамтылуы тиіс.

Олай болса, академиялық мәтіннің талаптары ғылыми стиль талаптарына сәйкес келеді, демек, академиялық жазылымның негізін қалауда ғылыми стильдің талаптары басшылыққа алынуы да заңды. Ғылыми стильге қойылатын басты талап – логикалық тұрғыдан жүйелі жазылуы.

Филология ғылымдарының докторы С.Әлісжан ғылыми стильді таза ғылыми стиль, шағын стиль, оқулық-ғылыми шағын стиль және көпшілікке арналған шағын ғылыми стиль деп топтастырып, ғылыми мәтіндерді әртүрлі белгілері бойынша жіктейді. Автор мәтін жіктеуде басымдық танытатын үш негізгі белгілерді атайды, олар:

- шығарманың көлемі;
- мәтінді баяндау типтері;
- мәтіннің кімге арналғандығы.

Ғалым М.Қанабекова ғылыми стильдің шағын үш түрі айқындалып қалыптасқан деген тұжырым жасай отырып, оларды төмедегідей саралайды:

- таза ғылыми шағын стилі (белгілі бір ғылым саласының мамандарына арналған);
- ғылыми-көпшілік шағын стилі « қалың көпшілікті ғылым саласындағы жаңалықтар мен жетістіктер туралы хабардар ету);
- ғылыми-оқулық шағын стилі (нақты бір ғылымның теориялық негіздерін игерту, ғылыми түсінік қалыптастыру).

Зерттеушілер ғылыми стильдің қазіргі жанрлық түрлерін төмендегіше саралап көрсетеді:

- академиялық (таза ғылыми) мәтіндер: монография, мақала, диссертация, тезис, ғылыми есеп, баяндама, хабарлама, жарыссөз;
- ақпараттық-ресми мәтіндер: реферат, түйіндеме, аннотация;
- анықтамалық-энциклопедиялық ғылыми мәтіндер: энциклопедия, анықтамалық, сөздіктер;
- ғылыми-бағалауыштық мәтіндер: рецензия, пікір, сараптама қорытындысы;
- ғылыми-оқу мәтіндері: оқулық, оқу құралдары, дәріс;
- ғылыми-нұсқаулық мәтіндер: нұсқаулық, әдістемелік құралдар, бағдарлама, ұсыныстар;
- ғылыми-іскерлік мәтіндер а) ғылыми және техникалық құжаттар: авторлық куәлік, стандарт, техникалық талаптар; ә) басқару мәтіндері: акт, ұсыным, келісім, жоба, қаулы, шешім, жоспарлық құжат, есеп.

Жазба стильдің басқа түрлері сияқты ғылыми стиль де жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ тілдік тәсілдерді пайдалануда өзіндік ерекшеліктері бар. Ғылыми стиль өз ішінде шағын стильдерге бөлінеді.

А.Жұмағұлованың пайымдауынша, бұл мәселе орыс тіл білімінде былай қарастырылады: « ... в научном стиле можно отнести следующие виды текстов:

– академическое (собственно-научные) тексты, представленные следующими жанрами: монография, статья, тезисы, диссертация, научно-технические отчеты, научные сообщения, доклады;

– информационно-реферативные жанры: реферат, аннотация;

– справочно-энциклопедические жанры: энциклопедия, словарь, справочник;

– научно-оценочные жанры: рецензия, отзыв, экспертное заключение, полемическое выступление;

– научно-учебные жанры: учебник, учебные пособия, лекции;

– научно-инструктивные жанры: инструкции, руководство, памятки, рекомендации;

– научно-деловые жанры: патент, авторское свидетельство, описание изобретения, заявка, акт, постановление, решение, отчет». Ал қазақ тілінде ғылыми стиль шартты түрде былай бөлінеді: таза ғылыми стиль, ғылыми-оқулық стиль, ғылыми-көпшілік стиль.

Академиялық жазылым ғылыми-көпшілік стилінде жазылады. Ал таза ғылыми стиль немесе ғылыми-оқулық стилі нақты бір ғылым саласына бағытталып, тек қана сол саланың маманына ғана түсінікті тілде жазылуы мүмкін.

Ғылыми стильдің жүйесі, ондағы сөйлем құрылымы, баяндау жүйесі күрделі болып келеді. Мұндағы басты ерекшеліктер – анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделуінде.

Академиялық жазылымның мақсаты – ғылыми стильде жазылым әрекетіне дағдыландыру. Демек, ғылыми мақала, зерттеу жұмыстарына үйретеді. Ғылыми жазылымды, яғни ғылыми стильді меңгеру үшін академиялық жазылымды меңгеру қажет.

Зерттеушілердің ғылыми стильге берген сипаттамаларынан академиялық жазылым ғылыми стильге негізделіп жазылады, оның дәлелін кестеден көре аламыз.

8-кесте. Ғылыми стиль және академиялық жазылым

Ғылыми стиль мен академиялық жазылымның жанрлары	
Ғылыми стиль	Академиялық жазылым
Ғылыми стильге белгілі бір ғылым саласына арналған ғылыми мақала, ғылыми очерк, жазба, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал, ғылыми-техникалық ақпаратты әдебиеттер, өндірістік-техникалық әдебиеттер, баяндама, пікір, тезис, реферат, оқулық, ғылыми баяндама, диссертациялар мен монографиялар, т.б.	Академиялық жазылым – эссе, курстық жұмыс, диплом жұмысы, ғылыми мақалалар, мақала андатпасы мен монографиялар, жоба, конспект, реферат сияқты ғылыми мәтін жазудың әдіснамасы.
Ғылыми стиль мен академиялық жазылымның лексикасындағы ерекшеліктер	
Ғылыми стиль	Академиялық жазылым

–сөз нақты, өз мағынасында қолданылады; –көп мағыналы сөздер, образды сөздер аз кездеседі; –ғылым саласының ерекшеліктеріне байланысты термин сөздер, интернационалдық терминдер көп қолданылады; –күрделі сөздер, қысқарған сөздер және символ-белгілер кездеседі; –нақты зат есімдер жалпылама мағынада қолданылады; –неологизм сөздер жиі кездеседі; –экспрессивтіліктен, эмоционалдықтаң ада болады.	–формалды, қысқарған сөздер, диалект, жаргон сөздері сияқты ауызекі сөйлеу барысында қолданылатын сөздер қолданылмайды; –нақты – ақпарат нақты, дәлелденген болуы тиіс; –объективті – жұмыста тек ғылыми негіздерге ғана сүйене отырып тұжырым жасалуы тиіс; –шектеулі – тек тақырыпқа байланысты мәселе қамтылуы тиіс.
Ғылыми стиль мен академиялық жазылымның талаптары	
Ғылыми стиль	Академиялық жазылым
–күрделі ой логикалық жүйелі баяндалады; –ой анықтама, формула, дәлелдеме негізделеді; –ғылым саласының өзгешелігіне байланысты баяндау тәсілі де әртүрлі болады; –термин сөздер қолданылады, демек, тек зерттеу тақырыбын қамтитын лексика қолданылып, адресантқа түсінікті тілде болады; –зерттеу нысаны болады. Ол ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді.	–күрделі – күрделі сөйлемдер мен сөз тіркестері және лексикалық мағыналады терең сөздер кеңінен қолданылады; –зерттеу тақырыбының болуы; –плагиат ережесі сақталуы тиіс. Ғылыми мәліметтер қолданылады; –ғылым саласына қарай термин сөздер қолданылады.

Басқа функционалдық стильдер сияқты ғылыми тіл тілдің ортақ лексикасын қолданады, ортақ грамматикалық заңдылықтарға бағынады, бірақ өзіне тән ерекшеліктері, өзіндік жүйесі мен құрылымы бар. Бүгінгі күні ғылыми стиль ұлттық әдеби тілдің қалыптасып тұрақтанған бір түрі болып табылады.

Ғылыми стильдің лексикасын алып қарағанда, басқа функционалдық стильдің өзіне тән белгілерін салыстыру арқылы оларға қатысты лексикалық нормалар межесін анықтау қажеттігі туындайды. Лексика саласындағы тілдік нормаларды зерттеушілер «үш салаға бөліп қарау керек» деген пікірді тілге тиек етіп жүр. Оның ең бастысы жалпы жазба әдеби тілдік сөз нормалары болып табылады, осы тұрғыдан келгенде, ғылыми мәтіндерде лексикалық норманың өзіндік дербестігін танытатын стильдік ерекшелігімен өзгешеленетін стилистикалық нормаларын таңдап, толықтыру керек болады. Ғылыми стильде ғылыми терминдердің мол қолданылатындығы, сөйлемнің анық, түсінікті болуы ғылыми жазбалардың стильдік белгілері болса, мұнда да жалпы тілдің ортақ нормаларымен қатар ғылыми стильдің стилистикалық нормалары тұрақтанады. Стилистикалық норма ғылыми стильдің стилистикалық категорияларынан түзіледі. Ғылыми стильге тән ең басты ерекшелік – ғылымның белгілі бір саласына қатысты арнаулы терминдер мен атаулардың кең қолданылуы.

Академиялық жазылымның дамуына ісқағаздар стилінің де әсері болды. Ресми ісқағаздар стилінде факт дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазылады. Өйткені іс қағаздары да, ресми құжаттар да ерекше қатынас жасау құралы болып саналады.

Ісқағаздар тілі – заңды және жеке тұлғалардың құқықтық қарым-қатынасын реттеу құралы. Тілдік қатынас құралының бұл түрі де халықтың күнделікті өмірінің қажеттілігін орындау мақсатында туындап, өз алдына бөлек жүйе болып саналады. Ісқағаздар стиліне әртүрлі мекемелерде жазылатын жазу үлгілері жатады және олар белгілі бір формада даярланады. Ісқағаздардың үлгілеріне сенімхат, қолхат, өтініш, мінездеме, хабарландыру, қатынас қағазы, хаттама, шақыру билеті, мінездеме, есеп, бұйрық жатады. Олардың бірыңғай қолданылатын сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Кез келген ісқағаздың түрі белгіленген үлгі бойынша жазылады.

Ғалымдар Б. Әбілқасымов пен Ш. Мажитаева «Қазақ әдеби тілінің тарихы (ХҮ – ХХ ғғ.)» атты еңбегінде қазақ ресми ісқағаздарының тілдік қоры екі түрлі арнадан толыққанын айта келіп: «Біріншісі – көне дәуірден бері үзілмей келе жатқан хан жарлықтары және басқа да ресми құжат үлгілері, екіншісі – қазақ жерінің Ресейдің қол астына кіру саясатына байланысты, қазақ тіліне аударылып таралған орыс әкімшілігінің бұйрықтары», – деген пікір білдірген.

Қоғам дамуына орай, іскерлік пен ресми қарым-қатынас мәдениеті де өрістеуде. Ресми ісқағаздар тілі белгілі бір стандарт, арнайы бір қалыпта ғана қолданылатын сияқты болғанымен, ол қазақ тілінің табиғи заңдылықтары мен лексика-грамматикалық жүйесінен тыс тұрмайтыны – шындық. Ресми тілдің кеңсе ісқағаздары сияқты түрлері де, заң құжаттары да, арнаулы бланкілерде толтырылатындары да қазақ тілінің тілдік жүйесін, лексика-грамматикалық, орфографиялық нормаларын жетік меңгеруді қажет етеді.

Ресми құжаттардың тіліне қойылатын талаптардың тағы бір легі экстралингвистикалық факторларға байланысты: біріншіден, кеңсе ісқағаздары да, заң құжаттары да логикалық шындыққа сай жазылып, екіұдай пікір тудырмайтындай болуы керек; екіншіден, орыс және қазақ тілдерінде жасалған ресми құжаттар нұсқаларының арасында мағыналық-мазмұндық және стильдік алшақтық болмауға тиіс. Ал бұл аталғандар құжаттарды әзірлейтін, жүргізетін, жазатын маманның кәсіби біліктілігін талап етеді. Енді құқықтық қарым-қатынас пен әкімшілік саласында қолданылатын стиль түріне байланысты төмендегі кестемен танысып өтейік.

9-кесте. Құқықтық қарым-қатынас пен әкімшілік саласында қолданылатын стиль түрі

Қолданылатын орны	Қарым-қатынас мақсаты	Тілдік амал-тәсілдері	Стильдік сипаттары
Мемлекеттік және жеке іс жүргізу мен заң аясындағы құжаттар, нұсқау хаттар	Хабарлау, нақты мәліметтер беру	Кітаби реңктегі сөздер мен терминдер, даяр тіркестер, баяндау, бұйыру мен жаттығу мазмұнындағы хабарлы сөйлемдер	Ресмилік, дәлдік, нақтылық

Мысалы, әкімшілік сотының шешімі	Мектеп жанындағы ғимарат туралы	Мектеп жанындағы ғимарат сот шешімімен спорт залы ретінде пайдалану мақсатында мектеп иелігіне берілсін. Сот шешімі кесімді мерзімде іске асырылсын.	Ғимаратқа қатысты сот шешімінің нақтылығы
Мысалы, мектеп білім алушылары ұжымы мәжілісінің шешімі	«Қазақстан – менің Отаным» апталығын өткізу туралы	Апталыққа жауапты ұйымдастыру комитеті төмендегі құрамда бекітілсін: а) Комиссия төрағасы – Б.Темір; ә) Комиссия мүшесі – С. Ермек.	Іс-әрекеттің дәлдігі мен нақтылығы

Ісқағаздары өткен шақ формасында, айқындап тұратын сөздер ықшам түрде қолданылады. Ресми стиль баяндаушы тұжырымды да нақты түрде ырықсыз етіс болып келеді. Мысалы: «Мәдени шараға жауапты болып ересектер тобы өкілдері, оныншы сыныптар болып бекітілді».

Ісқағаздарымен айналысатын адам жоғарыда аталған талаптармен бірге заманауи технологияны жетік меңгерген болуы шарт.

Академиялық жазылым – ғылыми негізделген, құрылымы нақты, дәлелдерге сүйенетін жазба мәтін құрастыру үдерісі. Ол білім алушының зерттеу жүргізу, ойды дәл жеткізу және ғылыми ортада пікір алмасу қабілетін дамытады. Академиялық жазылымда стильдік дәлдік, терминдерді орынды қолдану және тілдік құралдарды тану – мәтіннің сапасы мен ғылыми құндылығын айқындайтын негізгі көрсеткіштер болып табылады.

Зерттеушілер бұл талаптардың маңызын әр қырынан негіздейді. Мысалы, ғалым Р.Сыздық: «Академиялық мәтінде стильдік дәлдік мазмұн мен форма үйлесімі арқылы жүзеге асады», – деп пікір білдірсе, ғалым Е. Оспанов «Академиялық жазылым негіздері» атты еңбегінде: «Ғылыми мәтіннің басты ерекшелігі – ойды дәл, анық, жүйелі баяндау», – дейді. Ал ғалым А.Жұмағұлова терминдерді қолдану мәдениетінде бір ұғымға – бір ұстану қажеттігін дәлелдеген, бұл академиялық мәтіндегі терминологиялық бірізділіктің негізі болып саналады.

10-кесте. Стильдік дәлдік

Көрсеткіш	Ғылыми стиль	Ресми ісқағаздар стилі
Мақсаты	Ғылыми ақпаратты дәл, нақты, логикалық жүйемен жеткізу	Құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық мазмұнды ресми түрде жеткізу
Дәлдәк талабы	Деректер мен дәйектерге негізделу, субъективті пікірден аулақ болу.	Мазмұнның айқын, екіұшты тудырмайтындай болуы.
Мысал	«Бұл зерттеу нәтижесінде өсімдіктің өсу қарқыны температураға тікелей тәуелді екені анықталды».	«Аталған бұйрық 2025 жылдың 10 тамыз күні күшіне енеді».

Терминдерді қолдану мәселесі де зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Ғалым Е.Оспанов: «Ғылыми терминологияны қалыптастыруда әрбір

термин бір ұғымды ғана білдіруі керек, оның мағынасы тұрақты болуы қажет», – деп жазады. Бұл қағида ғылыми және ресми мәтіндерде терминдердің көп мағыналылыққа жол бермеуінің маңызын көрсетеді.

11-кесте. Терминдерді қолдану

Көрсеткіш	Ғылыми стиль	Ресми ісқағаздар стилі
Термин сипаты	Ғылым саласына тән кәсіби терминдер, халықаралық атаулар	Құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық терминдер
Қолдану ерекшелігі	Терминді алғаш қолданғанда, анықтама беру (егер аудиторияға беймәлім болса)	Терминдер заңнама мен нормативтік актілерде бекітілген нұсқада қолданылады.
Мысал	«Синтаксистік құрылым – сөйлем құрылымындағы мағыналық тұтастық».	«Лауазымды тұлға – мемлекеттік органда қызметтік өкілеттігі бар қызметкер».

Ал тілдік құралдарды тану мен оларды мақсатқа сай қолдану мәселесінде ғалым Ә.Ыбырайымның «Стилистика және редакциялау» еңбегінде лексикалық, грамматикалық және стилистикалық амалдардың мәтіннің прагматикалық әсеріне ықпалы жан-жақты қарастырылған. Ғалым: «Ғылыми және ресми стильдерде бейнелі тілдік құралдардан гөрі логикалық байланыс көрсеткіштері мен стандартталған сөз орамдары басым», – деп ойын түйіндейді.

12-кесте. Тілдік құралдарды тану

Көрсеткіш	Ғылыми стиль	Ресми ісқағаздар стилі
Лексика	Нейтрал сөздер, арнайы терминдер, клише (нәтижесінде, зерттеу барысында ...)	Қатаң қалыптасқан клише (осы арқылы бұйырамын, аталған мәселеге байланысты...)
Грамматика	Салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер, етістіктің ауыспалы келер шақ түрі, ырықсыз етіс	Қарапайым немесе күрделі сөйлемдер, көбіне етістіктің бұйрық райы
Стилистикалық құралдар	Бейнелі сөздер аз, логикалық байланыс көрсеткіштері көп.	Бейнелілік мүлдем жоқ, тек нақтылау мен стандарттылық басым.
Мысал	«Алынған деректер кесте 2-де көрсетілген».	«Құжат қоса тіркелген тізім бойынша қабылданды».

Мақала – белгілі бір тақырыпты ғылыми, публицистикалық немесе ақпараттық тұрғыда талдап, автордың көзқарасын, пікірін және дәлелдерін жүйелі түрде жеткізетін жазба мәтін түрі. Ол мынадай ерекшеліктермен сипатталады:

13-кесте. Мақаланың ерекшеліктерінің сипаттамасы

Мақсаты	Құрылымы	Түрлері	Тілдік сипаты
Оқырманға белгілі бір мәселе жайлы түсінік	Кіріспе – тақырыпты таныстырады, мәселені қояды.	Ғылыми мақала – зерттеу нәтижелерін, теориялық талдаулар	Ғылыми терминдер, дәлелді деректер

беру, ғылыми ой-пікір білдіру немесе талдау жасау.	Негізгі бөлім – деректер, дәлелдер, талдаулар.	ды ұсынады.	Әсерлі сөздер, риторикалық сұрақтар
	Қорытынды – негізгі ойды түйіндеп, авторлық пікір немесе ұсыныс жазылады.	Ақпараттық мақала – нақты жаңалық немесе дерек береді, талдаудан гөрі хабарлама сипатында болады.	Қысқа, нақты сөйлемдер.

Белгілі ғалымдар Р.Сыздық, Т.Қордабаевтың пікірінше, мақала – тек ақпарат беру құралы ғана емес, сонымен бірге, оқырман санасын дамытуға, белгілі құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететін жанр.

Академиялық жазудың басты мақсаттарының бірі – ғылыми мақала жазуға баулу. Ғылыми мақала жазу – оңай емес, ол өзіне жазуға дейінгі ойлау элементтерін қосатын, тілден тыс жатқан логикалық құбылыстармен де байланысы бар күрделі үдеріс. Ғылыми мақала жазуды санада белгілі бір тақырып жайында ойды қорытуға қабілеті бар жеке тұлға ғана іске асыра алады.


Ғылыми мақалалардың көпшілігі стандартты IMRAD форматына сәйкес дайындалады. Шетелдік зерттеуші Eloisa Martin: «Кей жағдайда бөлімдер басқа атаулармен ұсынылуы немесе толықтырылуы мүмкін, мысалы, «материалдар және әдістер» орнына «теория», нәтижелерді біріктіруді және талқылауды бір бөлімге біріктіруді және талқылау бөлімінің соңғы бөлігі ретінде қорытынды бөлімін қамтуы мүмкін. Соңғы кезде мақаланың негізгі аспектілерін ғана атап, барлық қосымша немесе «онша маңызды емес» аспектілерді «қосымша материалдар» ретінде журнал сайтына орналастыру үрдісі байқалады. Шолу мақалаларында нәтижелер мен талқылау бөлімі қарастырылмайды және олар әдетте IMRAD тақырыптарының орнына басқа тақырыптарды қолданады» дей келе, IMRAD термині ағылшын сөздерінің бірінші әріптерінен жасалған: Improduction (кіріспе), Materials and Methods (материалдар мен әдістер), Rezult (нәтижелер) және Discussion (талқылау). Бұл ғылыми мақалаларға, соның ішінде Scopus Web of Science журналдарына арналған ең көп тараған дизайн стилі деп тұжырым білдіреді.

14-кесте. IMRAD форматындағы ғылыми мақаланың негізгі бөлімдерінің жазылу моделі

Бөлім	Мақсаты
Атауы	Мақала, қысқаша мазмұны (көтерілетін мәселе)
Авторлар	Авторлардың аты-жөні, жұмыс орны
Кілттік сөздер	Тақырыпта көрсетілмеген, бірақ мақаланың мазмұнын ашуда маңызды сөздер
Аннотация	Мақаланың дербес, қысқаша сипаттамасы

Материалдар және әдіс-тәсілдер	Зерттеу қалай жүргізілді?
Дереккөздерге шолу, статистикалық анализ	Зерттеудің теориялық негізін негіздеу мақсатында қолданылған әдебиеттің сараптамасы. Деректердің анық, толық, объективті түрде берілуі.
Нәтижелер	Қандай нәтижеге жеттіңіз? Оның маңызы не? Нәтижелердің интерпретациясы және талқыланған мәселелердің сипатталуы
Талқылау	Қол жеткен нәтижелердің маңызы, құндылығы
Тұжырымдар	Мүмкін болатын сөздер
Алғыс білдіру	Мақала жазу барысында көмек көрсеткендер, қаржылай көмек көрсеткен ұйым
Дереккөздер	Сілтемелер жасалған мақалаларға берілген ақпарат
Қосымшалар	Қосымша материалдар

Филология ғылымдарының докторы С.Әлісжан: «Ғылыми мақала жазу тек сауатты жаза білумен шектелмейді, ең әуелі ойлау дағдысын, сондай-ақ жазу барысындағы біліктілікті игеруден көрінеді және жазудан кейінгі атқарылатын жұмыстарды да жетік меңгеру қажет. Осы талаптарды орындағанда ғана ғылыми мақала жазуды ұйымдастырудың басты тетіктері мейлінше кең көрініс таппақ, үйрету әдістемесі де неғұрлым толыққанды болмақ», – деп ой тұжырымдайды. Ғалымның пайымдауынша, ғылыми мақала жазудың басты әдістерін үш мәселе төңірегінде қарастыруға болады. Сол үш нәрсе бойынша қажетті дағдыларды білім алушыларда қалыптастыра алсақ, ғылыми мақала жазу барысында ілгерілеушілікке ие бола алады. Олар:



6-сурет. Ғылыми мақала жазуға қажетті дағдылар

Жазуға дейінгі дағдылар ойлау, есте сақтау, тақырыпты логикалық бөліктерге ажырата алу және ауызша жеткізе білу тәрізді әрекеттермен байланысты. Сондықтан практикалық бағытта орындалатын тапсырмалар осы мәселелердің айналасында іске асуы тиіс, солар бойынша дағдылар қалыптастыруды көздейді. Жазылымның сөйлеу әрекеттерінің басқа түрлеріне қарағанда (сөйлесім, оқылым, тыңдалым), әлдеқайда күрделі және содан кейін осы әрекеттердің негізінде жүзеге асатынын ескерсек, аталған дағдыны білім алушылардың бойында қалыптастыру аса маңызды болып табылады. Бұл дағды – нақты жазуға апарар жол болмақ, осы жолда шындалмаған үйренуші жазу барысында кейбір қателіктерге ұрынуы әбден мүмкін.

Жазу кезіндегі дағдылар жазбаша ғылыми қарым-қатынас барысында қолданылатын әртүрлі мағыналылық құрылымдарды үйретуге арналады.

Құрылымдық-мағыналық топтарды функционалдық аспектіні негізге ала отырып, деңгей бойынша және негізгі, аралық, шеткері аймақтарда қолданылатын тілдік құралдарды ажыратып оқытқан дұрыс. Сонымен бірге, ғылыми және ғылыми-көпшілік мәтіннің баяндалу типтерін де назардан тыс қалдырмаған дұрыс. Өйткені тәжірибе барысында таза ғылыми мәтіндермен қатар ғылыми-әдеби (көркем), ғылыми-публицистикалық, ғылыми-құжаттық мәтіндердің кездесіп отыруы заңды, осы орайда біздің міндетіміз – осылардың барлығына ортақ, оқыту өлшемдеріне лайық, типтік мәтіндерді дұрыс іріктей алуымызда. Бұған қоса, әрбір тілдің ерекшелігі болатыны тәрізді, қазақ тілінің де ұлттық ойлау жүйесіне тән ерекшеліктердің тілдегі көріністерін және мұның ғылыми-көпшілік мәтіндерге де тән болып келетіндігін ескереміз.

Ғылыми-көпшілік мәтіндердегі баяндау типтері: сипаттау, хабарлау, талқылау болып келетіні белгілі, сондықтан олардың мазмұндық және тілдік ерекшелігін білім алушы өзінің санасына сіңіру керек, белгілі бір дәрежеде білім болуы шарт. Мағыналық қатынастар қазақ тілінде көп:

- бағалауыштық;
- себеп-салдарлық;
- салыстыру;
- дәлелдеу;
- сілтеме;
- түсіндіру;
- қорытындылау.

Осы аталған мағыналық қатынастардың ішіндегі себеп-салдарлық қатынас жайында толығырақ тоқталып өтсек.

Себеп-салдарлық қатынас – ғылым, ғылыми-көпшілік тілде қолданылатын негізгі мағыналардың бірі. Олай болатын себебі ғылымда себепсіз ешнәрсе жасалмайды, ешқандай салдар болмайды. Себеп-салдарлық қатынас себеп пен салдардың ара жігі айқын көрінетін құрмалас сөйлемдер арқылы ғана емес, жай сөйлемдердің де мағынасынан нақты көрініп тұрады.

Мысалы: «Өсімдіктерде күрделі химиялық реакциялар болады» деген сөйлемді алайық. Сөйлемде салдар берілген, ал оның себебін мамандар жақсы біледі: Күн энергиясының әсерінен өсімдіктерде күрделі химиялық реакциялар болады. Осы орайда, себеп зат сапасынан, қасиетінен туындайтын қорытынды себеп ретінде танылады.

Тапсырма үлгісі:

1.Берілген сөйлемдерде салдары берілген, себебін өзіңіз жазып көріңіз

Күн мен түннің алмасуы болады,

..... тірі организмде ауру пайда болды.

..... дене өзінің формасын өзгертеді.

Өнім шығару ұлғайды,

Техника адам баласын билеп алды,

2.Себептіліктің қандай салдарға әкелетінін жалғастырып жазыңыз

Ғылым мен бизнестің берік байланысы нәтижесінде

Біз ата-аналарға жазалаудан мүмкіндігінше жазалаудан аулақ болуды ұсынамыз

Білім ошақтарындағы дұрыс оқытудың нәтижесіне байланысты

Бесіктегі баланың денесі құрғақ болғандықтан,

Алғашқы көшірме аппараттары кең қолданысқа ие бола алмады,

Ғылыми-көпшілік мақала жазу барысында осындай құрылымдарды пайдаланбау мүмкін емес, сондықтан олардың әрқайсысын жазу барысында тыңғылықты үйрену қажет.

Жазу кезінде үйренуге тиіс мәселелердің бірі – ғылыми және ғылыми-көпшілік жұмыстардың құрылымы. Барлығымызға белгілі ғылыми бағытта жазылатын жұмыстар кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыдан тұрады, алайда бір қарағанда, белгілі болып көрінетін осы жайт нақты тәжірибе барысында едәуір қиындықтар туғызып жатады. Білім алушы аталған құрылымдық бөліктердің тілдік, мазмұндық ерекшеліктерін білмейді, сондықтан жазған жұмыс өзінің коммуникативтік мақсат-міндетін дұрыс орындамайды.

Редакторлық жұмыстар, өз жұмысына басқаның көзімен қарай білу, жазба жұмыста кездесетін стилистикалық-функционалдық белгілерді нақты айқындау дағдылары – жазудан кейінгі дағдылар. Бұл кезеңдегі жұмыстар негізінен дайын мәтіндермен жүргізіледі. Білім алушы дайын мәтіндерді функционалдық және коммуникативтік белгілеріне қарай ажырата білу керек. Бұл дағды әртүрлі редакторлық немесе стилистикалық өңдеулер негізінде дамытылады.

Аталған жұмыстар – білім алушының лингвистикалық сауаттылығын танытатын маңызды тұстардың бірі. Сауатты жазуды үйрету, баулу жолдарын жетілдіру – академиялық жазылымның басты міндеттерінің бірі.

Ғылыми мақалаға арналған аңдатпа жазу ережелері:

– Ғылыми мақаланың аңдатпасы үш тілде жазылады. Егер жұмыс қазақ тілінде жазылса, онда оған міндетті түрде орыс және ағылшын тілінде аңдатпа жазасыз. Ал орыс тілінде жазылса, онда қазақша және ағылшынша аңдатпа бересіз. Ғылыми мақала беретін журналдың ережесін оқыңыз, егер қазақша мақалаға қазақша аңдатпа жазу міндетті болса, онда оны тақырыптан кейін, кілт сөздерге дейін қоясыз.

– Аңдатпа көлемі жүз сөзден тұрады. Ғылыми мақаланың көлемі шағын болады. Мақалаңызды беретін журналдың талабына сай (7-8 сөйлем) немесе сөзбен (100 сөз) не белгі (500 белгі) санымен берілуі мүмкін.

– Аңдатпа тақырыптан кейін орналасады. Оның орналасуы ғылыми журналдың ережесіне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ көп жағдайда аңдатпа тақырыптан кейін, мақала мәтініне дейін орналасады.

– Аңдатпаның құрамындағы баяндауыштар етістіктің келер шағында, ырықсыз етістің және пассив формада жазылады. Мысалы: талданады, болжау айтылады, кірістіріледі деп қорытындылайды, анықталады, бекітіледі, мысалдар беріледі, атап өтеді, нәтижелер баяндалады, атап көрсетіледі, қолданылады, зерттеледі, т.б.

– Аңдатпа мазмұны тақырыптың қысқаша сипаттамасын қамтиды. Мұнда тақырыптың өзектілігі мен жаңалығын, зерттеу пәні мен нысанының

сипаттамасын, оның мақсаты мен оған жетудегі автордың нәтижелерін қысқаша баяндайсыз.

Автор ойы (пікірі) – жазба жұмысындағы автордың жеке көзқарасы, өз пікірінің берілуі. Академиялық жазылым барысында автор ойы дәлелдер мен дәйектерге негізделеді.

Академиялық жазылымда пікір білдіру және дәлелдеу дағдылары – ғылыми дискурстың негізгі компоненттердің бірі. Бұл туралы американдық зерттеуші Джон Суэйлс «Академическое письмо для аспирантов» атты еңбегінде ғылыми мәтіндегі автор ұстанымының айқын көрініс табуы зерттеу жұмысының сенімділігі мен құндылығын арттыратынын атап өтті. Пікір білдіру автордың жеке көзқарасын көрсетсе, дәлелдеу сол көзқарастың ғылыми негізін қалыптастырады.

Авторлық ұстанымды білдіру ұғымын қазақстандық ғалым Е.Оспанов «Академиялық жазу негіздері» атты еңбегінде: «Жазылым үдерісінде автордың дербес танымдық позициясын көрсету, ғылыми мәселеге өзіндік тұрғыдан жауап беру қабілеті», – деп сипаттайды. Мұндай ұстанымды нығайту үшін дәйек келтіру мен аргументтерді құрастыру дағдылары қолданылады. Аргументтердің сенімділігі туралы британдық философ С. Тулминнің модельдік теориясында кез келген дәлел, факт, уәж және кепілдемемен тұруы керектігі көрсетіледі.

Келіспеу дағдылары – академиялық пікірталас мәдениетінің ажырамас бөлігі. Ресейлік ғалым И.Короткина «Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарында академиялық жазылымды оқытудың практикалық және теориялық негіздері» атты еңбегінде: «Диалогтік көзқарасында кез келген мәтін басқа пікірлермен өзара байланыста өмір сүреді, сондықтан қарсы пікірмен ғылыми этика шеңберінде таласу жаңа білім қалыптастырудың бір жолы ретінде қарастыруға болады», – деп тұжырым жасайды. Бұл ұстанымды қазақстандық ғалым С.Әлісжан да: «Білім алушыны пікірталасқа тарту оның сыни ойлау қабілетін дамытады және дәлелдемелерін нақтылауға үйретеді», – деп өз пікірін білдіреді.

Ал салыстыру әдісі туралы академиялық жазылым мәселелерін өзінің зерттеулеріне арқау еткен ресейлік ғалым И.Минеева «Академиялық жазылымның теориясы және практикасы» атты мақаласында дәлелдерді тереңдету және баламалы көзқарасты бағалау құралы ретінде түсіндіреді. Салыстырудың ғылыми мәтіндегі рөлі туралы отандық ғалым Р.Сыздық салыстырмалы талдау деректердің объективтілігін арттырып, авторлық тұжырымның әмбебаптығын дәлелдейтінін жазады.

Осы аталған дағдылардың өзара байланысы ғылыми мәтіннің құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етеді, автордың ойлау мәдениетін көрсетеді және жазылымдағы сенімділікті арттырады. Бұл бағытта пікір білдіру, дәлелдеу, авторлық ұстаным, дәйек келтіру, аргумент құрастыру, келіспеу және салыстыру бір-бірін толықтыра отырып, зерттеудің ғылыми деңгейін көтереді.

Аудиторияны түсіну дағдысы академиялық жазылым мен ғылыми стильде – автордың мәтінді нақты мақсатты топқа бағыттап, мазмұнды сол аудиторияның білім деңгейіне, қызығушылығына және ақпараттық

қажеттіліктеріне сай құрастыра білу қабілеті. Бұл дағды ғылыми коммуникацияның тиімділігін арттырудың негізгі шарттарының бірі болып саналады.

Академиялық жазылым – білім мен ғылыми идеяларды құрылымды, дәйекті, дәлелді түрде жеткізуді мақсат ететін жазу түрі. Британдық ғалым Кен Хайлендтің пайымдауынша, академиялық мәтінді түсінікті әрі сенімді ету үшін автор аудиторияның фондық білімі, дисциплинарлық тәжірибесі, оқу мақсаты сияқты ерекшеліктерін ескеруі тиіс. Яғни, мәтіннің құрылымы, терминологиясы, дәлелдеу тәсілдері – бәрі аудиторияның ғылыми дайындық деңгейіне бейімделеді. Аудиторияны ескеру академиялық жазылымда:

- мақсат қою: мәтін не үшін жазылды және оқырманға қандай құндылық береді;
- дәлелдеу тәсілін таңдау: ғылыми фактілер, статистика, дереккөздер арқылы аргумент құру;
- тілдік регистр: күрделі ғылыми терминдерді қолданғанда, анықтама немесе мысал келтіру.

Ғылыми стиль – объективтілікке, нақтылыққа, дәлдікке және логикалық тұтастыққа негізделеді. Оны ресейлік ғалым И.Короткина «Академическое письмо: процесс, продукт и практика» атты еңбегінде ақпаратты қабылдау ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін тек мазмұн ғана емес, сонымен қатар, мәтіннің құрылымы мен тілдік құралдары да аудиторияға сәйкес болуы керектігін атап көрсетеді.

Ғылыми стильде аудиторияны ескеру:

- терминологиялық дәлдік: кәсіби ортаға – тар салалық терминдер, кең аудиторияға – қарапайым түсініктемелер;
- логикалық байланыстар: кіріспеде мақсатты, негізгі бөлімде дәлелді, қорытындыда жинақталған нәтижені беру;
- дереккөздерді рәсімдеу: аудиторияның ғылыми талаптарына сәйкес.

Отандық ғалым Е.Оспанов «Академиялық жазылым негіздері» атты еңбегінде аудиторияны түсіну – кез келген аргументацияның орталық элементі екенін айта келіп: «Мәтіннің әсері оқырманның құндылықтары мен сенімдеріне сәйкес болғанда ғана күшейеді», – деп ойын пайымдайды.

Аудиторияны түсіну дағдысы – академиялық жазылым мен ғылыми стильдің ажырамас бөлігі. Бұл дағды:

- мәтінді нақты мақсатқа бағыттайды;
- ақпаратты сенімді әрі қолжетімді етеді;
- ғылыми коммуникацияның тиімділігін арттырады.

Білім алушылар бұл дағдыны жазу тәжірибесі, түрлі жанрдағы мәтіндерді талдау, нақты аудиторияға бейімдеп қайта жазу сияқты әдістер арқылы дамыта алады.

Көрсеткіш	Академиялық жазылымда	Ғылыми стильде	Perelman Olbrechts – Tuteca риторикасы тұрғысынан
-----------	-----------------------	----------------	---

Мақсат	Білім мен идеяны аудиторияға құрылымды, дәйекті, дәлелді түрде жеткізу	Ғылыми деректерді объективті, нақты, логикалық негізде ұсыну	Аргументацияны аудиторияның құндылықтары мен сенімдеріне сәйкестендіру
Аудиторияны ескеру тәсілі	Оқырманның білім деңгейі, кәсіби тәжірибесі, қызығушылығы, мәтіннен күтілетін пайдасы	Ғылыми дайындық деңгейі, тақырыпқа қатыстылығы, деректерді қабылдау қабілеті	«Әмбебап аудитория» (барлық оқырманға түсінікті) және «арнайы аудитория» (тар мамандарға арналған) ұғымдарын ажырату
Тілдік құралдар	Терминдер мен күрделі құрылымдарды түсініктемен беру, академиялық регистрді сақтау	Терминологиялық дәлдік, бейтарап және ресми сөз қолданылады	Оқырман сенімін арттыратын, логикалық және этикалық тұрғыдан дәлелді сөз таңдау
Құрылым	Кіріспе - мақсат, негізгі бөлім – дәлелдер, қорытынды – нәтиже мен тұжырым	Проблема қою – зерттеу әдісі – нәтижелер – талдау – қорытынды	Аргументацияның логикалық жүйелілігі және дәлелдер ретін сақтау
Дәлелдеу тәсілдері	Дереккөздерге сілтеме, статистика, мысал, салыстыру	Ғылыми деректер, эксперимент нәтижелері, теориялық негіздеме	«Деректер – кепіл – моделі» бойынша сенімді аргумент құру
Мәтінді бейімдеу	Қажет болса, күрделі ұғымдарды қарапайым тілде түсіндіру	Кәсіби аудиторияға бейімделген нақты ғылыми баяндау	Аргументті оқырман тәжірибесіне және әлеуметтік контекстке сәйкестендіру

15-кесте. Аудиторияны түсіну дағдысының академиялық жазылым мен ғылыми стиль тұрғысынан салыстырмалы кестесі

Келесі маңызды мәселе – зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Бұл – ғылыми немесе академиялық мақсатта ақпаратты іздеу, талдау, бағалау және қолдану қабілеті. Академиялық жазылымда бұл дағдылар білім алушыға дәлелді, логикалық және сенімді мәтін жазуға мүмкіндік береді. Бұл дағдылар оқу, ғылыми жұмыс, кәсіби даму және күнделікті өмірде туындайтын мәселелерді шешуде үлкен маңызға ие.

Негізгі зерттеу дағдылары:

1. Ақпаратты іздеу - ғылыми дереккөздермен жұмыс істеу (монографиялар, мақалалар, мәліметтер базасы)
2. Ақпаратты бағалау - ақпараттың сенімділігін, авторитеттілігін анықтау
3. Талдау - алынған мәліметтерді сараптау, салыстыру, себеп-салдар байланысын орнату
4. Синтез - түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты біріктіру
5. Дәлелдеу - өз пікірін нақты деректермен, теориямен негіздеу
6. Дәйексөз келтіру және плагиаттан сақтану- академиялық этиканы сақтау
7. Теориялық негіздер.

16- кесте. Зерттеу дағдылары әртүрлі теориялық тәсілдерге негізделеді

Теория	Қысқаша мазмұны
Білімді конструктивизм (Constructivism)	Зерттеуші білімді белсенді түрде қалыптастырады; зерттеу барысында білім деңгейі тереңдей түседі.
Метатаным (Metacognition)	Білім алушы өз ойлау үрдісін бақылай отырып, зерттеу барысын тиімді ұйымдастырады.
Ақпараттық сауаттылық теориясы (Information Literacy)	Ақпаратты табу, бағалау және пайдалану қабілеті – академиялық табыстың негізі.
Блум таксономиясы (Bloom's Taxonomy)	Білімді меңгеруден бастап, талдауға, бағалауға және жаңа білім жасауға дейінгі сатыларды қамтиды.

Зерттеу дағдылары – академиялық жазылымның негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Бұл дағдылар – ғылыми мәтіндерді сапалы, дәл және сенімді етіп жазуға мүмкіндік береді. Сапалы зерттеу дағдылары ғылыми мәтіннің ғылыми талаптарға сай құрылуына және оның шынайылығы мен сенімділігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл дағдылардың көмегімен жазылған ғылыми мәтін мазмұндық дәлдікке, логикалық тұтастыққа және дереккөздерге негізделген сенімділікке ие болады.

Зерттеу дағдыларының негізгі компоненттері – зерттеу дағдылары (Research skills) - бұл ақпаратты іздеу, жинақтау, талдау, бағалау және оны дұрыс қолдану қабілеттері. Академиялық жазылымда бұл дағдылар аса маңызды, себебі олар дәлелді, сенімді және логикалық түрде негізделген мәтін жазуға көмектеседі.

1. Тақырыпты таңдау және нақтылау.

Анықтама – зерттеу жұмысына сай, өзекті және нақты тақырыпты анықтау процесі. Зерттеу дағдысы – ақпаратты алдын ала шолу, зерттеу саласын анықтап, мәселенің маңыздылығын бағалау.

2. Ақпаратты іздеу және жинау.

Анықтама – қажетті мәліметтерді кітаптардан, ғылыми мақалалардан, сенімді интернет-ресурстардан табу.

Зерттеу дағдысы -кілт сөздерді тиімді пайдалану, дереккөздерді сұрыптау және академиялық базалармен жұмыс жасау (Google Scholar, JSTOR т.б.).

3. Ақпаратты талдау және синтездеу.

Анықтама - жиналған ақпаратты салыстыру, маңыздыларын іріктеу және оны өз ойыңмен біріктіру.

Зерттеу дағдысы- сыни тұрғыдан ойлау, аргументтер мен контраргументтерді бағалау, түрлі көзқарастарды саралау.

4. Дәйек келтіру және сілтеме жасау.

Анықтама- басқа авторлардың идеяларын қолданғанда дереккөзге сілтеме беру арқылы академиялық адалдықты сақтау.

Зерттеу дағдысы- APA, MLA, Chicago сияқты сілтеме форматтарын меңгеру және плагиаттан аулақ болу.

5. Жоспарлау және құрылымдау.

Анықтама - жазылым жұмысының логикалық құрылымын анықтау (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды).

Зерттеу дағдысы - жазу алдында идеяларды жүйелеу, тақырыптар бойынша бөліп жоспар құру.

6. Жазу және редакциялау.

Анықтама - ақпаратты анық, дәл және сауатты түрде жеткізу.

Зерттеу дағдысы - алдын ала жазу, алғашқы нұсқаны өңдеу, грамматикалық және стилистикалық қателерді түзету.

7. Қорытынды жасау.

Анықтама - зерттеудің негізгі нәтижелерін жинақтап, олардың маңызын көрсету.

Зерттеу дағдысы - негізгі тұжырымдарды бөліп шығару, мәселені шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу дағыларын жетілдіруге арналған тапсырма

1. Тақырыпты таңдау және нақтылау.

Зерттеу тақырыбы: «Білім алушы және интернет»

Мақсат:

- Не зерттеледі? (мысалы, интернет тәуелділігі)

- Кімге қатысты? (білім алушыға)

- Қай жерде немесе қай ортада? (Қазақстан мектептеріндегі білім алушылар)

- Не үшін? (әсерін анықтау, себептерін түсіну, шешімдер ұсыну)

Мақсатты нақты әрі қысқа жазу.

- «Қазақстандағы білім алушылар арасында интернет тәуелділігінің психологиялық және әлеуметтік әсерлерін зерттеу»

- «Білім алушылардың интернетті қолдану әдеттері мен олардың оқу үлгеріміне әсерін анықтау»

- «Қазақстандық білім алушылардың әлеуметтік желілерді пайдалану деңгейін және оның өмір салтына ықпалын талдау»

17-кесте. Мақсат мәтінін және түсініктемесін нақты жазу үлгісі

Мақсат мәтіні	Түсініктеме
«Қазақстандық білім алушылардың интернетке тәуелділігінің әлеуметтік және психологиялық салдарын анықтау»	Зерттеу нақты мәселені зерттейді және нысаналы топ көрсетілген
«Білім алушылардың интернетте өткізетін уақытын азайтуға арналған тиімді стратегияларды ұсыну»	Мақсат практикалық шешімдер ұсынуға бағытталған
«Интернеттің білім алушылардың әлеуметтік қарым-қатынасына әсерін талдау»	Әлеуметтік аспектіні зерттеу

Зерттеу мақсатына арналған әдіс-тәсіл түрлері - зерттеу мақсатына, нысанасына және тақырыптық мазмұнына байланысты таңдалады. Мұндай

зерттеулерде сапалық (qualitative) және сандық (quantitative) әдістерді жеке немесе біріктіріп қолдануға болады.

Әдіс деген не? – зерттеу барысында белгілі бір қорытынды алуға бағытталған, бір немесе бірнеше логикалық операциялардың теорияға немесе практикаға негізделген түрі.

Тәсіл деген не? - күрделі әдіс болып табылады, ол зерттеу барысындағы бірнеше нысаналы әдістердің жиынтығы.

18-кесте. Зерттеу әдістерінің түрлері

Әдіс атауы	Түрі	Қашан қолдануға болады?
Сауалнама (анкета)	Сандық әдіс	Жалпылама мәлімет жинау үшін
Сұхбат (интервью)	Сапалық әдіс	Терең пікір, сезімді білу үшін
Контент-талдау	Сапалық әдіс	Өлеуметтік желі мазмұнын зерттеу үшін
Статистикалық талдау	Сандық әдіс	Ресми деректер негізінде зерттеу жасау үшін
Кейс-стади (жағдаяттық талдау)	Аралас әдіс	Нақты жағдайларды сипаттап, шешу жолын іздеу үшін
Онлайн бақылау (digital ethnography)	Сапалық әдіс	Білім алушылардың интернеттегі әрекетін бақылау үшін

19-кесте. Тапсырма мақсатын дамытатын дағды түрлері

Тапсырма мақсаты	Дағды түрі
Ақпаратты іздей алу	Зерттеу дағдылары
Сыни талдау жасау	Сын тұрғысынан ойлау
Дәйек келтіру	Академиялық адалдық
Қорытынды жасау	Талдау және синтез
Мәтін жазу	Академиялық жазылым

20- кесте. Тақырып бойынша ақпаратты іздеу және жинау

Дереккөз атауы (авторы, жылы)	Қайдан алынды? (сайт, кітап, т.б.)	Негізгі идеясы

21-кесте. Тапсырмалардың деңгейі мен түрін айқындау

Деңгей	Тапсырма түрі	Мысалдар
Білу	Анықтама беріңіз	«Интернетке тәуелділік деген не?»
Түсіну	Мәтінді түсіндіріңіз	«Неліктен білім алушылар интернетті жиі қолданады?»
Қолдану	Нақты мысал келтіріңіз	«Сен өз өмірінде интернетті қалай қолданасың?»

Талдау	Пікірлерді салыстырыңыз	«Интернеттің оң және теріс жақтарын салыстырыңыз»
Синтездеу	Эссе немесе жоба жазыңыз	«Білім алушылар мен интернет: пайдалы ма, әлде зиян ба?»
Бағалау	Пікір білдіріңіз	«Сіз интернеттің Білім алушыларға әсері туралы не ойлайсыз?»

3. Тапсырма форматын таңдау – әртүрлі тапсырма түрлері білім алушыны жалықтырмай, зерттеу дағдысын жан-жақты дамытады.

Ашық сұрақтар

– Білім алушылар интернетті қай мақсатта жиі қолданады деп ойлайсыз?

Жағдаяттық тапсырмалар

– Сен білім алушысың. Күніңнің көп бөлігі интернетте өтеді. Бұл сенің оқу үлгеріміңе қалай әсер етеді? Талдау жасаңыз.

Дерекпен жұмыс

– Мына кестеде білім алушылардың интернет қолдану уақыты берілген.

Дерекке сүйене отырып, қорытынды жасаңыз.

Жазбаша тапсырмалар:

– Эссе, баяндама, постер, презентация дайындаңыз.

Шығармашылық тапсырмалар:

– Интернетке тәуелділіктің алдын алу бойынша 5 кеңес жазыңыз.

– Бағалау критерийлері

22-кесте. Тапсырмаға қойылған нақты бағалау өлшем шарттары

Критерий	Ұпай
Тақырыпты ашу	5 ұпай
Сенімді дереккөз қолдану	5 ұпай
Сенімді дереккөз қолдану	5 ұпай
Логикалық құрылым	5 ұпай
Сауатты жазу (грамматика, стиль)	5 ұпай

Зерттеу дағдылары – білім алушылардың сыни ойлауын, логикалық талдау қабілетін, ақпаратпен жұмыс істеу машығын және ғылыми мәселеге жүйелі түрде қарау икемін қалыптастыратын маңызды құрал.

Ғылыми зерттеу – жай ғана ақпарат жинау емес, ол - белгілі бір мәселені анықтап, оны талдап, дәлелдер арқылы негіздеп, ғылыми тұрғыда шешім ұсыну үдерісі.

Зерттеу тақырыбын дұрыс таңдау – сәтті ғылыми жұмыстың алғашқы және шешуші қадамы.

Ғылыми мәселені дәл қою – зерттеудің мазмұнын, бағытын және нәтижелігін анықтайды. Зерттеу барысында логикалық ойлау, дәлелдер келтіру, дәйек пен дерекке сүйену, дербес шешім қабылдай білу қабілеттері қалыптасады.

Бұл дағдылар тек ғылыми жұмыста емес, болашақ кәсіби өмірде де маңызды рөл атқарады. Зерттеу- бұл үйрену, тану және жаңа білім қалыптастыру жолы.

Зерттеу барысында логикалық ойлау, дәлелдер келтіру, дәйек пен дерекке сүйену, сондай-ақ дербес шешім қабылдай білу қабілеттері ерекше маңызға ие. Бұл қабілеттер мәселені жан-жақты талдап, тұжырым жасауға, шынайы ақпарат негізінде дәлел келтіруге және алынған нәтижелерге сыни көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушының өз бетінше шешім қабылдай білуі ғылыми жұмыстың объективтілігі мен нәтижелілігін арттырады.

Жалпы алғанда, аталған қабілеттер зерттеудің мазмұнын тереңдетіп, оның сапасын көтеруге айтарлықтай ықпал етеді.

1. Тақырып таңдау

- Ғылыми зерттеу тақырыбы - зерттелетін мәселенің аясын белгілейді.
- Жақсы таңдалған тақырып зерттеудің бағытын дәл анықтап, нақты нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді.
- Тақырып білім алушының қызығушылығы мен әлеуетіне сай болуы қажет.

23-кесте. Тақырыпты таңдауда ескерілетін негізгі критерийлер

Критерий	Түсініктеме
Өзектілік	Тақырып қоғам үшін, ғылым үшін маңызды ма? Қазіргі замандағы мәселелермен байланысты ма?
Ғылыми жаңалық	Бұл тақырыпта бұрын не зерттелген? Жаңа көзқарас ұсынуға бола ма?
Зерттеу нысаны мен пәнінің анықтығы	Нақты не зерттеледі? Шекарасы айқын ба?
Қолжетімділік	Материал, дереккөз, уақыт пен ресурстар жеткілікті ме?
Практикалық маңыздылығы	Зерттеу нәтижелері тәжірибеде қолданылуы мүмкін бе?

2. Ғылыми мәселе қою

2.1. Мәселе дегеніміз не?

- Ғылыми мәселе (проблема) - бұл белгілі бір салада шешілмеген, түсіндірілмеген немесе талас тудыратын жағдай.
- Мәселе зерттеудің негізі болып табылады және жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

2.2. Ғылыми мәселені қою талаптары

- Нақтылық - мәселе нақты, шектелген, зерттеуге қолайлы болуы керек.
- Қиындық деңгейі- мәселе тым оңай болмауы керек, бірақ мүлде шешілмейтін де болмауы тиіс.
- Теориялық және практикалық маңыздылық - мәселені шешу ғылымға немесе қоғамға пайда әкелуі керек.

2.3 Мәселе қою кезеңдері

1. Әдеби шолу жасау - тақырыпқа қатысты не зерттелетінін анықтау.
2. Бос кеңістікті табу- ғылымда зерттелмеген немесе толық зерттелмеген аспектіні табу.
3. Мәселені тұжырымдау - нақты ғылыми сұрақтарды қою:
 - Неліктен?
 - Қалай?

- Қандай байланыс бар?
- Қандай факторлар әсер етеді? деген сұрақтармен байланысты болуы керек.

Тақырып таңдау мен мәселе қою - ғылыми жұмыстың негізін құрайтын маңызды теориялық кезеңдер. Бұл процестер дұрыс орындалса, зерттеу сапалы, жүйелі және нәтижелі болады. Әрбір білім алушы осы теориялық ұстанымдарды ескеріп, ізденісін саналы түрде бастауы қажет.

3. «Ақпарат жинау, сұрыптау, интерпретациялау» - бұл деректермен жұмыс істеудің негізгі кезеңдері.

3.1. Ақпарат жинау - бұл кезеңде қажетті деректер мен мәліметтер алынады. Ақпарат жинаудың бірнеше әдісі бар:

- Бақылау- (мысалы, табиғи құбылысты зерттеу)
- Сауалнама, интервью - (әлеуметтік зерттеулерде)
- Құжаттарды талдау - (ресми немесе тарихи мәліметтерді жинау)
- Интернеттен іздеу - (электронды ресурстарды пайдалану)
- Эксперимент - (ғылыми зерттеулерде)

24-кесте. Ақпарат жинау бойынша қорытынды

Қорытынды түрі	Мысал
Академиялық	Жүргізілген зерттеу барысында әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтер мәселені жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Ақпарат жинау кезеңі зерттеудің негізін қалады.
Талдамалық	Ақпараттың көптүрлілігі мен дереккөздердің сенімділігі зерттеу сапасын арттырды. Дұрыс жинақталған ақпарат кейінгі талдауға нақты негіз болды.
Тәжірибелік	Ақпаратты жүйелі түрде жинау жұмыстың уақытын үнемдеуге және шынайы шешім қабылдауға көмектесті. Бұл тәжірибе алдағы жобаларда да тиімді әдіс бола алады.

3.2. Ақпаратты сұрыптау – жиналған мәліметтердің ішінен маңызды, өзекті, шынайы деректер таңдалады.

Бұл кезеңде:

- Артық, қайталанатын немесе сенімсіз ақпарат алынып тасталады.
- Мәліметтер белгілі бір тақырып, мақсат немесе санат бойынша топтастырылады.
- Іріктеу және жүйелеу тәсілдері қолданылады.

25-кесте. Ақпаратты сұрыптау бойынша қорытынды

Қорытынды түрі	Мысал
Академиялық	Сұрыптау барысында тек өзекті әрі мазмұнды мәліметтер қалады, артық ақпарат алынып тасталады. Бұл зерттеу құрылымын нақтылайды.
Талдамалық	Сұрыптау нәтижесінде негізгі факторлар мен маңызды трендтер айқындалады, шынайы талдау жасауға мүмкіндік туады.

Тәжірибелік	Мәліметтерді сұрыптау арқылы жұмыстың артық жүктемесі азаяды, нәтижеге жету жолы жеңілдейді. Бұл әдіс болашақта үнемділік пен тиімділікті қамтамасыз етеді.
-------------	---

3.3. Ақпаратты интерпретациялау (түсіндіру) - бұл кезеңде сұрыпталған ақпаратқа талдау жасалады.

Интерпретациялау:

- Мәліметтерден мағына шығару.
- Себеп-салдарлық байланыстарды анықтау.
- Қорытынды жасау немесе болжам жасау арқылы жүзеге асады.

26-кесте. Ақпаратты интерпретациялау бойынша қорытынды

Қорытынды түрі	Мысал
Академиялық	Жинақталған және сұрыпталған ақпараттың негізінде ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырымдар жасалады. Бұл нәтижелер алдағы зерттеулерге негіз бола алады.
Талдамалық	Интерпретациялау барысында алынған деректер арасындағы байланыстар анықталады, нақты қорытындылар мен ұсыныстар жасалады.
Тәжірибелік	Ақпаратты дұрыс түсіндіру-нақты шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс процесінде оң нәтижеге қол жеткізуге себеп болады.

4. Дәйексөз келтіру және сілтеме жасау

Дәйексөз келтіру:

- Автордың сөзін тікелей немесе жанама түрде келтіру
- Нақты кімнің сөзі екенін көрсету
- Қате немесе бұрмаланбаған күйінде беру.
- Мысал: «Тіл – халықтың жаны» – дейді А. Байтұрсынұлы.

5. Сілтеме жасау талаптары мен пайдаланылған әдебиеттер тізімін дұрыс жүйелеу

Сілтеме жасау:

- Мәтін ішінде дереккөзді көрсету.
- Сілтеменің форматы нақты стандарттарға (APA, MLA, ГОСТ) сай болуы тиіс.

- Мысал (мәтін ішінде): (Байтұрсынұлы, 1926)

6. Пайдаланылған әдебиеттер тізімін жазу ережелері:

- Әдебиеттер алфавиттік тәртіппен орналасуы тиіс;
- Автордың тегі, аты-жөні, еңбектің атауы, шыққан жері, жылы көрсетілуі керек.

Мысал:

- Байтұрсынұлы А. (1926). Тіл – құрал. Қызылорда: Қазақ баспасы.
- Сатыбалдиева Г. (2020). Қазақ тіліндегі кірме сөздер. Алматы: Раритет.
- Назарбаев Н.Ә. (2012). Тәуелсіздік дәуірі. Астана: Елорда.

Зерттеу дағдылары - ғылыми сауаттылықтың негізі. Тақырыпты дұрыс таңдау, мәселе қою, ақпаратты сұрыптап, оны талдай білу, дәйексөз келтіру мен сілтеме жасау – кез келген зерттеудің сапасын арттырады. Бұл дағдылар білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады, академиялық жауапкершілігін арттырады.

Ғылыми этика және академиялық адалдық: сілтеме жүйелері негізінде ақпаратты дұрыс рәсімдеуге бағыт – бағдар береді.

Ғылыми этика – ғылыми зерттеулер мен академиялық жұмыстар барысында қабылданған моральдық және кәсіби нормалар жиынтығы. Ол зерттеу процесінде адалдықты, әділдікті, ашықтықты және жауапкершілікті сақтауды талап етеді.

Академиялық адалдық – білім алушылардың өз жұмыстарында бөтен авторлардың еңбегін иемденбеуі, дереккөздерді дұрыс көрсетуі, плагиаттан (көшіруден) аулақ болуы.

2. Ақпаратты дұрыс рәсімдеудің маңызы

- Ақпаратты дұрыс рәсімдеу
 - Авторлық құқықты сақтауға көмектеседі
 - Ғылыми сенімділікті арттырады;
 - Оқу орындарында тәртіптік жауапкершіліктен қорғайды;
 - Оқырманға дереккөзді тауып, қосымша зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді
- ## 3. Сілтеме жүйелері (Citation styles)

27-кесте. Ғылыми жұмыстарда қолданылатын негізгі сілтеме жүйелері

Сілтеме стилі	Қолдану саласы	Ерекшелігі
АПА (Американдық Психологиялық Қауымдастық) APA (American Psychological Association)	Психология, білім беру, әлеуметтік ғылымдар	Автор - жыл форматы: (Исенов, 2020)
MLA (Қазіргі Тілдер Қауымдастығы) MLA (Modern Language Association)	Гуманитарлық ғылымдар	Автор - бет нөмірі: (Исенов 24)
ГОСТ (МЕМСТ)	ТМД елдерінде, техникалық және ғылыми жұмыстарда	Библиографиялық сипаттама нөмірленеді [1]

4. Ақпаратқа сілтеме жасаудың мысалы:

АРА стилі

- Мәтін ішінде (Сейтқазы, 2021)
- Әдебиеттер тізімінде: Сейтқазы, А. (2021). Қазіргі қазақ журналистикасының ерекшеліктері. Алматы: Қазақ университеті.

5. Плагиаттан (көшіруден) қалай сақтануға болады?

- Ақпаратты өз сөзіңмен айтып жазу (парафраз).
- Дәйексөз қолданғанда тырнақшаға алып, авторды көрсету.
- Әр алынған ақпарат үшін нақты дереккөз көрсету.

- Интернеттен алынған суреттер, кестелер де сілтемемен рәсімделуі қажет.

- Автоматтандырылған плагиат тексеру жүйесін қолдану. (Turnitin, PlagScan)

Ғылыми этика мен академиялық адалдық - сапалы білім мен ғылыми дамудың іргетасы. Сілтеме жүйелерін дұрыс пайдалану - бұл тек техникалық талап емес, сонымен қатар білім алушының мәдениеті мен жауапкершілігінің көрсеткіші.

Сыни тұрғыдан ойлау және дәлелдеу дағдылары

1. Сыни тұрғыдан ойлау деген не? - ақпаратты талдап, сұрақ қою, дәлелдер келтіру және логикалық қорытынды жасау арқылы мәселені жан-жақты қарастыра білу қабілеті. Бұл қабілетті дамыту үшін бірнеше негізгі дағдылар қажет.

2. Сыни ойлау дағдыларының түрлері:

- Талдау (анализ) - ақпаратты бөліктерге бөліп, құрылымын, себеп-салдарын анықтау.

- Салыстыру және қарсы қою - идеяларды, пікірлерді салыстыру арқылы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды табу.

- Бағалау (оценка) - идеяның немесе дәлелдің сенімділігін, маңыздылығын бағалау.

- Синтез (біріктіру) - әртүрлі көзқарастар мен ақпаратты біріктіріп, жаңа тұжырым жасау.

- Шешім қабылдау - дәлелдерге сүйене отырып, нақты қорытынды шығару немесе мәселені шешудің жолын таңдау.

- Дәлелдеу- өз көзқарасын нақты дәлелдермен бекітіп, логикалық түрде жеткізе білу.

3. Академиялық жазылымның сыни ойлауды дамытудағы рөлі

Академиялық жазылым – білім алушының ойын құрылымдап, нақты, дәлелді және логикалық түрде жеткізуіне мүмкіндік беретін жазбаша форма. Бұл сыни ойлауды дамытудың қуатты құралы.

Академиялық жазылым арқылы дамитын қабілеттер:

- Мәселені анық көру және тұжырымдау.

- Нақты дәлелдерге сүйеніп, аргументтер келтіру.

- Ақпарат көздерін талдау және салыстыру.

- Қисынды құрылыммен ойды жеткізу.

- Кері байланыс пен рефлексия жасау.

Мысал, эссе жазу кезінде білім алушы пікір білдіріп қана қоймай, өз көзқарасын дәлелдеу үшін зерттеу жүргізіп, түрлі дереккөздерді пайдаланып, оларды сыни бағалайды. Бұл оның аналитикалық ойлауын күшейтеді.

4. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі орны мен маңызы

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім алушыны тек біліммен қаруландыру емес, сонымен қатар оны өмірлік мәселелерді шешуге, дербес ойлауға, өз көзқарасын дәлелдеуге және жауапты азамат болуға үйрету.

Сыни ойлау мен академиялық жазылымның маңыздылығы:

- Жаңа бағдарлама мен халықаралық стандарттар (мысалы, PISA) талап ететін дағдылардың ішінде сыни ойлау басты орында.

- Болашақ мамандықтарда, әсіресе ғылымда, бизнесте, құқықта, саясатта дәлелмен сөйлеу және логикалық ойлау маңызды.

- Саналы азаматтық позиция қалыптастыруға, жалған ақпаратқа қарсы тұра білуге көмектеседі.

- Инновациялық, дербес шешім қабылдай алатын тұлға тәрбиелеуге бағытталған.

а/ Мысал: Мәтінді талдау арқылы сыни ойлауды дамыту

Тақырып: «Қазіргі жастардың кітап оқуға деген қызығушылығы»

Мысал: Мақала немесе сұхбат мәтінін оқып, келесі сұрақтарға жауап беру.

1. Автормен келісесің бе? Неге?

2. Мақалада қандай дәлелдер келтірілген? Олар сенімді ме?

3. Қарсы пікір айтуға бола ма?

4. Өз көзқарасың қандай? Мысал келтір.

Нәтиже: Білім алушы тек мәтінді оқымайды, оны талдайды, пікір қалыптастырады, дәлел келтіреді. Бұл - сыни ойлаудың нақты көрінісі.

б/ Мысал: Академиялық жазылым - Аргументатив эссе

Тақырып: «Мектепте форманы киюге міндетті болу керек пе?»

Эссе құрылымы:

I. Кіріспе

1. Мәселені таныстыру

2. Тезис (негізгі пікір): «Мектеп формасын кию -тәртіп пен теңдікті сақтау үшін маңызды».

II. Негізгі бөлім

1-аргумент

Барлық білім алушылардың әлеуметтік теңдігін қамтамасыз етеді

- Дәлел: Бай мен кедейдің айырмашылығы көрінбейді.

- Мысал: Финляндиядағы мектептер тәжірибесі

2-аргумент

Тәртіп пен мектеп мәдениетін қалыптастырады.

- Дәлел: Форма білім алушылардың өзін ұқыпты ұстауына әсер етеді

Қарсы пікір мен жауап:

- Кейбіреулер еркін киіну шығармашылықты дамытады дейді

- Жауап: Бірақ мектеп - білім мен тәртіп орны

Жоғарыда айтылған дәлелдер арқылы мектеп формасының маңызы негізделеді. Білім алушы өз көзқарасын дәлелмен жеткізеді, қарсы пікірді қарастырып, оған логикалық жауап береді, бұл дәлелдеу мен сыни ойлау қабілеттерін жетілдіреді.

5. Бағалау критерийі арқылы сыни ойлауды дамыту

Педагог білім алушыға тапсырма бергенде келесі критерийлерді басшылыққа алуы керек.

– Пікір нақты ма?

– Аргументтер сенімді ме?

- Дереккөздер дұрыс пайдаланылған ба?
- Қарсы пікір қарастырылған ба?
- Эссе құрылымы сақталған ба?

Бұл бағалау өлшемдері білім алушыны өз жұмысын қайта қарауға, жақсартуға, яғни рефлексия жасауға бағыттайды.

Сыни тұрғыдан ойлау мен дәлелдеу дағдылары - ХХІ ғасыр білімінің негізі. Академиялық жазылым бұл қабілеттерді қалыптастырудың және дамытудың тиімді құралы. Олар білім алушыларды ойлауға, сұрақ қоюға, жауапкершілікпен әрекет етуге үйретіп, бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаттарымен үйлеседі, тұлғаны жан-жақты дамыту, еркін ойлауға және өмірде қолдана білуге үйрету.

Сыни тұрғыдан ойлауға негізделген зерттеу дағдыларын дамытатын әдіс-тәсілдердің түрлері:

1. «INSERT» әдісі (Белгілеу стратегиясы)

Мақсаты: мәтінмен жұмыс істеу арқылы ақпаратты талдауға және сұрыптауға үйрету.

✓ - Білемін

X - Қарсымын / келіспеймін


? - Сұрағым бар

- Жаңа ақпарат

❖ Ақпаратты зерттеу кезінде талдау жасау, белгілеу, сұрақ қою дағдыларын дамытады.

2. «Сократтық сұхбат» әдісі

Мақсаты: ойландыратын сұрақтар арқылы терең зерттеуге үйрету.



7-сурет

3. «Кластер» әдісі

Мақсаты: зерттелетін тақырып бойынша идеяларды топтастыру.

Қолданысы:

- Білім алушы орталық ұғымнан шыға отырып, соған қатысты ақпараттарды жүйелейді.

- Ақпаратты құрылымдау мен зерттеу жоспарын құруға көмектеседі.

4. «Кубизм» әдісі

Мақсаты: мәселені әртүрлі қырынан қарастыру.



8-сурет

5. «РАФТ» әдісі (Рөл – Аудитория – Форма – Тақырып)

Мақсаты: зерттеу тақырыбын белгілі бір рөлде қарастыру.

Мысал: Білім алушы ғалым рөлінде тақырыпты зерттейді және нәтижесін мақала түрінде ұсынады.

- Зерттеуге шығармашылықпен қарауға баулиды.

6. «Блум таксономиясы» әдісі

Білім алушы - Білу → Түсіну → Қолдану → Талдау → Жинақтау → Бағалау

- Бұл әдіс зерттеу жүргізуде жүйелі ойлауға үйретеді.

7. «ДЖИГСО» әдісі (Мозаика)

Мақсаты: білім алушылар топпен зерттеп, өзара білім бөліседі.

- Топ мүшелері әр түрлі ақпаратты зерттеп, бірігіп тұтас білім қалыптастырады.

- Зерттеу нәтижесін біріктіріп, ортақ шешім жасауға үйретеді.

- Сыни тұрғыдан ойлау әдіс-тәсілдері білім алушы жұмысына ықпал етеді.

- Білім алушы зерттеу сұрағын құрастырады.

- Ақпаратты жинақтайды және талдайды.

- Өз ойын дәлелдейді және қорытынды жасайды

Қазіргі білім беру жүйесінде зерттеу дағдыларын дамыту- білім алушының тұлғалық және кәсіби қалыптасуындағы басты факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Ақпараттық қоғам жағдайында Білім алушы тек білімді

тұтынушы емес, сонымен қатар жаңа білімді жасаушы, ізденуші, өз ойын дәлелдей алатын тұлға болып қалыптасушы.

Зерттеу дағдысын дамыту оқу процесінде білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оларды өзіндік ізденіске, тәжірибе жасауға, деректерді талдауға, дәлелді қорытынды шығаруға үйретеді. Бұл - заманауи еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлаудың негізгі алғышарты.

Білім беру жүйесінде жобалық, зерттеу, практикалық тапсырмалар, ғылыми үйірмелер, пәндік олимпиадалар мен ғылыми-практикалық конференциялар арқылы зерттеушілік мәдениетті қалыптастыруға жағдай жасалуда.

Жалпы алғанда, білім алушының зерттеу дағдысын қалыптастыру - олардың болашақта ғылым мен тәжірибе тоғысында дербес шешім қабылдай алатын, жаһандық сын-қатерлерге жауап бере алатын, үздіксіз оқуға бейім тұлға ретінде дамуына негіз болады.

Отандық тәжірибеде жоғары оқу орындарында академиялық жазылым курстарын Қазақстанның жетекші университеттері (мысалы, Назарбаев Университеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ) академиялық жазылым бойынша арнайы курстарды ұсынады.

Атап айтатын болсақ:

- Назарбаев Университеті-«Academic Writing» курстары бакалавриат пен магистратура деңгейінде оқытады. Курс аясында дереккөздермен жұмыс, АРА стилін қолдану, сыни талдау және аргумент құрастыруды үйретеді.

- ҚазҰУ- филология және журналистика факультеттерінде «Ғылыми мәтінмен жұмыс» пәні арқылы зерттеу дағдыларын дамытады.

2. Мемлекеттік бағдарламалар негізінде:

- «Білім беру сапасын арттыру» бағдарламаларында академиялық адалдық, плагиатпен күрес және зерттеу дағдыларын қалыптастыру бағыттары қамтылған.

- ҚР БҒМ мен Жоғары оқу орындары бірлесіп академиялық адалдық кодексін енгізу арқылы жазылым мәдениетін қалыптастыруда.

3. Ұлттық онлайн ресурстар

- eLibrary.kz, KazNEB, Әділет порталдары - дереккөздерге академиялық түрде сілтеме жасауға мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибеде АҚШ және Ұлыбританияның жоғары оқу орындары зерттеу дағдылары бойынша жұмыстарды іске асырып жатыр.

Бұл елдерде академиялық жазылым бірінші курстан бастап жүйелі түрде оқытылады. Көптеген университеттерде жазу орталықтары (Writing Centers) жұмыс істейді.

Мысал:

- Harvard University Writing Center - эссе, зерттеу жұмыстары мен рефераттар жазу туралы кеңестер береді.

- Purdue OWL (Online Writing Lab) – әлемге танымал академиялық жазылым ресурсы. Жазылым құрылымы, стилистикасы, грамматика, дәйексөз келтіру стилдері (APA, MLA, Chicago) бойынша нұсқаулықтар береді.

- <https://owl.purdue.edu>

2. Еуропалық Одақтың жоғары білім бағдарламалары (ЕНЕА)
 - Еуропада академиялық жазылым Bologna процесі аясында білім беру бағдарламасына енген.
 - Жазылым мен зерттеу дағдылары soft skills ретінде барлық мамандықтар бойынша оқытылады.

Мысал:

- University of Amsterdam- білім алушылар жазылым курстарын ғылыми зерттеу курстарымен бірге өтеді.

3. Цифрлық платформалар және MOOCs (Massive Open Online Courses)

- Coursera, edX, FutureLearn сияқты платформаларда академиялық жазылымға арналған курстар ұсынылады.

Мысал:

- «Academic English: Writing Specialization» (University of California, Irvine, Coursera) – зерттеу жоспарын жасау, әдеби шолу жазу, аргументативті эссе жазу дағдыларын дамытады

28-кесте. Салыстырмалы талдау (қысқаша кесте)

Критерий	Қазақстан	Халықаралық тәжірибе
Курстың орны	Жоғары оқу орындары бар, бірақ барлық бағдарламада емес	Міндетті, кейде бірнеше деңгейде
Әдістеме	Көбіне дәстүрлі лекция түрінде	Интерактивті, жобалық оқыту, peer review
Дереккөзге қол жеткізу	Кейде шектеулі	Ашық қолжетімді онлайн базалар
Плагиатпен күрес	Жаңа қалыптасып келеді	Қатаң бақылау, Turnitin, Grammarly т.б.

АҚШ-тағы академиялық жазылым және зерттеу дағдылары

1. *Сын тұрғысынан ойлау.* білім алушыларға өз көзқарастарын дәлелдермен негіздеуге, дереккөздерді сыни тұрғыда бағалауға және талдау жасауға үйретіледі.

2. *Жазылым құрылымы.* Эссе, зерттеу мақалалары, баяндама сияқты жазылым түрлері нақты құрылыммен жазылады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

3. *Дереккөздермен жұмыс.* білім алушыларға MLA, APA, Chicago сияқты стильдермен библиография жасауды, плагиаттан аулақ болуды үйренеді.

Сингапурдағы академиялық жазылым және зерттеу дағдылары

1. *Британдық жүйе ықпалы.* Сингапур білім беру жүйесі британдық модельге негізделген, сондықтан формальды, дәлелге негізделген жазылымға басымдық беріледі.

2. *Нақты құрылым мен ережелер.* Жазылымда логикалық ұйымдастыру, нақты тақырыпты ашу, дәлелдерді нақты түрде көрсету маңызды.

3. *Мектептен бастап үйрету.* Білім алушыларға ерте кезеңнен бастап эссе жазу, аргумент құру, ақпаратты талдау дағдылары үйретіледі.

4. *Бәсекеге қабілеттілік.* Сингапурда білім беру өте бәсекелі, сондықтан академиялық жазылым сапасы жоғары талаптарға сай болуы керек.

Ортақ ерекшеліктері:

– Екі елде де академиялық адалдық, плагиаттан аулақ болу, ақпарат көздерін дұрыс пайдалану-негізгі талаптардың бірі.

– Білім алушыларға зерттеу дағдылары, мысалы, ақпарат жинау, сұрыптау, талдау жасау жүйелі түрде үйретіледі.

Академиялық жазылым – зерттеу мен танымдық үдерістің маңызды құралы ретінде ғылыми дәлдікке, логикалық құрылымға, дәйек пен дерекке сүйенуге негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, Отандық және Халықаралық тәжірибелерді салыстырмалы түрде талдау - академиялық зерттеу мәдениетін, ғылыми ойлау жүйесін және жазылым сапасын қалыптастыруға ықпал ететін маңызды қадам болып табылады.

Салыстырмалы кесте нәтижелері негізінде, Халықаралық тәжірибе академиялық жазылымды жүйелі зерттеу үдерісі ретінде қарастырып, оның әрбір кезеңін нақты әдіснама мен ғылыми негізге сүйене отырып ұйымдастырады. Бұл тәжірибеде зерттеу сұрағы мен мақсатының айқын құрылуы, теориялық негіздеменің логикалық баяндалуы, эмпирикалық мәліметтерді өңдеудің нақты әдістері және тұжырым жасаудағы дәлдік басым. Сонымен қатар, плагиаттан қорғану, дереккөздермен сауатты жұмыс істеу, академиялық этиканы сақтау сияқты мәселелерге ерекше мән беріледі.

Ал Отандық тәжірибеде академиялық жазылым мәдениеті қалыптасу сатысында екені байқалады. Соңғы жылдары ғылыми зерттеу мен жазылымға қойылатын талаптар күшейгенімен, жазу дағдысының құрылымдық, аналитикалық және аргументативтік деңгейі әлі де жүйелі дамытуды қажет етеді. Мысалы, кейбір зерттеу жұмыстарында мәселенің ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы толық негізделмей жатады, теориялық база жеткіліксіз талдануы немесе дәйексөздермен жұмыс істеу кезінде академиялық стандарттардың сақталмауы мүмкін.

Алайда отандық тәжірибе ұлттық ғылыми мектептердің ерекшеліктеріне, тарихи қалыптасқан көзқарастарға және білім беру жүйесінің трансформациялануына сүйенеді. Жаңа буын зерттеушілердің академиялық сауаттылығы артып келе жатқанын да атап өткен жөн.

Отандық тәжірибеде академиялық жазылым дағдыларын жетілдіру үшін халықаралық тәжірибенің тиімді әдіс-тәсілдерін теориялық және практикалық тұрғыда бейімдеп енгізу қажет.

Бұл үшін:

– Зерттеу әдіснамасын жетілдіру, әсіресе сапалы және сандық зерттеу тәсілдерін сауатты қолдану.

– Академиялық стиль мен құрылымды сақтау, яғни кіріспе, негізгі бөлім, тұжырым, дәйектеме, библиография сияқты элементтердің талапқа сай болуы.

– Дәлелге сүйену және дерекпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру, бұл- логикалық және аналитикалық ойлауды дамытады.

– Академиялық адалдықты сақтау, плагиатпен күрес және дереккөзді дұрыс рәсімдеу дағдыларын меңгеру.

– Халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, соның ішінде APA, MLA, Chicago сияқты сілтеме жүйелерін қолдану мен ғылыми рецензияланған журналдармен жұмыс істеу.

Отандық және халықаралық тәжірибені салыстыру тек айырмашылықтарды анықтаумен шектелмей, ғылыми мәдениетті дамытуға бағытталған нақты ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Отандық академиялық жазылым жүйесі халықаралық талаптарға біртіндеп жақындап келе жатқанымен, терең әдіснамалық талдау, құрылымдық жүйелілік және сыни ойлау дағдыларын дамыту арқылы ғана ғылыми зерттеудің сапасы мен беделі арта түседі.

Зерттеу дағдыларын дамыту мен сыни тұрғыдан ойлау - заманауи білім мен ғылымның ажырамас бөлігі. Бұл дағдылар білім алушылар, яғни жас зерттеушілердің тек мәлімет жинап қана қоймай, оны терең түсінуге, бағалауға, салыстыруға және өз ой-пікірін дәлелді түрде білдіруге мүмкіндік береді. Сыни ойлау - тек қарсы шығу емес, керісінше, деректерді жан-жақты саралау, сенімді қорытынды жасау, ғылыми әдіснаманы саналы қолдану дегенді білдіреді.

Ғылыми зерттеу барысында қойылған сұрақтарға дәл жауап беру, дереккөздерді сын тұрғысынан іріктеу және алынған ақпаратты жүйелі талдау-академиялық мәдениеттің негізі. Бұл қабілеттерді меңгеру арқылы жас зерттеушілер ғылыми тұрғыдан ойлайтын, өз бетімен ізденетін, академиялық талаптарға сай сапалы жұмыс жасайтын маман болып қалыптасады.

Қазіргі білім беру жүйесінде жас зерттеушінің зерттеу дағдысын дамыту – олардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін және дербес жұмыс жасау икемдерін қалыптастырудың маңызды тетігі. Зерттеу жұмысына баулу арқылы білім алушылар тек дайын ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оны саралап, жаңа идеялар ұсынуға үйренеді. Бұл олардың ғылымға, инновацияға және үздіксіз білім алуға деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан зерттеу дағдысын дамыту- білім беру сапасын арттырудың және бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудің негізгі шарты.

Білім беру кеңістігінде білім алушының тек білімді игеруі емес, оны сауатты әрі дәл жеткізе алуы аса маңызды талаптардың бірі болып отыр. Осы тұрғыда тілдік және стилистикалық дәлдік – функционалдық сауаттылықтың негізі ретінде айқындалады. Мұндай жазылымдарда ойды дәл, нақты әрі талапқа сай жеткізу үшін тілдік және стилистикалық нормаларды білу қажет.

Тілдік дәлдік - сөйлем құрау барысында грамматикалық, орфографиялық, лексикалық және пунктуациялық нормаларды сақтай отырып, ойды нақты әрі жүйелі жеткізу қабілеті. Бұл ерекшелік жазбаша және ауызша коммуникацияда мағынаның бұрмаланбауын, ойдың анық берілуін қамтамасыз етеді. Мысалы: Қате: «Абай мен Шоқан қазаққа танымал тұлғалар»
Дұрысы: «Абай мен Шоқан – қазақтың танымал тұлғалары.»

Тілдік және стилистикалық дәлдік – жазылым мәдениетінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Білім алушының кез келген мәтінді сауатты әрі әсерлі жеткізе алуы осы екі дәлдік түрін меңгеруіне тікелей байланысты. Төменде «еңбек» концептісін талдауға арналған мысалдарды мысал ретінде ала отырып, бұл құбылыстарды нақтырақ ашуға болады.

Берілген үзіндіде «еңбек» ұғымы тілдік әрі мәдени тұрғыдан жүйелі сипатталып, мақал-мәтелдермен дәлелденген. Бұл - тілдік дәлдікке тән белгі. Мәтінде грамматикалық құрылым, сөйлем құрылысы, сөздердің орфографиялық нормалары, тыныс белгілері дұрыс қолданылған. «Еңбек» концептісінің тілдік негізін еңбектік күшті қажет ететін әрекет ретіндегі мағынасы құрайды. «Еңбек», «жұмыс», «іс» сияқты лексемаларда біртектес мағына байқалғанымен, олардың ішінде «еңбек» сөзі доминант ретінде айқындалады. «Еңбек» концептісін негіз еткен мақал-мәтелдерді талдау нәтижесінде олардың бірқатар концептуалдық белгілерге ие екендігі анықталды.

1. Еңбектің адам өміріндегі орны: «Ер еңбегімен танылады» оның орнына → (Ерді еңбек жеткізер; Ердің атын еңбек шығарар; Еңбегімен ел таныр; Еңбек – ердің көркі, Ер – елдің көркі; Ер еңбегімен озады, еріншек езілумен тозады). «Қиналып еңбек етсең, жемісін жейсің» → (Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болар; Жан қиналмай жұмыс бітпес, Талап қылмай мұратқа жетпес; Еңбек етпеген емеді, еңбексіз не өнеді; Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық).

2. Адам өміріндегі еңбектің нәтижесі: «Еңбек өз жемісін береді» → (Еңбек етсең – емерсің; Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды; Бейнет, бейнет түбі – зейнет; Рақаттың түбі – кеңіс, еңбектің түбі – жеміс; Берген – алар, еккен – оран; Ексең егін, ішерсің тегін).

3. Еңбекқор мен еріншек. «Еңбекқордың белгісі» → (Ерінбеген еткіші болады; Бал ұстаған бармағын жалайды). «Еріншектің белгісі» → (Еріншекке бүгіннен ертең оңай; Дарақының күлкісі қанбас, еріншектің ұйқысы қанбас, Жатқанға жан жуымас жалқауға мал құралмас; Еріншектен мізбақпас туады).

Мақал-мәтелдерді орынды қолдану – стилистикалық дәлдікті күшейтудің тиімді тәсілі. Мысалы, «Ерді еңбек жеткізер; Ердің атын еңбек шығарар» сияқты тұрақты тіркестер ұлттық танымды, өмір шындығын көрсетіп тұр. Бұл – көркем және ғылыми стильдің өзара үйлесімділігіне мысал.

Осы мысал көрсеткендей, тілдік дәлдік – сауатты жазу мәдениетін, ал стилистикалық дәлдік - мазмұнды әсерлі жеткізу тәсілін білдіреді. Мұндай мысалдар арқылы 10-11 сынып білім алушылары академиялық жазылымға бейімделіп, ғылыми жобаларда, эссе жазуда, пікір айтуда жоғары деңгейде ойларын жеткізе алады. Сонымен қатар, бұл - қазақ тілі мен әдебиеті пәніндегі мазмұн мен өмірлік дағдылардың табиғи тоғысуының жарқын көрінісі.

Стилистикалық дәлдік – мәтіннің жанрына, стиліне, мақсатына және аудиториясына сәйкес сөздерді, тіркестерді, сөйлем құрылымын орынды қолдану. Мектепте жазылатын шығармалар мен эсселерде бейтарап, ресми не көркем стильдерді ажырата білу – білім алушының коммуникативтік дағдысының көрсеткіші. Мысалы: сөйлеу тіліндегі нұсқа: «Мен бұл тақырыпты таңдап алдым, өйткені қызық көрінді.» Стилистикалық дәл нұсқа: «Мен бұл тақырыпты таңдау себебім – оның өзектілігі мен практикалық мәні.»

Неліктен маңызды?	Түсіндірме
Жазылым сапасын арттырады	Білім алушы ойын жүйелі, сауатты, ғылыми тілмен жазады
ҰБТ, эссе, олимпиадаларға дайындық	Тапсырмаларды нақты, құрылымды орындауға мүмкіндік береді
Қоғаммен сауатты қарым-қатынас жасау	Ауызша және жазбаша түрде өз көзқарасын сенімді білдіруге көмектеседі
Жоғары білімге дайындық	Ғылыми жоба, баяндама, мақала жазуда қажетті құрал

Кеңестер:

- жазар алдында мәтін жанрын анықта (ғылыми, публицистикалық, көркем);
- қайталанатын сөздерді болдырма;
- қажетсіз эмоционалды сөздерден аулақ бол;
- қиын сөйлемдер орнына қысқа әрі нақты сөйлем қолдан;
- жазған соң міндетті түрде редакцияла: грамматика, стиль, тыныс белгілер.

Тілдік және стилистикалық дәлдік – білім алушының тұлғалық дамуы мен ғылыми-практикалық әлеуетінің маңызды бөлігі. Бұл дағдының қалыптасуы мектептегі қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында бастау алады және өмірлік жағдаяттарда жүзеге асады. 10-11 сынып білім алушылары үшін тілдік сауаттылықты дамыту – болашақтағы білім жолына, кәсіби бағдарға, қоғамдық ортадағы белсенділікке сенімді қадам болып табылады.

Қазақ тілінің құрылымдық жүйесін меңгеру – білім алушының тілдік сауаттылығын арттырудың маңызды шарты. Бұл орайда сөйлем құрылысы, сөз тіркесі және синонимдер ұғымдарын түсініп, оларды мәтін ішінде орынды қолдану - жазылым және айтылым дағдыларының негізін қалайды.

Сөйлем – тілдің негізгі құрылымдық бірлігі. Ол адамның ойы мен пікірін нақты, жүйелі жеткізу үшін сөздерден құралған грамматикалық және мағыналық тұтастыққа ие болуы тиіс. Академиялық жазылымда сөйлем құрылысына аса мән беріледі. Мысалы, ғылым - танымдық эссе, шығармашылық эссе немесе өмірбаян жазғанда сөйлемдердің дұрыс құрылуы оқылуын жеңілдетеді және сенімділік береді. Сөйлем - белгілі бір ойды білдіретін тілдік бірлік. Ол сөздерден құралады және құрамына қарай жай сөйлем және құрмалас сөйлем болып бөлінеді.

30-кесте. Сөйлем түрлері

Түрі	Мысал	Ерекшелігі
Жай сөйлем	Мен кітап оқыдым.	Бір ғана ой
Құрмалас сөйлем	Мен кітап оқыдым, өйткені ол қызықты болды.	Екі немесе одан да көп ой

Жай сөйлемге: «Медеу Сәрсекке 1958 жылы Қазақстан кен -металлургия институтын тәмамдады.» Бұл - нақты бір предикативтік қатынасты білдіретін жай сөйлем: сенімді, айқын, қысқа.

Құрмалас сөйлемге мысал: «Өзін студент ретінде сынақ тапсырып, білімнің биік ордасына жеткізді» немесе «Қаныш Сәтбаев ғылымға деген құштарлығы арқасында ауыр сынақтарды жеңіп өтті, нәтижесінде ол еліміздің біртуар ғалымы атанды» Бұл сөйлемде бірнеше ой байланып жатыр: себеп – нәтиже, жағдай – болмыс қатынасы.

«Медеу Сәрсекке қырық жылдан астам уақытын сарп етіп, Қаныш Имантайұлының өмір жолын зерттеді.» → Бұл құрылымы тұтас, толық және құрмалас сөйлем түріне жатады.

«Ол алғашқы жазбасын Марғұланның қолына ұсына отырып, кітапты жалпы 830 бетке толтырды.» → Мұнда жай сөйлем элементтері біріктірілген, сөйлем толық әрі нақты. Сөйлемнің түрін дұрыс анықтау - мәтін құрылымының сапасын арттырады.

Сөз тіркесі – синтаксистік талдаудың бастапқы және негізгі бірлігі ретінде қарастырылады. Ол сөйлем құраудың құрылымдық материалы ретінде маңызды рөл атқарады.

Сөз тіркестері арқылы тілдік бірліктер өзара байланысқа түсіп, сөйлем ішінде нақты грамматикалық, мағыналық және логикалық қызмет атқарады. Сөз тіркесі – сөйлем мен жеке сөздің арасындағы аралық синтаксистік деңгей.

Сөз тіркестері – толық мағыналы екі немесе одан да көп сөздің бір-бірімен грамматикалық байланыста келіп, бір сұраққа жауап беретін синтаксистік бірлік. Мысалы: «Талапты Білім алушы», «кітап оқыды», «таңертең келді». Бұл тіркестерде басыңқы сөз (Білім алушы, оқыды, келді) мен бағыныңқы сөз (талапты, кітап, таңертең) бір-біріне тәуелді, байланыста тұрып, бір ұғымды білдіреді.

31-кесте. Сөз тіркесінің құрылымдық белгілері

№	Белгісі	Түсіндірмесі
1	Екі толық мағыналы сөзден тұрады	Жалаң шылау, көмекші сөздер сөз тіркесі құрамына кірмейді
2	Сөздер өзара бағыныңқы байланысады	Бір сөз негізгі (басыңқы), екіншісі соған тәуелді (бағыныңқы) болады
3	Сөйлем құрамында жұмсалады	Сөз тіркестері сөйлемдегі мүшелердің қалыптасуына негіз болады

32-кесте. Сөз тіркесінің түрлері

Түрі	Мысал	Байланысу жолы
Матасу	мектептің Білім алушысы	Ілік септік + тәуелдік жалғау
Қабысу	қызыл алма	Жай іргелес тұру арқылы
Жанасу	тез жүрді, жақсы оқиды	Орны мен мағынасы арқылы
Басқау	сабақты оқиды	Барыс септік + етістік

Меңгеру	кітап оқыды, хат жазды	Барыс, табыс, шығыс септіктер арқылы
---------	------------------------	---

Сөз тіркесі – сөйлемнің құрылымдық негізі. Ол арқылы тілдің құрылымы жүйеленіп, ой дәлдігі мен көркемдік реңкі артады. Білім алушылар сөйлеу, жазу барысында сөз тіркестерін дұрыс қолдану арқылы грамматикалық сауаттылықты меңгереді. Бұл әсіресе эссе, баяндама, өмірбаян жазуда және функционалдық сауаттылықты дамытуда маңызды. Сөз тіркесі мен сөйлемді шатастырмау – білім алушы үшін маңызды дағды.

Синонимдер – мағынасы ұқсас, бірақ жазылуы әртүрлі сөздер. Олар сөйлеуде тілдік және стилистикалық дәлдік үшін қажет.

33- кесте. Синоним сөздердің қолданылу стилі

Сөз	Синонимдері	Қолданылу стилі
әдемі	көркем, сұлу, көрікті	бейтарап / көркем
білімді	сауатты, зерделі, көзі ашық	ғылыми / ресми
еңбекқор	тынымсыз, іскер, пысық	бейтарап / публицистикалық

Мысалы, эссе жазғанда «Абай – ақылды адам» деудің орнына «Абай – зерделі, дана, кемеңгер ойшыл» деп жазу - мәтінді көркем, дәл етеді.

Синонимдерді қолдану – тілдің сөз байлығын, сөйлеу мәнерін дамытатын маңызды дағды. Білім алушы синонимдер арқылы:

- ойын көркем әрі әсерлі жеткізеді;
- мәтін мазмұнын байытады;
- стиль мен мағынаға сай сөз таңдайды.
- ойды дәл, нақты және көркем жеткізуге;
- академиялық және шығармашылық мәтіндерді сапалы жазуға;
- ҰБТ, эссе, зерттеу жобаларында табысты болуға көмектеседі.

Тілдік норма – белгілі бір тілдің қолданысында орныққан, сөйлеуші қауым тарапынан мойындалған және рұқсат етілген үлгілер жүйесі. Ғалымдардың пайымдауынша, тілдік норманың табиғаты екі түрлі бағытта көрініс табады: бірі – тілдің өзінде тарихи жолмен қалыптасқан нормалар, екіншісі – ереже арқылы ұсынылған, яғни жасанды түрде реттелген нормалар.

Бірінші түріне тілдің ішкі даму заңдылықтарына сай пайда болған жүйелер жатады. Мысалы, қазақ тіліндегі септеу, жіктеу, шырай, етіс, шақ категориялары, сондай-ақ жұрнақтар арқылы жаңа сөз жасау үдерісі – тілдің табиғи жолмен қалыптасқан, «туа біткен» нормалары болып саналады. Бұл – ғасырлар бойы қолдану нәтижесінде орныққан, өзгеріске аз түсетін жүйе.

Ал ереже арқылы қалыптастырылған нормалар – бұл тілдің дамуында кейінгі кезеңде ғылыми сипаттағы ұстанымдарға сүйене отырып ұсынылған нұсқалар. Мысалы, «мен (пен, бен)» шылауын көмектес септіктің көрсеткіші ретінде қарастыру және оны септік жалғауы сияқты сөзге бірге жазу – бұл қолдан жасалған, яғни нормативті ереже арқылы қалыптасқан норма болып табылады. Сол сияқты екі түбірдің кірігуі арқылы бір сөзге айналуы – табиғи норманың көрінісі. Мысалы, бүгін (бұ + күн), биыл (бұ + жыл), түрегел (тұра +

кел), қайтіп (қалай + етіп) сияқты сөздердің о баста екі түрлі түбірден жасалғанын бүгінде көпшілік байқамайды, себебі олар тілде ертеден қалыптасқан, лексикалық тұтастыққа айналып кеткен.

Ал «гүлдесте», «ойталқы», «жолсапар» сияқты сөздердің біріккен түрін тану – бұл белгілі бір орфографиялық, лексика-семантикалық ережелерге сүйенген тілдік норма. Бұл – тілдің дамуындағы жасанды нормаландыру әрекеті нәтижесінде пайда болған үрдіс.

Академиялық жазылымда бұл айырмашылықтар өте маңызды. Ғылыми, ресми мәтіндерде қалыптасқан, бірізді, кодификацияланған тілдік нормаларға сүйену талап етіледі. Мысалы, ауызекі сөйлеуде жиі кездесетін: «дәрі ішіп алдым – басым ауырып тұр» сияқты құрылым интонация арқылы байланысатын болса, академиялық мәтінде бұл сөйлем: «дәрі ішіп алдым, өйткені басым ауырып тұр» немесе «дәрі ішіп алдым, себебі басым ауырған еді» деген нормаға сай құралуы керек.

Осылайша, академиялық жазылымда тілдің құрылымдық элементтерін дұрыс қолдану, нормаларға бағыну, сөйлем байланыстарын дәл беру – сауатты әрі ғылыми жазылымның басты шарты болып табылады. Бұл білім алушыларға жоғары деңгейдегі жазылым дағдыларын қалыптастыруда және түрлі емтихан, олимпиадалар мен ғылыми жобаларда маңызды рөл атқарады.

Тілдік нормалар - тілдік бірліктердің дұрыс қолданылуын, жазылым мен сөйлеуде бірізділікті қамтамасыз ететін ережелер мен заңдылықтар жиынтығы. Бұл нормалар табиғи жолмен қалыптасқан және ереже бойынша бекітілген (кодификацияланған) болып екіге бөлінеді. Алайда тіл - тұрақты емес, дамушы жүйе. Сол себепті тілдік нормалар уақыт өте келе өзгеріске ұшырап отырады, ал кейде нормалардың бірден бірнеше нұсқасы қатар қолданылуы мүмкін. Мұндай құбылыстар академиялық жазылымда ерекше ескеруді қажет етеді.

1. Табиғи модельдер мен олардың ауытқуы

Қазақ тілінде сөзге қосымшалар жалғанғанда, буын үндестігі сақталады: яғни жіңішке буынды сөздерге жіңішке қосымша жалғануы - табиғи норма. Мысалы:

күнә – күнәсіз, күнәлі,

Күләш – Күләштің,

куә – куәлік.

Алайда кей жағдайларда бұл заңдылықтар бұзылады. Мысалы: Күләшқа, күнәлау, куәландыру деген қолданыстарда қосымша жуан формада жалғанады, бұл - үндестік заңына сай емес. Мұндай ауытқуларға кодификацияланған емле ережелері де әсер етеді: жазуда бір норма бекітілсе, ол сөйлеу машығына да ықпал етіп, орфоэпиялық нормаға айналады.

2. Кірме жұрнақтар мен үндестік заңдылығы

Кірме жұрнақтар (араб-парсы тілді):

-паз, -қой, -қор, -гер осы жұрнақтар жіңішке негізге де жуан түрінде жалғанады: өнерпаз, сәнқой, шайқор, саудагер.

Бұл да қазақ тілінің үндестік заңынан ауытқу. Алайда тілдік модель ретінде олар қабылданып, кодификация арқылы нормаға айналған.

3. Норма ауысуы және вариантты нормалар

Тілдің жазба қолданысында уақыт өте келе «норма ауысуы» немесе «вариантты нормалар» деген құбылыстар орын алады. Бұл бір сәттік процесс емес, ұзақ уақыт бойы біртіндеп жүзеге асады. Мысалы:

кәрия → қария,

ғазиз → әзіз

Бірнеше нұсқасы қатар өмір сүрген сөздердің ішінде біреуі әдеби тілде бекітілген формаға айналады. Бұл - кодификация нәтижесі.

4. Варианттылық пен мағыналық жіктелу

Кейбір сөздердің екі немесе үш түрлі фонетикалық варианты қатар қолданылып, әрқайсысы жеке семантикалық реңкке ие бола бастайды:

ілім – діни, теориялық оқыту (учение),

дөңгелек – пішін атауы,

доңғалақ – арбаның не көліктің бөлігі.

Кейбір жарыспалы нұсқалар қос сөзге айналған:

есеп-қисап, жүдеп-жадау.

Ал бірқатары әдеби тілде қатар қолданылып, тіркесімдік айырмашылықпен ерекшеленеді:

жаудырау – көздің мөлдіреуі, жарық шашуы,

жәудіреу – көбінесе көздің жәудір қарауы.

Бұл сөздердің әрқайсысы жазба мәтіндерде өз орны мен контекстік мағынасына қарай қолданылады.

34-кесте. Тілдік норманың негізгі түрлері

Норма түрі	Мазмұны	Мысалы
Лексикалық	Сөздің мағынасына сай дұрыс қолданылуы	Дұрыс: «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл.» Қате: «Мемлекеттік тіліміз - қазақ тілі»
Грамматикалық	Сөздердің тұлғалық және синтаксистік дұрыс байланысы	Дұрыс: «Ол мектепке келді.» Қате: «Мектепке оның келуі»
Фонетикалық	Дыбыстарды айту және жазу ережесі	Дұрыс: «Тауға барды» (тауға - үндестік сақталған) Қате: «Тауге баратын жол»
Орфографиялық	Сөздерді дұрыс жазу, емле ережелерін сақтау	Дұрыс: «Президент», Қате: «Призидент»
Пунктуациялық	Тыныс белгілерін дұрыс қолдану	Дұрыс: «Мен - келдім, ол - кетті.» Қате: «Мен келгенде ол, кетіп қалды»
Стильдік	Сөздердің қолдану орнына, мақсатқа сай үйлесімді таңдалуы	Дұрыс: «Хат жазып отырмын» (бейресми) Қате: «Жазып отырған хатым бейресми»

Когнитивтік	Мәтін мазмұнының логикалық, мағыналық тұтастығы	Тақырып - Негізгі ой - Қорытынды үйлесімі
-------------	---	--

Қазақ тіл білімінің дамуында грамматика теориясы тілдік жүйені тереңінен тануға негіз болатын маңызды сала саналады. Дегенмен, соңғы онжылдықтарда ғылым дамуына байланысты грамматикалық категорияларды түсіндіруде жаңаша көзқарастар қалыптасты. Бұл өзгерістер тек тілдің формалық жағын ғана емес, сонымен бірге тілдің қызметтік және мағыналық жағына да баса назар аударуға бағытталды.

35-кесте. Грамматиканың бөлімі

Бөлімі	Мазмұны
Морфология	Сөздердің құрылымын, түрленуін, тұлғаларын қарастырады
Синтаксис	Сөздердің сөйлемде байланысу тәртібі мен сөйлем құрылымын зерттейді

Сөз таптары – морфология саласының категориясы, ал сөзжасам – өз алдына лексика-грамматикалық сипаттағы жеке жүйе ретінде танылды. Кейбір жұрнақтардың грамматикалық па, әлде сөзжасамдық па екені төңірегінде түрлі көзқарастар бар. Мысалы: -ғыш, -ғылт, -шыл, -шіл, -ша, -ше жұрнақтары кей зерттеушілерде сөзжасамдық элементтер ретінде қарастырылса, С.Исаев оларды лексикалық мағынаны түбегейлі өзгертпейтін, үстеме реңк қоса алатын грамматикалық формалар деп таниды. Жұрнақтардың тілдік қызметін анықтау олардың семантикалық жүктемесіне және мәтіндегі функциясына байланысты саралануы қажет. Көпке дейін «туынды сөз» мен «туынды түбір» ұғымдары сәйкес ұғымдар ретінде қатар қолданылып келді. Алайда, қазіргі зерттеулер бұл екі терминнің ара жігін анықтады.

Туынды түбір – сөз тудырушы қосымша арқылы жасалған жаңа түбір (еңбекқор, сөздік, жалшы).

Туынды сөз – семантикалық немесе құрылымдық жағынан жаңа мағына алған сөз. Бұл топқа басқар, бүгін, қыр мұрынды сияқты сөздер де енеді. Барлық туынды түбір – туынды сөз, бірақ барлық туынды сөз – туынды түбір бола бермейді.

Ғылым дамыған сайын тілдің терең құрылымы мен қызметі туралы көзқарастар да жаңара бермек. Сондықтан болашақ зерттеуші жастар, әсіресе 10-11 сынып білім алушылары, бұл теориялық негіздерді меңгеру арқылы қазақ тілінің ішкі жүйесін заманауи ғылым тұрғысынан түсінуге дайын болуы қажет.

Сөз – тілдің негізгі бірлігі. Тілдің лексикасындағы әр сөз - белгілі бір заттың, құбылыстың, сапаның атауы. Бірақ сөздер өз алдына, жеке дара күйінде тұрғанда, ойды білдіре алмайды. Мысалы: тұз, ас, дәм, мақал, сөз, сән деген сөздердің әрқайсысы жеке мағынаға ие болғанымен, өзара байланыспайынша ешбір мазмұн, ой тудырмайды.

36-кесте. Грамматиканың түрлері

Түрі	Мақсаты	Ерекшелігі
Тарихи грамматика	Тілдің даму жолын зерттейді	Тарихи кезеңдердегі грамматикалық формалар
Сипаттамалы грамматика	Қазіргі тіл құрылымын сипаттайды	Қазіргі қолданыстағы ережелер
Салыстырмалы грамматика	Туыстас тілдердің құрылымын салыстырады	Қазақ пен қырғыз тілінің септік жүйесі

Адамзаттың қарым-қатынас жасауы ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Жазбаша коммуникацияда тілдің жазу жүйесі (графика, алфавит) мен жазу нормалары басты рөл атқарады. Жазу нормалары ресми түрде бекітілген ережелер арқылы да, тілдік дәстүрге сүйенген тәжірибе арқылы да орнығуы мүмкін. Алайда ұлттық жазба тілдің тұрақты дамуы үшін жазу ережелерінің жүйеленуі, ресми сипат алуы және көпшілікке міндетті болуы – уақыт талабы.

Қазақ тілінің қазіргі орфографиялық жүйесі де дәл осы талаптармен қалыптасып, белгілі бір тарихи кезеңдерде түрлі реформалар мен түзетулерден өтті.

Қазақ жазуы XX ғасырдың басынан бастап үш түрлі графикалық жүйені пайдаланғаны белгілі:

1. Араб жазуы (А.Байтұрсынов үлгісі)
2. Латын жазуы (1929–1940);
3. Кирилл әліпбиі (1940 жылдан бастап).

Көп өзгерістерге ұшыраған бұл кезеңдерде жазу дәстүрі толық қалыптаса қоймағандықтан, емле ережелерін ресми түрде заңдастыру қажеттігі туындады.

1940 жылы кирилл графикасы негізінде жаңа қазақ жазуы қабылданып, алғашқы емле ережелері бекітілді.

1957 жылы сол ережелердің тәжірибе барысында анықталған кемшіліктері ескеріліп, жаңа редакциясы Үкімет қаулысымен ресми түрде бекітілді.

1983 жылғы өзгерістерден кейінгі редакция қазіргі уақытқа дейін негіз ретінде қолданылып келеді.

Емле ережелері ресми түрде заң түрінде қабылданғанымен, олардың қоғамда тиімді қолданылуы - тілдік сананың, мәдениеттілік деңгейінің, жалпы тіл тұтынушысының жауапкершілігімен тығыз байланысты. Ереже тек қағаз бетінде емес, қоғамдық тәжірибеде орнығуы тиіс. Егер әр адам ережені өз бетінше интерпретациялап, өзгеше қолданса, ол сауатты ұлттың, өркениетті қоғамның нышаны бола алмайды.

Орфографиялық ережелердің тұрақты қолданылуы - тек тілдік нормалардың дұрыстығына ғана емес, сонымен қатар олар сүйенетін ғылыми тұжырымдардың дәлдігіне де байланысты.

Қол орамал, жақ сүйек, ақ сары – бір мағына білдіргенімен, олар біріккен сөздер емес, күрделі сөздер, сондықтан бөлек жазылады. Ал бүгін, қолтаңба сияқты сөздер – бірігу арқылы жасалған және бірге жазылады. Бірақ бұл айырмашылық мектеп бағдарламасында нақты үйретілмегендіктен және ғылыми ортада бірізділік болмағандықтан, жиі қателіктер орын алуда. Осы

себепті қате «атүсті», «таңата», «алқызыл», «онбір» түрінде бірге жазылып жүрген жағдайлар кездеседі.

36-кесте. Орфографиялық норма

Орфографиялық норма мысалдары	Қате жазылуы	Дұрыс жазылуы
Мемлекеттік атаулар	Қазақыстан	Қазақстан
Етістік жұрнақтары	айттығы	айттығың
Біріккен сөздер	мектеп ішілік	мектепшілік
Шылаумен бірге жазылмауы	келдіғой	келді ғой

Орфографиялық норма көркем шығармаларды сауатты, мағыналы қабылдауға көмектеседі. Жазушы мен оқырман арасында түсіністік орнайды. Егер мәтін орфографиялық тұрғыдан қате жазылса, оқырманның қабылдауына кедергі келіп, мазмұн бұрмалануы мүмкін.

Абай Құнанбайұлы, «Сегіз аяқ» өлеңі

«Сөзуар білгіш,

Законшік, көргіш,

Атанбақ – мақсұт, мақтанбақ.

Жасқанып, қорқып,

Жорғалап, жортып,

Именсе елің, баптанбақ.

Қарғағанын жер қылмақ,

Алдағанын зор қылмақ.»

38-кесте. Орфографиялық нормаға сай талдау

Мәтін бөлімі	Орфографиялық талдау	Норма сақталған ба?
Сөзуар білгіш	Сөзуар – тіркескен сөз (сөз + уар – бейнелі сипаттама), дұрыс жазылған. Білгіш – туынды сын есім.	Иә
Законшік, көргіш	Законшік – кірме сөз (орыс тілінен «закон»), + «-шік» жұрнағы – сын көзбен берілген, поэтикалық норма.	Иә (әдеби стильде)
Атанбақ – мақсұт, мақтанбақ	Атанбақ, мақтанбақ – етістік түбіріне «-бақ» мақсат жұрнағы жалғанған, мақсұт – көне сөз, қазіргіше «мақсат».	Иә
Жасқанып, қорқып	Етістіктің көсемше формалары. Құрылымы дұрыс.	Иә

Жорғалап, жортып	Бір түбірден тарайтын қозғалыс мағыналы көсемшелер.	Иә
Именсе елің, баптанбақ	Именсе – «қорықса» мағынасында, ескірген форма. Баптанбақ – бейнелі, мақсат мағынасындағы етістік.	Иә (архаизм)
Қарғағанын жер қылмақ	Қарғағанын жер қылмақ – көркем ауыстыру, «қарғыс арқылы құрту» мағынасы.	Иә
Алдағанын зор қылмақ	Зор қылмақ – «зор» – көлем мағынасы емес, «ұлық, биік қылу» мағынасында.	Иә

Ауыстыруға келмейтін тұстар:

Законшік – қазіргі қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде кездеспейді, бірақ Абай поэзиясындағы бейнелі сын – тарихи, стильдік нормаға жатады. → Бұл сөзді «заңгер» «заңшыл» деп ауыстыру поэтикалық мағына мен ырғақты бұзады, сондықтан ауыстыруға болмайды.

Мақсұт – Абай дәуіріндегі қалыпты қолданыс. Қазіргі тілмен «мақсат» десек те, автордың тарихи тіліне құрметпен қарау керек. → Ауыстыру ұсынылмайды.

Баптанбақ – сирек қолданылатын поэтикалық сөз. «Жарасуға тырысу», «жағымпаздану» мағынасында. → Бұл – контекстке сай жазылған, қазіргі нұсқаға ауыстырсақ – мағынасы мен экспрессиясы бұзылады. Терминдер мен атаулардың орфографиялық дұрыстығы

Романдағы терминдер мен тарихи атаулардың дұрыстығын сақтау - мәтіннің ғылыми және тарихи дәлдігін қамтамасыз етеді.

Мысалы: Е.Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесінен үзінді

«Жұлым-жұлымы шыққан маришутканың ішіне есіктен ытқып шығардай сығылып әрең сыйдық та, қонақтаған тауықтай бір-бір аяғымызды көтеріп тұра қалдық. Маришутка қиралаңдап жетім бұрышқа қарай тартып келеді. Ойым әлгі алдамшы әйелді тауып алып, сазайын тарттыру. Ең болмағанда қолымда жүрген туфли өкішесімен маңдайдан тарс еткізу. Ызадан булыққаным сонша, ішімнен тынып әрең келем, жол бойы келіншегім екеуіміз бір ауыз үн қатысқан жоқпыз. Массаждан шыққан адамдай қиралаңдап жеттік ақыры. Делдал әйел сужұқнастың өзі екен, біздің қайтып келетінімізді білгендей тайып тұрыпты.»

39-кесте «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесіне терминдік талдау

Сөз/тіркес	Талдау
Маршрутка	Қалалық қоғамдық көлік атауы, кең таралған сөз. Қазақ тілінің соңғы сөздіктерінде берілген. Бұл – қалалық лексика термині, дұрыс қолданылған.

Делдал әйел	Делдал – ресми-экономикалық термин (ортада дәнекер болатын адам). Бұл сөз көркем тілде нақты мағынада (жылжымайтын мүлік сатушы) қолданылады.
Туфли өкшесі	Туфли – орыс тілінен енген, сөйлеу тіліне сіңіп кеткен кірме сөз. Қазақ орфографиясында «туфли» түрінде жазылады. Бұл – тұрмыстық, тұрпаттық лексика.
Жетім бұрыш	Қалалық сөйлеу тілінен енген бейресми атау. Белгілі бір қыспақтағы немесе қиылыстағы аумақты білдіреді, бейтарап атау ретінде әдеби нормада қолданылуы шектеулі. Бірақ бұл мәтінде көркем стильдің дәлдігі үшін дұрыс қолданылған.

40-кесте. Көркемдік бейнелеу құралдары мен стилистикалық дәлдік:

Бейнелі тіркес	Талдау және нормаға сәйкестігі
«Қонақтаған тауықтай»	Теңеу. Бейнелі салыстыру. Стилистикалық жағынан өте сәтті, реалистік.
«Ысқырып шығардай сығылып»	Гипербола (асыра сілтеу). Эмоцияны жеткізуде қызмет етеді. Орнықты.
«Сужұқпастың өзі екен»	Фразеологизм, ауыспалы мағынада. Образ ашуда өте тиімді.
«Массаждан шыққан адамдай қиралаңдап жеттік»	Ирония мен сарказм элементі. Контекстке сай.

Орфографиялық даулардың себебі – көп жағдайда емле емес, тілдік құбылысты түсіндіруші ғылым салаларының кемшілігі. Болашақтағы емле реформалары осы бағытта жүргізілсе, қазақ жазуы сауатты, бірізді әрі ғылыми Ғылым мен білімнің дамуында бұқаралық ақпарат құралдары мен баспа саласының дамуы редакциялау ұғымының маңызын арттыра түсті. «Редакциялау» термині латын тілінен шыққан *redactus* сөзімен байланысты, ол «ретке келтіру, түзету, өңдеу» деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғым тек техникалық әрекет емес, мәтінмен жүргізілетін күрделі, кешенді әрі шығармашылық сипаты басым үдеріс болып табылады. Редакциялау - мәтіннің мазмұны мен формасын біріздендіріп, оның құрылымдық, тілдік және мағыналық жағынан сапасын арттыруға бағытталған маңызды әрекет.

Жалпы редакциялаудың басты міндеті – автор ұсынған мәтінді мазмұндық, құрылымдық және тілдік тұрғыдан сараптап, оны стандарттарға сәйкестендіру және оқырманға түсінікті, сауатты түрде ұсыну. Бұл – әсіресе жоғары оқу орындарындағы ғылыми жұмыстарды, мақалаларды, диплом, диссертация және жобаларды әзірлеу барысында өзекті.

Редакциялаудың негізгі жұмыстары төрт негізгі бағытта жүргізіледі:

1. Құрылымдық редакциялау

Бұл кезеңде мәтіннің логикалық құрылымы, композициясы, мазмұнның жоспарға сәйкестігі тексеріледі. Мәтін белгілі бір ғылыми, әдеби немесе публицистикалық құрылымға сай болмаған жағдайда, ол қайта қарау үшін авторға қайтарылады. Мысалы, ғылыми жұмыста кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі сияқты бөлімдердің болмауы құрылымдық кемшілік болып саналады.

2. Техникалық редакциялау

Мәтіннің сыртқы безендірілуі мен техникалық параметрлерінің стандарттарға сәйкестігі тексеріледі. Оған қаріптің өлшемі мен түрі, абзац шегіністері, жоларалық интервал, бет жиектері, мәтінді туралау, сондай-ақ кесте, сурет, сызба, диаграмма секілді графикалық элементтердің сапасы мен орналасуы жатады. Бұл әсіресе баспа, электрондық журнал немесе университеттік талаптарға сай рәсімделген ғылыми жұмыстарда маңызды.

3. Әдеби (тілдік-стилистикалық) редакциялау

Бұл кезеңде мәтіндегі орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық қателер мен стильдік сәйкессіздіктер түзетіледі. Сонымен қатар терминдердің дұрыстығы, сөз қолданыстың дәлдігі, сөйлемдердің қисындылығы, логикалық байланыс жүйесі сарапталады. Автордың ойын анық жеткізуіне көмектесетін бұл бағыт - академиялық мәтіннің сапасын арттырудағы негізгі тетік.

4. Семантикалық (мағыналық) редакциялау

Редактор мәтіннің жалпы мазмұнын, ғылыми немесе публицистикалық дәлдігін бағалайды. Мәтінде келтірілген ақпараттың нақтылығы, дәлдігі, дереккөздермен сәйкестігі мен логикалық бірізділігі сараланады. Бұл әсіресе ғылыми мәтіндерде – гипотеза, дәйексөз, тұжырым және қорытындының қисындылығы үшін маңызды.

Редакциялаудың бір тармағы ретінде қаралатын әдеби өңдеу - көркем әдебиетте, публицистикада және аударма саласында жиі кездесетін маңызды іс-әрекет. Әдеби өңдеу автор мәтінін стильдік, логикалық, тілдік тұрғыдан жетілдіруді көздейді. Бұл үдеріс көбінесе:

- артық сөздер мен шұбалаңқылықты қысқарту,
- сөйлемдердің құрылымын нақтылау,
- баламасыз қолданыстарды түзету,
- сөйлемдердің өзара байланысын күшейту арқылы жүзеге асады.

Аударма мәтінін редакциялауда түпнұсқаға сәйкестік, мағыналық балама, грамматикалық және стильдік дәлдікке ерекше назар аударылады. Мұндай жұмыс – тек тілдік білім емес, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникацияны терең түсіну мен көркем тілдік сезімталдықты талап етеді.

Редактор - мәтінмен жұмыс істеудің барлық кезеңіне жауапты кәсіби тұлға. Ол автордың ойына құрметпен қарап, мәтінді бұзбай, оны жақсартып, жетілдіруге бағытталған іс-әрекет жасайды. Авторлық стильді сақтау, жаңа сөздер мен терминдерді дәл тану, неологизмдерді сараптау – редактор кәсібінің маңызды міндеттері.

Академиялық мәтіндерде редактор ғылыми дәлдікті сақтауға, мәліметтер мен деректердің нақтылығына, сілтемелер мен библиографиялық

көрсеткіштердің дұрыстығына да назар аударады. Бұл ғылыми еңбектің сапасы мен сенімділігін арттырады.

Академиялық ортада редакциялау - ғылыми стильдің сақталуы мен ғылыми этиканың орындалуына негіз болатын басты тетік. Сондықтан бұл үдеріс кез келген ғалымға, журналистке, аудармашыға, редакторға, жалпы мәтінмен жұмыс істейтін шығармашыл маманға аса қажет кәсіби қабілет.

Бүгінде редакциялау – тек тәжірибелік дағды емес, ғылыми зерттеу нысаны ретінде де қарастырылады. Осы орайда редакциялау жұмыстарының әдіснамасы мен әдістемесі жүйеленіп, редакторлық талдау мен түзетудің ғылыми негіздері қалыптасып келеді.

Мәтінді өңдеу мен түзету жұмысы белгілі бір әдістемеге сүйеніп жүргізіледі. Редактор ең алдымен мәтінді толық түсініп, идеялық және мазмұндық құрылымына терең бойлап шығуы қажет. Бұл - көркем әдебиет пен публицистика саласындағы дәстүрлі редакциялау әдісінің негізі. Ал ғылыми және техникалық мәтіндерге қатысты редакциялаудың динамикалық әдісі кеңінен қолданылады. Бұл тәсілде редактор мәтінмен бірнеше мәрте жұмыс істейді: алдымен толық зерттеп оқиды, қажет түзетулерді енгізеді, соңында баспаға ұсынылар алдында тағы бір тексереді.

Қазіргі редакциялау практикасында төрт негізгі түзету түрі кеңінен қолданылады:

1. Қайта оқып түзету

Бұл тәсіл мәтін мен түпнұсқаны салыстыра отырып жүргізілетін орфографиялық, пунктуациялық, техникалық қателерді түзетуге бағытталған. Ресми құжаттар мен қайта басылымға дайындалып жатқан материалдарда жиі қолданылады. Мысалы: «Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін тәуелсіз сыртқы саясат жүргізе бастады. Сыртқы саясаттың басты бағыттарының бірі – әлемдік қауымдастықпен тең құқықты, өзара тиімді қарым- қатынас орнату». Қайта оқып түзету барысында табылған қателер: «кейін» → кейін (орфографиялық қате – «і» әрпі диакритикасыз жазылған); «саясаттың» → дұрысы «саясатының» (алдыңғы сөйлеммен стильдік үйлесім тексеріледі); тыныс белгісі ретінде соңғы сөйлемде нүкте дұрыс қойылмаған.

Түзетілген нұсқасы: «Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін тәуелсіз сыртқы саясат жүргізе бастады. Сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі - әлемдік қауымдастықпен тең құқықты, өзара тиімді қарым- қатынас орнату.»

2. Қысқарту арқылы түзету

Мәтінді мазмұндық және логикалық тұтастығын бұзбай ықшамдау әдісі. Әдетте шұбалаңқы сөйлемдер, мазмұн қайталауы немесе артық дәлелдер кездесетін жағдайда, мәтінді белгіленген көлемге (жол, бет, таңба) сай ықшамдау қажет болғанда қолданылады.

Орфографиялық, пунктуациялық және техникалық қателерді түпнұсқамен салыстыра отырып түзету. Мысалы:

Түпнұсқа: Бүгінгі таңда Қазақстан – тұрақты даму жолында келе жатырған елдердің бірі.

Қате тұсы: «келе жатырған» → дұрыс емес, орнына «келе жатқан» қолдану керек. Бұл - грамматикалық емес, лексикалық жағынан дәл емес қолданыс.

Түзетілген: Бүгінгі таңда Қазақстан – тұрақты даму жолында келе жатқан елдердің бірі.

Мәтінді қысқартуды бөліктер мен қысқартудан бастап, мәтінішілік қысқартумен аяқтау керек. Мұндай жүйелілік редакциялаудың – әуелі мәтіннің құрылым негізін, тұтастығын жетілдіру, сосын барып бөліктерін түзету сияқты жалпы принциптеріне сәйкес келеді. Егер газет редакциясына түскен материалдарды белгілі себептерге байланысты қысқарту керек болса, онда ол қысқартылады.

41-кесте. Тақырып: Қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде.

Толық мәтін (бастапқы нұсқа)	Қысқартылған нұсқа (газет/анықтамалық форматында)
Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. 1997 жылы қабылданған «Тіл туралы» заңда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі айқын көрсетілген. Бұл заң бойынша қазақ тілі барлық мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісі және іс жүргізу салаларында ресми түрде қолданылады. Елдің әрбір азаматы қазақ тілін білуге, меңгеруге ұмтылуы керек. Сонымен қатар, еліміздегі басқа да этностардың тілдерін дамытуға мүмкіндік берілген. Қазіргі таңда қазақ тілін дамыту мен қолдану аясын кеңейту мақсатында көптеген бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Мысалы, «Мемлекеттік тіл - ұлт тірегі» жобасы арқылы оқулықтар әзірленіп, тіл курстары ашылды. Тілді меңгеру - тек мемлекеттің міндеті емес, бұл - әр азаматтың парызы. Қазақ тілін білу - елге деген құрмет, ұлттық бірегейлікті сақтау жолы.	Қазақ тілі – мемл. тіл. 1997 ж. «Тіл туралы» заңда қазақ тілінің мемл. мәртебесі анықталды. Ол мемл. басқару, заң шығару, сот ісі және ресми құжат жүргізу тілі ретінде қолданылады. Қ.Р. азаматтары тілді білуге тиіс. Сонымен қатар өзге этнос тілдерін дамытуға жағдай бар. Мемл. тіл аясын кеңейту мақсатында «Мемл. тіл – ұлт тірегі» жобасы аясында оқулықтар дайындалып, курс жұмыстары жүргізілуде. Тілді білу – әр азаматтың парызы.

42-кесте. Салыстыру үлгісі

Редакциялық амал	Мысал / қолданылуы
Бөліктермен қысқарту	Екінші абзацтағы «басқа этностардың тілдерін дамыту...» сияқты егжей-тегжейлі тұстар қысқартылды.
Мәтінішілік қысқарту	«Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады» → «Қазақ тілі – мемл. тіл» түрінде ықшамдалды.
Қысқартылған сөздер	мемлекеттік – мемл., жыл – ж., Қазақстан Республикасы – Қ.Р. т.б.
Жол мен таңба үнемі	100 сөздің орнына 50-60 сөзге сыйғызу, энциклопедиялық форматқа сәйкестік

3. *Өңдеу арқылы түзету*

Автордың негізгі идеясын сақтай отырып, композициялық, логикалық және тілдік құрылымдағы кемшіліктерді жою тәсілі. Бұл түрінде деректік дәлсіздіктер, грамматикалық қателер, стильдік сәйкессіздіктер өңделіп, мәтін бірізділікке түсіріледі. Мысалы:

Түпнұсқа: Елімізде білім беру саласында біраз өзгерістер болды, мұның бәрі мектептер мен университеттерде де көрініс тауып отыр, себебі білім маңызды сала.

Түзетілген: Соңғы жылдары еліміздің білім беру саласында ауқымды реформалар жүзеге асты. Бұл өзгерістер мектептер мен университеттерде айқын байқалады.

Өндеп түзету барысында тұтас кешенді операциялар қолданылады: фактілер айқындалады, мәтіннің логикалық қайшылықтары жойылып, композициялық кемшіліктері түзетіліп, шығарманың тілдік қыры жетілдіріледі (барлық лексикалық және стилистикалық кемшіліктері жойылады) және сол арқылы автордың түпкі ойы нақтыланады.

4. *Қайта жазып барып түзету*

Бұл – әдеби тілді меңгеру деңгейі төмен авторлар қолжазбаларын дайындау кезінде қолданылатын тәсіл. Автордың ойы мен стилін сақтау негізінде мәтінді толық қайта жазу арқылы түбегейлі өңдеу жүзеге асады. Бұл әдіс шығарманың көркемдік, ғылыми немесе публицистикалық сапасын арттыруға бағытталады.

Мысалы: Түпнұсқа: Қазақстанда экономика өте маңызды. Ол елдің өсуіне әсер етеді. Адамдар жұмыс істейді.

Түзетілген (қайта жазылған): Қазақстан экономикасы – ел дамуының негізгі факторы. Ол тұрғындардың еңбек белсенділігі мен өмір сапасына тікелей әсер етеді.

Аударма редакциялау саласында бұл әдіс кеңінен қолданылады. Ағылшын - қазақ тіліндегі аудармаларды әдеби өңдеу кезінде мәтіннің мағынасын сақтай отырып, оны көркем, ғылыми стильге қайта бейімдейді. Мысалы, Ұлттық аударма бюросының «100 жаңа оқулық» жобасында бұл әдіс кең қолданылды.

Мәтінмен жұмыс істеу, мәтінді жетілдіру – жоғары теориялық дайындықты, кәсіби шеберлікті және терең филологиялық білімді қажет ететін күрделі шығармашылық үдеріс. Әдеби редакциялау - тек түзету емес, сонымен қатар мазмұнды жетілдіру, құрылымды үйлестіру және мәтін сапасын арттыруға бағытталған кәсіби қызмет. Академиялық ортада бұл үдеріс ғылыми коммуникацияның нақтылығын, сенімділігін және сапасын қамтамасыз етудің негізгі құралы болып табылады.

Өзін-өзі түзету – жазылған мәтінге автордың өз бетімен қайта қарап, қателерді тауып, мазмұн мен құрылымдық кемшіліктерді түзетуі. Бұл - жазу дағдысын жетілдірудің негізгі жолдарының бірі. Білім алушы өз ойын анық, түсінікті жеткізе алды ма, сөйлемдер дұрыс құрылған ба, грамматикалық, тыныс белгілері қате емес пе – осының бәріне назар аударып, өзі редакциялайды. Мысалы: 10-сынып білім алушысы эссе жазып болған соң, бір күннен кейін оны қайта оқып шығады. Мәтіндегі артық қайталанған ойларды

алып тастайды, кей сөйлемдерді қысқартып, нақтылайды. Сөйтіп, шығарманың сапасы жақсарады.

Қандай жұмыс түрлерін қолдануға болады?

Екі кезеңмен эссе жаздыру:

- Алдымен - алғашқы нұсқа (қара жұмыс)
- Кейін - өзін-өзі түзетуден кейінгі нұсқа (таза жұмыс)

«Түзету парағы» әдісі

Білім алушыға арнайы сұрақтар беріледі:

- Мазмұн түсінікті ме?
- Негізгі ой анық па?
- Сөйлемдер грамматикалық дұрыс құрылған ба?
- Артық немесе қайталанатын сөйлемдер бар ма?

«Қос нұсқа» тәсілі:

- Мәтіннің екі нұсқасын салыстыру
- Қайсысы тиімді екенін дәлелдеу

Деңгейлік жетілдіру әдісі:

Мәтінге белгілі бір бағытта өзгерістер енгізу:

- I деңгей: тек тыныс белгісін түзету
- II деңгей: сөз тіркесін нақтылау
- III деңгей: тұтас абзацты өңдеу

Мысалы: 1-нұсқа (алғашқы):

Менің сүйікті кітабым – «Абай жолы». Бұл кітапта қазақ халқының өмірі жақсы жазылған. Маған бұл кітап өте ұнайды. Абай ақын болған. Ол ақылды болған. Кітап қызықты.

2-нұсқа (түзетілген):

Менің сүйікті кітабым – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы. Бұл туындыда қазақ халқының салт-дәстүрі, рухани болмысы терең сипатталған. Абай – ақын ғана емес, ағартушы, ойшыл тұлға. Кітаптағы оқиғалар мені терең ойға жетелейді, сондықтан бұл шығарма маған ерекше әсер қалдырды.

Өзін-өзі түзету – білім алушыны тек сауатты жазуға емес, сын тұрғысынан ойлауға, өз жұмысын жетілдіруге үйрететін құрал.

Кері байланыс негізінде редакциялау – бұл білім алушының жазған мәтініне педагогтің, сыныптастың немесе сарапшының пікір-бағасын негізге ала отырып өзгерістер енгізуі, яғни сыртқы көздің ескертулеріне сүйеніп мәтінді жетілдіру үдерісі.

Кері байланыс – білім беру процесінің ажырамас бөлігі. Бұл – білім алушының жұмысындағы жетістіктері мен кемшіліктері туралы нақты әрі бағытталған пікір айту. Ал кері байланыс арқылы редакциялау – осы пікірлерді ескере отырып, мәтінді мазмұндық, құрылымдық, тілдік тұрғыдан жақсарту. Мысалы: 10-сынып білім алушысы «Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз» атты эссесін жазды. Мұғалім: «Негізгі ой жақсы, бірақ кіріспеде тақырып анық ашылмаған. Пайдаланған дәйек сөз нақты болсын» – деген кері байланыс береді. Осыдан кейін білім алушы мәтіннің кіріспе бөлімін қайта жазып, дәйек сөзді нақтылап, эссесін жетілдіреді.

Кері байланыс түрлері:

1. Педагогтің жазбаша кері байланысы

Мәтінге түсініктеме беру:

«Бұл сөйлем ұзақ әрі күрделі – екіге бөлсең, нақтырақ болар еді.»

2. Сыныптастың кері байланысы

Білім алушылар бір-бірінің жұмысын оқып, 2 жақсы тұс пен 1 ұсыныс жазады.

3. Бағалау критерийлерімен кері байланыс

Білім алушы өзін немесе досын бағалау парағы арқылы тексереді:

Кіріспе нақты ма?

Негізгі ой қолдау тапты ма?

Дәйек келтірілді ме?

4. Қайта жазу тапсырмасы

Алғашқы жазылымнан кейін мұғалім кері байланыс береді, білім алушы қайта жазып, жетілдіреді, соңғы нұсқасын өткізеді.

Мысалы: Эссе жазылымындағы кері байланыс

Алғашқы нұсқа: «Тәуелсіздік қазақ елі үшін маңызды. Ол еркін өмір сүруге мүмкіндік береді. Біз тәуелсіз елміз.»

Педагогтің кері байланысы:

«Кіріспеде тақырып ашылмаған.»

«Нақты дәйек сөз немесе тарихи мысал қос.»

«Соңғы сөйлем мазмұндырақ болғаны дұрыс».

Жетілдірілген нұсқа: «Тәуелсіздік – ұлт болашағының кепілі. Қазақ халқы үшін бұл ұғым тек саяси емес, рухани мәнге ие. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыз азаттықты ұрпаққа аманат етті.»

Комментарий қандай болуы керек?

- Нақтылы: жай ғана «жақсы жазылған» дегеннен гөрі, «Кіріспеде негізгі ой жақсы ашылған, бірақ екінші абзацта дәлел келтірілмеген» деген нақты ескертпе құндырақ.

- Құрылымды қамтуы керек: мазмұн, құрылым, тілдік норма, дәйектеме, мысал, логикалық байланыс т.б.

- Сын емес, серіктестік мәнінде: білім алушыны кемсіту емес, дамыту мақсатын көздейді.

- Құндылыққа негізделген: баланың күш-жігерін бағалай отырып, жақсарту жолын ұсынады.

43-кесте. Комментарий жазу мысалдары (10–11 сынып эссе/шығарма үшін)

Мәтін бөлігі	Комментарий мысалы
«Біз – тәуелсіз елміз»	Жақсы ой, бірақ дәлел қажет. Мысалы, қандай жетістіктер тәуелсіздікті көрсетеді?
«Бұл – менің ойымша, дұрыс шешім»	Сөйлем тым жалпы. Нақты не шешім екенін жазсаң, оқырманға түсінікті болады.
Қорытынды бөлімі тым қысқа	Қорытындыға өз пікіріңді қосып, мәтінге нүкте қой. «Меніңше...» деген форма көмектеседі.

Жақсы жазу – жақсы комментарийден басталады. Білім алушы оны тек «сынау» емес, өсу құралы ретінде қабылдаған кезде, ол толыққанды академиялық жазушыға айнала бастайды.

Тілдерді білу дағдысы: академиялық жазылым - бұл барлық басқа тілдік дағдылардың синтезі. Түрлі мәселелерге байланысты өзге адамға сұрақ қою және өзіндік пікірін дәлелдеу үшін грамматика, академиялық сөздік қажет болады.

Тілді білу дегеніміз – оны түсіну, қолдану, грамматикалық құрылымдарды дұрыс пайдалану, сөз байлығын меңгеру, сауатты жазу мен сөйлеу деген ұғымдарды қамтиды. Ал көп тілді білу – сол тілде ойды нақты, дәл, сауатты жеткізе алу қабілеті. Байланысы неде?

– Академиялық жазылым – тілдік дағдылардың синтезі. Білім алушы өз ойын жаза отырып, тақырыпты түсініп (оқылым), оған жауап беріп (жазылым), пікір білдіріп (айтылым), қажет жерінде сұрақ қойып, дәлел келтіреді (тыңдалым). Бұл – кешенді тілдік жұмыс.

– Грамматиканы меңгермей, академиялық жазылымда жетістікке жету мүмкін емес. Сөйлемнің дұрыс құрылуы, сөздердің өз орнында қолданылуы, тыныс белгілердің сауатты қойылуы – жазбаша жұмыстардың сапасын анықтайтын негізгі талап.

– Сөздік қор мен терминология – ойды нақтылаудың құралы. Әсіресе ғылыми стильде өз ойын білдіру үшін білім алушы сәйкес академиялық лексиканы, тақырыпқа сай терминдерді дұрыс қолдануы қажет. Мысалы: 10-сынып білім алушысы «Қазіргі қоғамдағы интернеттің рөлі» атты эссе жазды делік. Ол өз ойын мынадай құрылымда жеткізеді:

1. Кіріспеде – интернеттің бүгінгі өмірдегі орны туралы жалпы шолу;
2. Негізгі бөлімде – нақты 3 дәлел келтіреді (білімге қолжетімділік, байланыс жылдамдығы, уақыт үнемдеу);
3. Қорытындыда – интернеттің пайдалы жақтарын ескере отырып, оны дұрыс пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді.[9]

Мұндай жазылымда білім алушы грамматикалық білімін (сөйлем құрылымы, етістік шақтары), лексикалық қорын (термин сөздер: технология, коммуникация, цифрлық сауаттылық), логикалық құрылымдау дағдысын қолданады. Мысалы: 11-сынып білім алушысы зерттеу жобасында «Көптілділік – болашақ маман иесінің артықшылығы» тақырыбын алды. Бұл жазылымда ол:

1. Кіріспеде – мәселенің өзектілігін көрсетеді;
2. Зерттеу әдістерін сипаттайды;
3. Жинаған деректер негізінде қорытынды шығарады;
4. Пайдаланған әдебиеттерге сілтеме береді.

Академиялық жазылым - тілді жан-жақты меңгерудің биік сатысы. Білім алушы үшін бұл - сыни ойлау, сауатты сөйлеу, өз ойын дәлелмен жеткізу, жауапкершілікпен жұмыс істеудің тиімді жолы.

10-11 сынып білім алушыларына ұсыныс:

- Күнделікті сөйлем құрау, эссе жазу, пікір білдіру арқылы тілдік дағдыларды дамыту;
- Грамматикалық білімді қайталау;
- Академиялық сөздер мен терминдерді жинақтап отыру;
- Өз жұмысын түзету, редакциялау және педагогтің кері байланысын талдау дағдысын қалыптастыру.

44-кесте. Академиялық сөздерді тілде дұрыс қолдану

Кәдімгі сөз	Академиялық баламасы
ойлаймын	пайымдаймын, тұжырымдаймын
дұрыс емес	дәлелсіз, ғылыми негізі жоқ
жақсы	тиімді, нәтижелі
айту	баяндау, мәлімдеу

Эссе – белгілі бір тақырыпқа қатысты дербес пікір білдіру, оны нақты дәлелдермен негіздеу және ұтымды құрылымда ұсыну арқылы орындалатын жазба жұмыс. Эссе жазу арқылы білім алушы академиялық жазылым талаптарына сәйкес ой құрауды, өз ойын құрылымдауды, дәлел келтіруді үйренеді.

Эссе жазу не үшін қажет?

Сын тұрғысынан ойлау қалыптасады. Білім алушы тек мәтінді оқып қана қоймай, оны түсініп, бағалайды, салыстырады, дәлелдейді. Академиялық стильдегі жазуға машықтанады. Эсседе дәлдік, нақтылық, құрылым, терминдерді қолдану - академиялық жазылым талаптарына сәйкес келеді. Зерттеушілік құзырет қалыптасады. Өз пікірін дәлелдеу үшін білім алушы қосымша ақпарат іздеп, дереккөздерге жүгінеді. Мысалы: «Тіл - ұлттың жаны» тақырыбында эссе жазу арқылы білім алушы тілдің маңызын дәлелдеу үшін қазақтың ақын-жазушыларына, мақал-мәтелдерге, тарихи деректерге сүйеніп пікір айтады. Эссе жазу құрылымы:

45-кесте. Академиялық жазу үлгісіне сай эссенің құрылымы

Бөлім	Мазмұны	Тәсілі
Кіріспе	Тақырыпты таныстыру, мәселе қою, өз көзқарасын ұсыну (тезис)	«Меніңше...», «Бұл тақырып қоғам үшін маңызды, себебі...»
Негізгі бөлім	Нақты дәлелдер, мысалдар, талдау	«Біріншіден...», «Мысалы...», «Себебі...»
Қорытынды	Қысқаша түйін, ұсыныс немесе тұжырым	«Сондықтан...», «Қорыта келе...»

Эссенің маңызды ережелерінің бірі – тезис қою. Тезис – эссенің кілті. Кілті табылмаса, эссенің негізгі мақсатына жетуі де қиындыққа ұшыратады. Тезис - автор ұстанымы, негізгі бөлімде дәлелденетін ойға сілтеуші негізгі идея. Тезис кіріспе бөлімде қойылады. Кіріспе бөлімде нені қамту керек? Кіріспе бөлімде эссе жазушы эссе тақырыбына түсінік береді. Осы арқылы жазушының эссе тақырыбын түсінгенін анықтай аламыз. Бұл тақырып неліктен өзекті екендігі

жазылады. Тақырып және оның өзектілігі туралы жазылғаннан кейін тезис қойылады. Тезистен кейін негізгі бөлімге көшуші сөйлем жазылады. Тезис нақты әрі анық берілсе, жазбауға да болады. Тезис – бұл дәлелдейтін немесе жоққа шығаратын тұжырымдама-пайымдаулар. Тезистің басты ерекшелігі ұсынылатын дәйектерге дәлелдер келтірілуі тиіс.

Негізгі тезистер – дерек көзінің мазмұнын жалпылайтын басты тұжырымдамалар. Мұндай тезистерден кейбір жағдайда материалдардың мазмұнын тұтастай айқындайтын жеке жазбалар жасалады.

Қарапайым тезистер – бұл басты ой-пайымдаулар, кейде конспектінің, рефераттың құрамдас бөлігі ретінде енгізіледі. Кез келген еңбекте, оның әрбір бөлімдерінде қарапайым тезистер көбірек кездеседі.

Күрделі тезистер - негізгі және қарапайым тезистер қатар қолданылатын, ойды бекітудің пайдалы және жетілген түрі.

Дәйексөз тезистері. Тезистердің бір бөлігі дәйексөз ретінде келтірілуі мүмкін. Мұндай әдісті әртүрлі көзқарастарды салыстыру үшін пікір, аннотация жазғанда қолданады.

Кіріспе бөлім бойынша мысалға назар аударайық.

– Дос табу оңай ма? – депті қарт.

– Ата, дос табу ақылдыға оңай, ақымаққа қиын, – депті бала.

Эссе тақырыбы: Сіз қалай ойлайсыз? Дос табу ақылдыға оңай ма, ақымаққа оңай ма?

«Дос – адамның рухани болмысы, дүниетанымы жағынан үндес келетін жақын жаны. Өз ойыңды, сырыңды, қуанышыңды, ренішіңді, өкінішіңді, жетістігіңді, кемшілігіңді досыңмен бөлісе аласың. Бірақ осының бәрін бөлісе алатын дос табу оңай ма? Дос болудан бұрын, дос табу қиын. Дос табу кімге оңай? Менің ойымша, дос табу ақымаққа оңай. Неге?»

Тақырыпты түсінуін білдіретін сөйлемдер: «Дос – адамның рухани болмысы, дүниетанымы жағынан үндес келетін жақын жаны. Өз ойыңды, сырыңды, қуанышыңды, ренішіңді, өкінішіңді, жетістігіңді, кемшілігіңді досыңмен бөлісе аласың.»

Тақырыптың өзектілігін білдіретін сөйлемдер: «Бірақ осының бәрін бөлісе алатын дос табу оңай ма? Дос болудан бұрын дос табу қиын. Дос табу кімге оңай?»

Тезис: «Менің ойымша, дос табу ақымаққа оңай.»

Негізгі бөлімге өтуші сөйлем: Неге? (риторикалық сұрақ)

Кіріспе бөлімінің тезисі де ерекшелігіне сәйкес қойылады. Мысалға келтірілген кіріспе бөлім аргументтік эссеге қатысты қойылған. Кіріспе бөлімде тезис қойылғаннан кейін негізгі бөлімге көшеді.

Негізгі бөлім эссе жазушының тезиске, яғни негізгі идеяға қатысты айтатын қолдаушы идеяларына (пікіріне) байланысты абзацтарға бөлінеді. Бөлім құрылымына не кіреді? Пікір, аргумент, абзацты қорытындылаушы сөйлем, абзацтан абзацқа өтуші сөйлем. Бір пікір бір абзац. Негізгі бөлім бойынша мысал.

«Ақымақ кез келген адаммен дос бола береді. Себебі оның өмірлік ұстанымы айқын емес. Ол өз істеріне талдау жүргізіп ойланбайды. Дұрыс па,

дұрыс емес пе деген сұрақтар да оны көп толғандырмайды. Өз ісіне есеп бере алмағандықтан, өзгелерді де бағалай алмайды. Сондықтан ақымаққа дос табу оңай. Ақымаққа дос табудың оңай болуының тағы да басқа себептері бар.»

Пікір (негізгі идеяны, яғни тезисті қолдаушы сөйлем): «Ақымақ кез келген адаммен дос бола береді.»

Аргумент:

1. Себебі оның өмірлік ұстанымы айқын емес.
2. Ол өз істеріне талдау жүргізіп ойланбайды.
3. Дұрыс па, дұрыс емес пе деген сұрақтар да оны көп толғандырмайды.
4. Өз ісіне есеп бере алмағандықтан, өзгелерді де бағалай алмайды.

Абзацты қорытындылаушы сөйлем: «Сондықтан ақымаққа дос табу оңай.»

Абзацтан абзацқа өтуші сөйлем: «Ақымаққа дос табудың оңай болуының тағы да басқа себептері бар».

Негізгі бөлімнің соңғы абзацында басқа абзацқа өтуші сөйлем орнына, негізгі бөлімнен қорытынды бөлімге өтуші сөйлем жазылады.

Қорытынды бөлімде логика бойынша кіріспе бөлімдегі тезиске қайта оралады. Тезисте қандай идея, қандай ұстаным айтылып еді. Негізгі бөлімде негізгі идея талданды ма? Осы екі сұрақ бойынша ойланып, негізгі бөлімдегі абзацтардың түйінін шығарып, қорытынды бөлім жазылады. Мысалы: «Қорытындылай келе, дос табудың қиындығы ақылдыға тән. Мақсатсыз,, адамға дос табу жеңіл. Дос табуда қателеспеуге тырысыңыз.»

Эссе құрылымының бөліктері бір-бірінен ажырамайтын, спираль іспеттес болады. Сөз оралымдары, яғни абзацтан абзацқа өтуші сөйлемдер, шылаулар, қаратпа сөздер эссе құрылымын байланыстырады. Шылаулар абзацтарда айтылатын пікір мағынасына қарай қолданылады. Қаратпа сөздер эссе жазушының ойына байланысты қойылады.

Эсседегі дәлел әдісі - мазмұнды дамыту мен сенімді пікір қалыптастыру құралы.

Дәлел - бұл автордың айтқан ойын шынайы, сенімді, нанымды етіп көрсету үшін келтіретін нақты мысал, дерек немесе логикалық тұжырым. Эсседе дәлелсіз пікір - жай ғана субъективті ой болып қала береді. Ал дәлелдер арқылы эссе оқырманға әсер етеді, академиялық сенімділік тудырады.

Дәлел әдісі қай бөлімде, қалай қолданылады?

Кіріспе бөлімде: Мақсат – білім алушы тезис (негізгі пікір) ұсынады және оны дәлелдеуге негіз болар бағытты көрсетеді. Мысалы: Тақырып: «Тіл – ұлттың жаны»

Кіріспе: «Тіл – кез келген халықтың рухани қазынасының айнасы. Тіл жоғалса, ұлт та өз болмысын жоғалтады. Сондықтан тілдің тағдырын сақтау – әр азаматтың борышы. Осы пікірімді дәлелдеу үшін қазақ халқының тарихына, зиялы қауым өкілдерінің еңбектеріне назар аударайық.» Бұл жерде тезис айтылды және дәлелдеуге уәде берілді (тарих пен зиялылар еңбегі арқылы).

Негізгі бөлімде: Негізгі дәлелдер келтіріледі. Әр абзац – бір дәлел. Дәлелдің түрлері әртүрлі болуы мүмкін.

Бірінші дәлел (тарихи факт) «Қазақ тарихында тілге ерекше мән берілген. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп ескерткен. Бұл пікір тіл мен ұлттың тығыз байланысын көрсетеді.»

Екінші дәлел (қазіргі жағдай): «Қазіргі таңда қазақ тілі мектептерде, ЖОО-да оқытылады. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы тіл мәртебесі көтерілуі – оның әлі де жойылмағанын дәлелдейді.»

Үшінші дәлел (дерек): «2023 жылы жүргізілген әлеуметтік сауалнамада жастардың 70%-ы қазақ тілінде еркін сөйлейтінін көрсеткен. Бұл – тілді сақтауға деген ұмтылыстың дәлелі.» Әр абзацта: нақты дәлел (тарихи, заманауи, статистикалық) және оны талдау бар.

Қорытынды бөлімде: Негізгі пікір тағы бір рет қайталанып, дәлелдер арқылы қорытындыланады. Дәлел қысқаша жинақталып, жалпы тұжырымға әкеледі. Мысалы: «Сонымен, тіл – ұлттың мәңгілігін айқындайтын басты құндылық. Біз оны сақтап, дамытсақ – ұлттық рухты жоғалтпаймыз. Жоғарыда айтылған тарихи және қазіргі дәлелдер бұл ойымды нақтылай түседі. Сондықтан әр адам тілге деген жауапкершілікті сезінуге тиіс.»

46-кесте. Дәлелдердің түрлері және колдану үлгілері

Түрі	Мысалы	Эсседегі өрбіту жолы
Дәйексөз	«Тілі жоғалған жұрт – жойылады» (А.Байтұрсынұлы)	Автордың пікірін растайды, тарихи тереңдік береді
Факт	Қазақстанда 2024 жылы 11 жасар қыздар HPV-ге қарсы егіледі	Мәселенің қазіргі өзектілігін көрсетеді
Статистика	80% жастар әлеуметтік желіде 5 сағаттан артық отырады	Санмен дәлелдеу – оқырманға нақты әсер етеді
Өмірлік мысал	Белгілі тұлғаның жетістігі немесе тағдыры	Психологиялық, мотивациялық тұрғыда дәлел
Ғылыми тұжырым	«Мидың дамуына оқу процесі тікелей әсер етеді»	Эссеге академиялық сипат береді

Тезис:
Менің ойымша, ...

Дәлел:
Себебі, ...

Мысал:
Мысалы, ...

Талдау:
Бұл мысал арқылы біз ... түсінеміз.

Қорытынды:
Сондықтан, ...

9-сурет. Дәлел өрбіту шаблону (білім алушыға арналған)

Эссе жазуда дәлел әдісі – ең басты тірек. Дәлелсіз пікір – бос сөз. Ал нақты дәйек, мысал, талдауға құрылған дәлел – эссенің академиялық құндылығын арттырады. Әр эссе бөлімінде дәлелдерді жүйелі түрде қолданып үйрену арқылы білім алушы логикалық, құрылымды, сенімді жазылымға қол жеткізеді.

Аргументтік эсседегі дәлел картасы (дұрыс құрылымы)



10-сурет. Дәлел картасы

Эссе тақырыптары эссе түрлеріне қарай әртүрлі құрылады. Аргументтік, дәлелдемелік, әдеби, сыни, синтез эсселердің өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған сәйкес тақырыптарында да өзгешілік бар.

Эссе жазу адамды үздіксіз оқуға итермелейді. Идея айтып, пікір білдіргенмен, аргументтермен бекіте алмау – аяқталмаған эссе. Толық эссе жазылу үшін қоғамда болып жатқан жаңалықтар, әртүрлі саладағы өзгірістер, тың ойлар, оқиғалар, жаһандық мәселелер назардан тыс қалмау керек. Нашар аргументтен нашар эссе жазылады.

Салыстыру әдісі – эсседе бір-біріне қарама-қарсы немесе ұқсас екі не одан да көп ұғымды, құбылысты, көзқарасты салыстыра отырып, автордың ойының дәлдігі мен тереңдігін арттыруға арналған тәсіл. Бұл әдіс эсседе мәселені жан-жақты қарастыруға, күрделі ойларды нақты жеткізуге, өзіндік көзқарасты негіздеуге мүмкіндік береді.

47-кесте. Салыстыру әдісінің қолданылуы

Эссе түрі	Салыстыру әдісінің рөлі
Аргументтік эссе	Екі пікірді салыстырып, біреуін тандап, дәлелдеу үшін қолданылады.
Сыни эссе	Әдеби шығармадағы кейіпкерлер, автор көзқарастары, идеялар салыстырылады.
Синтез эссе	Әртүрлі ақпарат көздерін салыстырып, жаңа тұжырым жасауға көмектеседі.

Салыстыру әдісі қолданылған аргументтік эссе тақырыбы.

Тақырып: «Ұлы даланың жеті қыры – тарих пен болашақтың алтын көпірі»

Кіріспе бөлімде салыстыруға болатын фактілер:

- Қазіргі заман мен ежелгі дәуір (тарихи кезеңдер)

- Ұлы даланың ғылыми жетістіктері мен қазіргі инновациялар
- Қазақ халқының мәдени бастауы мен қазіргі ұлттық саясат

Мысалы «Ұлы дала» ұғымы – бабалар аманаты мен бүгінгі рухани жаңғырудың өзегі. Көне дәуір мен бүгінгі күнді салыстыра қарасақ, бізге мирас болған тарихи мұралар тек өткеннің естелігі емес, келешекке бастар жолдың бағдаршамы. Мысалы, ежелгі көшпелілердің металл өңдеуі – бүгінгі технологияның бастауы, ал жылқыны қолға үйретуі – көлік мәдениетінің іргетасы. Осылайша, «Ұлы даланың жеті қыры» атты Елбасы мақаласы – тарих пен болашақ арасындағы алтын көпір іспетті.

«Көне дәуір мен бүгінгі күнді салыстыра қарасақ, бізге мирас болған тарихи мұралар тек өткеннің естелігі емес, келешекке бастар жолдың бағдаршамы.» Салыстыру әдісінің маңыздылығы осы сөйлемде ерекше көрінеді.

Негізгі бөлімде 3 салыстырмалы абзац ұсынылады. Әр абзацта 5-6 сөйлем, оның ішінде 2-3 сөйлем нақты салыстыруға арналады.

1-абзац:

Тақырып: Ежелгі металл өңдеу мен қазіргі өндіріс

«Көшпелілер мәдениетінде металл өңдеу ерекше орын алған. Олар темір мен қоладан тұрмысқа қажет құралдар жасап, техникаға алғашқы қадам жасаған. Ал қазіргі Қазақстан – металлургия саласы дамыған елдердің бірі. Осылайша, тарихтағы металл өңдеудің бастамасы бүгінде ірі зауыттарға жол ашты. Бұл – тарих пен болашақ арасындағы нақты байланыс.»

2-абзац:

Тақырып: Жылқы мәдениеті мен қазіргі көлік индустриясы

«Жылқы – қазақ халқы үшін көлік, серік, батырлықтың символы болды. Бүгінде көлік түрлері өзгерсе де, жылқы мәдениеті халқымыздың сана-сезімінде өмір сүруін тоқтатқан жоқ. Автомобиль, теміржол, әуе қатынасы – бұл да болашаққа жасалған ұлы сапар. Демек, бабалардың қозғалысқа негізделген өмір салты – бүгінде логистика мен мобилділікке айналды.»


3-абзац:

Тақырып: Ұлы Жібек жолы мен қазіргі «Нұрлы жол» жобасы

«Ежелгі Ұлы Жібек жолы – шығыс пен батысты жалғаған сауда және мәдени көпір болды. Қазіргі «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық бағдарламасы да осы миссияны жалғастырып, Қазақстанды транзиттік хабқа айналдыруда. Осылайша, сауда жолдарының философиясы ғасырлармен сабақтасуда.»

Қорытынды бөлімде салыстыру арқылы біз «Ұлы даланың жеті қыры» тек тарихты емес, болашақты да қамтитынын аңғардық. Әр тарихи жетістік – бүгінгі дамуымыздың бастау көзі. Өткен мен бүгіннің байланысын салыстыру арқылы біз болашаққа нық қадам жасай аламыз. Сондықтан бұл мақала – ұлттық рух пен жаңғырудың алтын көпірі.

Салыстыру үшін үш негізгі ұғым:



Салыстыру – ойды тереңдетудің, көпқырлы пайым жасаудың тәсілі. Эсседе бұл әдісті жүйелі қолдану білім алушыны тек тақырыпқа байланысты пікір айтуға емес, сол пікірді дәлелді, салыстырмалы, сындарлы түрде жеткізуге үйретеді.

Сұрақ-жауап әдісі

Эсседегі сұрақ-жауап әдісі – автордың тақырыпты терең түсінуге, өз ойын жүйелі әрі сенімді жеткізуге көмектесетін дәлелдеу мен ой өрбітудің тиімді тәсілі. Бұл әдіс арқылы эссе жазушы өз тезисін нақтылап, қарсы көзқарастарға жауап беріп, оқырманмен тікелей диалог жүргізеді.

Эсседе сұрақ-жауап әдісін қолдану көбінесе негізгі бөлімде жүзеге асады, алайда кіріспеде риторикалық сұрақ ретінде де көрініс табуы мүмкін.


48-кесте. Сұрақ-жауап әдісінің құрылымы

Бөлім	Қалай қолдануға болады?	Мысал
Кіріспе	Тақырыптың өзектілігін көрсету үшін риторикалық сұрақ қою	«Қазіргі жастар кітап оқи ма?»
Негізгі бөлім	Тезисті нақтылап, дәлелдерді сұрақ-жауап түрінде ұсыну	«Неліктен кітап оқу маңызды? Себебі ол адамның ішкі әлемін байытады.»
Қорытынды	Түйінді ойды сұрақпен бастап, жауаппен аяқтау	«Ендеше, жастар кітап оқуы керек пе? Әрине, бұл – болашаққа салынған инвестиция.»

Сұрақ - жауап әдісі арқылы эссе құру шаблон

Тақырып: «Адам болам десеңіз...»

1. Неліктен Абай «Адам бол» деп жиі айтады?
2. Себебі, оның түсінігінде нағыз адам – рухани кемелдікке жеткен тұлға.
3. Қазіргі таңда бұл идея маңызды ма?
4. Иә, себебі қазіргі қоғамда нағыз адамгершілікке негізделген тәрбие қажет.
5. Қандай мысал келтіре аласыз?
6. Мысалы, волонтер жастардың қайырымдылық істері – осы идеяны іске асыру.



10-сурет. Сұрақ-жауап әдісінің графикалық көрсетілімі

Эсседегі сұрақ-жауап әдісі – ой тереңдігін, дәлел айқындылығын қамтамасыз ететін тиімді тәсіл.

Талдау әдісі

Эссе жазудағы талдау әдісі – тақырыпты немесе көтерілген мәселені бір ғана қырынан емес, бірнеше қырынан жан-жақты зерттеп, саралап, байланыстарын ашып, логикалық тұжырым жасауға бағытталған жазу тәсілі. Бұл әдіс әсіресе аргументтік, дәлелдемелік, сыни және аналитикалық эссе түрлерінде кең қолданылады.

49-кесте.Талдау әдісінің құрылымы

Эссе бөлігі	Қалай қолданылады?	Мысал
Кіріспе	Мәселені көтеріп, оның күрделілігі мен маңызын көрсету	«Тіл тағдыры - ел тағдыры» дейміз. Бұл тек тілге қатысты сөз бе, әлде ұлттың болашағына қатысты ма?
Негізгі бөлім	Бірнеше аспект тұрғысынан талдау: тарихи, мәдени, саяси, әлеуметтік, т.б.	1.Тарихи - қазақ тіліне төнген қауіп 2.Мәдени - тіл арқылы ұрпақ жалғастығы 3.Саяси - мемлекеттік тіл мәртебесі 4.Әлеуметтік - қоғамдағы қолданылуы
Қорытынды	Қарастырылған қырлар негізінде ортақ тұжырым жасалады	Демек, тіл мәселесі - тек қарым-қатынас құралы емес, тұтас ұлттың болмысын айқындайтын фактор.

Мысалды толық талдайық:

Тақырып: «Тіл тағдыры – ел тағдыры»

Кіріспе: «Тіл – ұлттың рухани тірегі. Ал «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деген сөз тек лингвистикалық ұғым емес. Бұл - ұлттың болашағы, мәдениеті, саяси ұстанымы мен тәуелсіздігін білдіретін ұғым. Осыған орай, бұл мәселені бірнеше қырынан қарастыру қажет.»

Негізгі бөлім:

1.Тарихи тұрғыдан: «Кеңес дәуірінде қазақ тілі шеттетіле бастады. Қоғамда орыс тілінің үстемдік етуі – ұлттық сананың әлсіреуіне себеп болды.»

Анализ: Бұл кезең қазақ тілінің қоғамдық саладан ығысуына, ұлт өзін-өзі менсінбеуіне әсер етті.

2.Мәдени тұрғыдан: «Тіл – мәдениетті жеткізудің құралы. Тіл жойылса, салт-дәстүр, фольклор, әдебиет те ұмытылады.»

Анализ: Ұлттың бірегейлігі – ана тілінде сақталған мәдени кодтарда жатыр.

3.Саяси тұрғыдан: «Тілдің мемлекеттік мәртебесі бар болса да, оның іс жүзінде толық қолданылмауы – саяси жігердің әлсіздігін көрсетеді.»

Анализ: Бұл тіл тағдырын тек заңмен емес, нақты іс-әрекетпен шешу қажеттігін көрсетеді.

4.Әлеуметтік тұрғыдан: «Қазақ тілі тұрмыста жиі қолданылмаған жерде – тілдің дамуы тежеледі. Бала тілді мектептен емес, үйден үйренуі тиіс».

Анализ: Қоғамда қазақ тілінің нақты қызмет ету аймағын кеңейту – тіл болашағының кепілі.

Қорытынды: «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деген сөздің тарихи, саяси, мәдени, әлеуметтік мәні барын көреміз. Тіл мәселесіне тек біржақты емес, жан-жақты қарап, кешенді шешім қабылдау қажет. Тек сонда ғана ұлттық рух сақталады.

Эссе жазу әдістері – білім алушыны тек жазуға ғана емес, ойлауға, салыстыруға, талдауға, дәлелдеуге және қорытынды жасауға баулитын құнды құрал. Жақсы жазылған эссе – тілдік, танымдық, зияткерлік қабілеттің көрінісі. Сондықтан эссе жазу әдістерін меңгеру – бүгінгі білім алушының ертеңгі табысты азамат болуына жол ашады.

Эссе жанры – барлық сала мамандарына қажетті, іскерлік қарым-қатынас орнатудың, өз пікірін сауатты жеткізудің, өмірлік шешімдер мен кәсіби тұжырымдарды дәлелді баяндай алудың негізгі жазба формасына айналып отыр. Бұл жанр тек гуманитарлық бағыттағы емес, кез келген саладағы маманға өз ойын жазбаша түрде жүйелі әрі сенімді түрде білдіруге мүмкіндік береді.

Эссе – белгілі бір тақырып аясында автордың жеке пікірін, көзқарасын, әсерін еркін түрде білдіретін шағын көлемді шығармалық жазба. Бұл жанрдың басты ерекшелігі – авторлық ұстаным мен субъективті көзқарасты анық, дәлелді түрде жеткізу. Эссе еркін құрылымымен, тілдік-стильдік икемділігімен ерекшеленеді.

Эссенің түрлері:

Эссе мазмұны мен мақсатына қарай екіге бөлінеді:

- Субъективті эссе – автордың жеке тұлғасын, дүниетанымын, ішкі жан дүниесін танытуға бағытталған. Мұнда жазушының сезімі, толғанысы, әсері, көзқарасы маңызды рөл атқарады.

- Объективті эссе – нақты ғылыми немесе қоғамдық тақырыпты зерттеу арқылы автор көзқарасын негіздеу мақсатында жазылады. Мұнда дәлел, логика, талдау, нақты деректер маңызды.

Мазмұнына қарай эссенің жіктелуі:

- Философиялық эссе – терең ойлар мен пайымдауларды қозғайтын жазба.
- Әдеби-сындық эссе – көркем туындыларға талдау жасау, әдеби бағыттар мен стильдер туралы ой бөлісу.

- Тарихи эссе – белгілі тарихи оқиғаларға қатысты көзқарас білдіру.
- Көркем эссе – бейнелі, әсерлі тілмен жазылған авторлық туынды.
- Көркем-публицистикалық эссе – қоғамдық мәселелерді көркем тілмен қозғайтын жанр.

- Рухани-имандылық бағыттағы эссе – адамның ішкі жан дүниесін, моральдық құндылықтарды сипаттайтын жазба.

Құрылымына қарай эссе қалыптары:

- Пікірсараптық эссе – нақты мәселені талдап, жеке пікір білдіру.

- Лирикалық миниатюра – қысқа, поэтикалық стильдегі ой-толғау.
- Ескертпелер (афоризмдік стиль) – қысқа тұжырымдар арқылы ой жеткізу.
- Күнделіктен үзінділер – күнделік жазбасы түріндегі еркін формат.
- Хат түріндегі эссе – эпистолярлық стильмен жазылған шығарма

Мазмұндық-жанрлық ерекшелігіне қарай эссе түрлері:

- Сипаттамалық эссе – белгілі бір затты, құбылысты, жағдайды бейнелеу.
- Баяндамалық эссе – нақты ақпаратты баяндау, жеткізу.
- Рефлексивтік эссе – жеке тәжірибе немесе сезімді талдайтын жазба.
- Сындық эссе – белгілі бір мәселені сыни көзқараспен бағалау.
- Талдаулық эссе – күрделі мәселеге жан-жақты талдау жасау арқылы жазылатын түр.

Субъективті эссе – бұл автордың ішкі жан дүниесін, өмірлік тәжірибесін, эмоциясын, көзқарасын білдіретін шығармашылық жазба. Бұл эссе түрінде фактіден гөрі сезім, әсер, толғаныс маңыздырақ. Яғни, басты назар – автордың өзіндік «мені», ішкі көзқарасы мен ойлау қабілетіне аударылады.

50-кесте.Субъективті эссенің негізгі белгілері

Элемент	Сипаттамасы
Авторлық ұстаным	Жазушы өз пікірін, тәжірибесін ашық және еркін білдіреді
Эмоциялық реңк	Көңіл-күй, сезім, тебіреніс басым болады
Құрылым еркіндігі	Композициясы міндетті түрде кіріспе, негізгі, қорытынды түрінде болмауы мүмкін
Мақсат	Оқырманмен эмоциялық байланыс орнату, ішкі жан сырын жеткізу
Стиль	Көркем, бейнелі, кейде ақындық, философиялық

Тақырып: «Күзгі таңдағы тыныштық»

«Таң ата салысымен, тереземді аштым. Күздің салқын демі бетіме тиді. Құстардың азайған үні менің ішкі тыныштығыммен үндесіп тұрды. Бір сәтке бәрі тоқтап қалғандай болды. Ешкім жоқ, тек мен және күз. Қатты ренжіген күндердің бірінен кейін, осы тыныштық маған шипа болып тигендей. Жапырақтар жерге баяу түсіп жатыр – бұл менің көңілімнің жайлануын бейнелейтіндей. Мен енді ғана түсіндім: адам кейде өзі де табиғатпен сөйлесіп, үндесе алады екен ғой...»

51-кесте.«Күзгі таңдағы тыныштық» эссені талдау

Құрылымдық элемент	Сипаттамасы
Көңіл күйді беру	«Күздің салқын демі», «құстардың азайған үні», «жапырақтар жерге түсіп жатыр» – бұлар барлығы автордың ішкі жан-дүниесін күзбен байланыстырып жеткізген.

Субъективтілік	Автор өз әсерін, эмоциясын айтып отыр. «Қатты ренжіген күндердің бірінен кейін» деген жол – нақты факт емес, ішкі жағдайын білдіру.
Ой толғау	«Адам кейде өзі де табиғатпен сөйлесіп, үндесе алады екен ғой» – жеке философиялық тұжырым, субъективті қорытынды.
Мақсат	Оқырманды автор сезіміне ортақтастыру, ішкі тыныштықты сезіндіру.

Объективті эссе – автордың нақты ғылыми немесе қоғамдық тақырыпқа қатысты деректерге сүйене отырып, өз көзқарасын логикалық тұрғыда негіздеуін мақсат ететін жазба жанры. Мұндай эссе түрінде дерек пен дәйекке, талдау мен дәлелдеуге басымдық беріледі. Автор жеке сезім емес, объективті фактіні, теориялық тұжырымды, басқа мамандардың пікірін, нақты мысалдарды қолданады.

Тақырып: «Цифрлық технологияның білім беру жүйесіне әсері»

Кіріспе бөлім: *XXI ғасырда білім беру саласы түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Цифрлық технологияның жедел дамуы оқу үдерісіне елеулі әсер етіп, жаңа мүмкіндіктерді ашты. Бұл өзгерістерді саралау – бүгінгі қоғам үшін маңызды міндет.*

Объективті сөйлем белгілері: деректі бастама, тарихи-әлеуметтік мәнге назар.

Негізгі бөлім: *Цифрлық технология білім алушылардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырды. Мысалы, Қазақстанда 2020 жылдан бастап Білім алушылардың 80%-ы интернет арқылы қашықтан білім алды (ҚР БҒМ дерегі). Бұл – цифрлық құралдардың білімге жаңа жол ашқанын көрсетеді. Сонымен қатар цифрлық платформалар оқытушы мен Білім алушы арасындағы кері байланысты жақсартты. Дегенмен, кейбір ауылдық өңірлерде интернеттің әлсіздігі бұл мүмкіндікті толық пайдалануға кедергі келтіріп отыр.*

Объективтілік белгілері: ресми статистика, салыстыру, артықшылықтар мен кемшіліктерді нақты көрсету, дерекпен дәлелдеу.

Қорытынды бөлім: *Цифрлық технология білім беру жүйесінің сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Алайда бұл үдерістің тиімді жүзеге асуы үшін инфрақұрылым мен педагогикалық дайындық қатар жүргізілуі қажет. Автор ретінде менің ойымша, білім беру жүйесі цифрлық кеңістікпен қатар өмір сүре алуы керек және бұл сала үнемі жетілдіріліп отыруы тиіс.*

Эссе – автордың танымын, логикалық ойлау қабілетін, тіл байлығын көрсететін шығармашылық жұмыс. Эссе жазу арқылы білім алушы дербес ой айтуға, өз пікірін дәлелдеуге, түрлі көзқарастарды салыстырып, тұжырым жасауға үйренеді. Бұл дағды кез келген салада табысты болудың алғышарты.

Әдіс – белгілі бір мақсатқа жету жолындағы жүйелі әрекет. Эссе жазуда бұл – ойды ұйымдастыру, құрылымдау, дәлелдеу жолдары.

Тәсіл – сол әдісті жүзеге асырудағы нақты қадам, амал.

52-кесте.Отандық тәжірибеде қолданылатын негізгі әдіс-тәсілдер:

Әдіс	Мазмұны	Қолдану үлгісі
Тезис – дәлел – қорытынды	Нақты пікір айтылады, дәлелдермен негізделеді	«Менің ойымша, ... Себебі, ... Сондықтан, ...»
Сұрақ-жауап әдісі	Автор өзіне немесе оқырманға сұрақ қояды, жауап береді	Эссе тақырыбы: «Тіл не үшін керек? » Кіріспе бөлім «Тіл не үшін керек?» Негізгі бөлім Сұрақ: Тілдің адам өміріндегі орны қандай? Қорытынды бөлім Сондықтан, «Тіл не үшін керек?» деген сұрақтың жауабы – ұлтты сақтау үшін керек.
Салыстыру әдісі	Екі немесе бірнеше құбылысты, түсінікті салыстырып талдау	Эссе тақырыбы: «Кешегі бабалар өмірі мен бүгінгі өмірдің айырмашылығы...»
Талдау әдісі	Мәселені бірнеше аспектіден қарастыру	Эссе тақырыбы: «Экологиялық мәселенің әлеуметтік, экономикалық және рухани салдары бар»
Дәлелдеу әдісі	Факт, дерек, дәйек арқылы ойды қуаттау	Эссе тақырыбы: Абай: «Адам болам десеңіз...» дейді»
Көркем баяндау тәсілі	Бейнелі тілмен, әсерлі жазу	Эссе тақырыбы: «Табиғат ана көктемде қайта түлегендей...»

Әр елде эссе (composition, saggio, ensayo) жазу мәдениеті әртүрлі, білім беру реформаларына және ұлттық әдеби дәстүрге байланысты ерекшеленеді. Төменде АҚШ, Жапония, Түркия, Грекия елдері бойынша эссе жазу жұмысына шолу берілген.

Эссе ("essay", "writing") - жазылым үшін маңызды жанр. «Бес саралау паспорты» (five-paragraph essay) әдісі кіріспе, үш аргументтік параграф және қорытындыдан тұратын құрылымға негізделеді (Википедия). Бұл әдіс мектеп кезеңінде оқытудан басталады. Білім алушылар көбіне 7-8 жасынан бастап қарапайым тіркеу эссесін (listing essay) жазудан үйренеді, ал орта мектепте аргументативті және дәлелдеме эссе түрлеріне көшеді. АҚШ-тағы AP (Advanced Placement) бағдарламасы мен университет емтихандарында эссе жазу дағдыларына ерекше мән беріледі; білім алушыларды кіріспе, дәлелдеу, негізгі бөлім және қорытынды форматында жазуға үйретеді (Википедия, Нью-Йорк).

«Шаффер» әдісі – мәтін сапасын арттыруға бағытталған арнайы жанрлық құрылым. Ол тақырыптық сөйлем, нақты деталь, түсініктеме және қорытынды

сөйлемнен тұрады. Бұл әдіс АҚШ-тағы орта мектептерде кеңінен қолданылады (Википедия).

Жапония

«Жапонияда эссе жазу орта мектеп білім алушылары үшін маңызды дағды болып саналады. Колледжге түсу емтихандарында талапкерлер міндетті түрде «шорронбун» - дәлелді эссе түрін жазады (Reddit). Дегенмен, көптеген білім алушылар жоғары сыныпқа дейін эссе жазуға терең кіріспейді; олардың жазу дағдылары көбінесе сөйлем деңгейінде қалып, жазу тәжірибесі жеткіліксіз болады (jalt-publications.org, Reddit). Жапондық эссе құрылымы көбіне индуктивті тәсілге негізделеді: мәселе баяндаудан басталып, негізгі ой соңғы абзацта ашылады. Бұл kishōtenketsu стиліне тән ерекшелік болып табылады Kishōtenketsu (жап. 起承転結) – жапон әдебиеті мен риторикасындағы мәтін немесе әңгімені құрудың дәстүрлі төрт кезеңді құрылымы. Ол төрт иероглифтен тұрады, әрқайсысы белгілі бір бөлікті білдіреді:

起 (ki) – бастау: тақырыпты немесе жағдайды таныстыру.

承 (shō) – дамыту: бастапқы жағдайды тереңдету немесе қосымша мәлімет беру.

転 (ten) – бұрылыс: күтпеген оқиға, жаңа қырынан қарау, бағыттың өзгеруі.

結 (ketsu) – қорытынды: ойды түйіндеу, негізгі мағынаны ашу.

Басты ерекшелігі – қатаң «тезис–дәлел–қорытынды» логикасы жоқ, керісінше, оқырманды біртіндеп жаңа ойға жетелеу арқылы соңында негізгі идеяны ашады.

Түрік мектептерінде «100 Іргелі Еңбек» бағдарламасы жүзеге асырылады. Бұл бағдарлама аясында әдеби шығармалар оқытылады және мәтінге байланысты эссе жазу дағдылары салыстырмалы түрде жақсы дамыған (Википедия). Орта мектепте әдеби мәтіндерді түсініп, оларды «өзгеге пікір білдіру» тәсілі ретінде қолдану тәжірибесі қалыптасқан. Жазу үдерісі мұнда формальды құрылымға емес, мағына мен мәдени кодқа негізделеді.

Грек тіліндегі «пайымдау» эссесінің үлгісі ретінде түсіндірме мәтіндер қарастырылады. Мектептерде сыни мәтіндер жазу дағдылары қазіргі грек тілі мен әдебиеті сабақтарында оқытылады (Википедия). Әдетте білім алушылар 12-15 жас аралығында негізгі жазу дағдыларын меңгереді, ал кейінгі сыныптарда күрделі тақырыптарда эссе жазуға көшеді.

Халықаралық тәжірибенің ерекшелігіне назар аударсақ, құрылым мен формалық талаптардың бағыты түрлі болып келеді.

АҚШ – қатты құрылым (five-paragraph, Schaffer);

Жапония – баяндау тәсілі, индуктив құрылым;

Түркия мен Грекияда – әдебиетпен байланысты эссе мен рефлексия

53-кесте. Халықаралық тәжірибеде қолданылатын әдіс-тәсілдер

Әдіс	Қысқаша сипаттама	Қолданылатын елдер
PEEL әдісі (Point – Evidence – Explain – Link)	Пікір айту – дәлел келтіру – түсіндіру – келесі оймен байланыстыру	Ұлыбритания, Канада

Hamburger model	«Бургер» тәрізді құрылым: кіріспе (жоғарғы нан), дәлелдер (ет), қорытынды (төменгі нан)	АҚШ
Claim – Evidence – Reasoning	Тезис – дерек – логикалық негіз	Финляндия, Сингапур
Socratic questioning	Талдау, сұрақ қою арқылы терең пайым	Грекия дәстүрі негізінде, батыс елдерінде
Graphic organizers	Эссені визуалды карта, диаграмма, кесте арқылы жоспарлау	Әлемнің көптеген білім беру жүйесінде

Халықаралық тұрғыдан эссе – әлемдегі барлық білім беру жүйесінде маңызды жанр. Бірақ жазу әдістері мен құрылымы әр елдің мәдениетіне, оқу жүйесіне және талаптарына байланысты ерекшеленеді.

АҚШ – құрылым мен дәлелдеу,

Жапония – баяндау мен индуктив,

Түркия/Грекия – әдеби және рефлексиялық тәсілдерге ден қояды.

Эссе жазуды үйрету көбіне орта мектептен басталады, ал жазу дағдысын жетілдіру – жоғары сыныптар мен университеттік кезеңде жүзеге асады. Мысалы, Бетан Дэвистің «Эссе ажзу техникасымен» бөліскен жазбалардан үзінді:

«Жақсы жаза білу – тек емтиханды сәтті тапсырудың ғана емес, сонымен қатар өмірде қажет маңызды дағды. Дұрыс грамматика мен орфографияны қолдану өте маңызды, сондықтан бұл салада біліміңіз жеткіліксіз болса, білім деңгейіңізді жетілдіруге тырысыңыз! Абзацты дұрыс қолдануды меңгеріңіз – ешкім ұзын, біртұтас ой тасқынын оқығысы келмейді. Сол себепті эссе жазуға қатысты мына кеңестермен танысыңыз.

Эссенің кіріспесі, негізгі бөлімі және қорытындысы болуы тиіс. Кіріспеде мәселе көтеріліп, оның неге маңызды екені түсіндірілуі керек және негізгі ойлар қысқаша айтылуы қажет. Эссені сөздіктен алынған анықтамамен бастамаңыз – бұл тым жаттанды әрі қызықсыз. Негізгі бөлімде басты аргументтер ашылып, дәлелдермен негізделуі тиіс. Қорытындыда тақырыпқа нақты жауап беретін тұжырым жасалуы керек.

Эссені жазуда айқын құрылымның болуы – жақсы жазу техникасының басты белгісі. Міндетті түрде эссе жоспарын құрыңыз: негізгі ойларды тізіп шығыңыз, кесте немесе «өрмек» диаграммасы арқылы құрылым жасаңыз және ойларыңызды ретімен орналастырыңыз. Құрылымның нашарлығы – студенттердің эсседен төмен баға алуының негізгі себептерінің бірі. Ойларыңызды логикалық түрде реттеп, жоспарға сәйкес болыңыз. Эссені құрылымдауға көмектесу үшін тақырыпшалар (подзаголовки) қолдануға болады.

Экзамен алушылар үшін ең маңыздысы – сіздің сұрақты дұрыс түсінгеніңізді көрсету. Тақырыпты терең меңгергеніңізді, басты мәселелерді түсінетініңізді дәлелдеңіз. Жалпылама сөйлемдерден аулақ болыңыз. Нақты болыңыз және сәйкес мысалдармен, әдебиеттерге сілтемелермен дәлелдеңіз.

Қажет болса, сызба, сурет немесе карта арқылы ойыңызды көрнекі түрде жеткізіңіз. Қосымша әдебиеттермен танысқаныңызды көрсетіңіз.

Сұраққа нақты жауап беріңіз. Егер тапсырма «салыстырыңыз және салыстырмалы талдау жасаңыз» форматында болса – екі жақтың да пікірлерін көрсетіңіз. Егер сұрақ «анықтаңыз және түсіндіріңіз» форматында болса – тақырыпты толық меңгергеніңізді дәлелдеңіз. Егер сұрақ екі бөлімнен тұрса – эссені де екі бөлімге бөліп жазыңыз. Эссе жазуға кіріспес бұрын, тақырыпты терең зерттеңіз – бұл табысқа жетудің жартысы.

Қорытындыда барлық аргументтеріңізді жинақтап, негізгі ойды тұжырымдаңыз. Бұл бөлімде жаңа ақпарат қоспаңыз. Ең маңызды мәселелерді ерекшелеп, нақты қорытынды жасаңыз.

Жұмысыңызды міндетті түрде қайта оқыңыз! Қателерді табу үшін қызыл қаламмен қарап шығыңыз. Ойыңызды қайталамайсыз ба? Өзіңізге ең қатал сыншы болыңыз – артық, қажетсіз бөліктерді қысқартыңыз. Әрбір сөз орнымен қолданылуы тиіс. Жай ғана ой ағынымен жаза бермеңіз – негізделген әрі дәлелденген пікірлерді ғана қолданыңыз. Жазуыңыз анық әрі түсінікті болсын.

Грамматикалық кеңестер

- Үтірлі нүктелерді (;) қолданудан сақ болыңыз – оларды дұрыс қолдану оңай емес.

- Әр абзац бір тақырыпқа арналуы тиіс. Кемінде екі немесе одан да көп сөйлем болуы керек.

- «Қамтиды» дегенді «құрайды» деп шатастырмаңыз: «ол қамтиды, бірақ құрамына кірмейді» (орысшасы: включает в себя емес, состоит из).

- Бір сөзді тым жиі немесе қатарынан екі рет қолданбаңыз.

- Кліше, метафора немесе теңеулерден аулақ болыңыз.

- Қысқарған сөздерді қолданбаңыз. Ресми стильді сақтаңыз (мысалы, «емес» емес, толық нұсқасын жазыңыз «болған жоқ», «Келіспеді»).

- «Мен» деген бірінші жақтағы есімдікті мейлінше қолданбауға тырысыңыз.

- Қолдануға болатын жағдайда етістіктің етістікті (актив) түрін қолданыңыз – мәтініңіз жеңіл әрі тартымды болады.

- Ағылшын грамматикасынан қиналсаңыз, Линн Трасстың «Ест, пьёт и спит» атты еңбегін оқуға кеңес беріледі.

- Соңында: мұғалімдеріңіздің эсселерге жазған ескертулерін мұқият оқыңыз. Олар сізге көмектесуге және жетілуге ықпал етуге әрдайым дайын.

54-кесте. Отандық және халықаралық тәжірибені үйлестіру жолдары

Элемент	Отандық үлгі	Халықаралық үлгі	Интеграция мысалы
Кіріспе	Тақырыпты түсіндіру, тезис	Point немесе Claim	«Менің ойымша, туған жер – әр адамның болмысын»

Негізгі бөлім	Мысал, дәлел, түсіндіру	Evidence Reasoning + немесе PEEL	Мысалы, «Ұлытаудағы ескерткіштер... Бұл – тарихи жадымыздың белгісі»
Қорытынды	Қайта тұжырым, ой түйіндеу	Link немесе Generalization	«Сондықтан туған жерін қадірлеу – әр азаматтың борышы»

Эссе жазуға арналған халықаралық пайдалы тәсілдер

1. Venn диаграммасы – салыстыру әдісін визуалды жоспарлау
2. Mind map – ойды өрбітуге арналған ой картасы
2. Quote sandwich – дәйексөзді енгізу моделі (кіріспе – дәйексөз – түсіндіру)
3. RAFT әдісі – Роль (кім жазып тұр), Аудитория (кімге), Формат (эссе, хат), Тақырып
4. Prompt-deepening – сұрақты түрлендіріп, күрделендіре отырып тақырыпты кеңейту

Эссе жазу әдістері – білім алушының сыни ойлауын, логикалық пайымдауын, тілдік құзыреттілігін арттыратын құрал. Отандық әдістер ұлттық дүниетанымға негізделсе, халықаралық тәжірибе құрылымдық, дәлелдемелі, академиялық жазылымға бағытталған.

Екеуін ұштастыру – заманауи, сапалы эссе жазудың ұтымды кілті.

Бүгінгі білім беру жүйесі пәнаралық көзқарасты, ғылымаралық байланысты және цифрлық ортада академиялық мәтін жаза алатын қабілетті талап етеді. Қоғамдағы күрделі мәселелер - экология, урбанизация, әлеуметтік теңсіздік немесе мәдени сәйкестік бір ғана пән аясында қарастырылмайды, сол себепті білім алушыны жан-жақты ойлауға, мәтіндік дискурсты түсінуге, өз пікірін ғылыми негізде жеткізуге дағдыландыру - заманауи педагогиканың басты міндеті.

Пәнаралық интеграция – білім мазмұны мен әдістемені жаңғыртудың өзекті бағыты. Бұл тәсіл пәндердің арасындағы шегараны бұзып, білім алушылардың шынайы өмірмен байланысты, кешенді дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Ж.Пиаже мен Дж.Брунердің когнитивті даму теориялары оқытудың мағынасы білім алушы тәжірибесімен байланысты болғанда ғана толық жүзеге асатынын негіздейді. Қазақстандық білім беру жүйесінде бұл тәсіл қазіргі қолданыстағы білім мазмұны аясында жүзеге асырылып келеді. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде пәнаралық жобалар мен интеграциялық сабақтар білім алушылардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын дамытуда қолданылуда. Әдеби мәтіндер арқылы әлеуметтік құбылыстарды талдау, тарихи оқиғаларды көркем түрде бейнелеу немесе экологиялық дискурсты көркем тілмен жеткізу – осындай интеграциялық оқытудың мысалдары. Сонымен қатар, цифрлық дәуірде мәтін жазу – жай ғана сауаттылықтың көрінісі емес, жеке пікірін құрылымды, дәлелді әрі көпқырлы формада жеткізе алатын академиялық дағды. Ғылыми негізделген, пәнаралық байланысқа құрылған және цифрлық форматта жазылған мәтіндер бүгінгі білім алушының сыни ойлауын, құндылықтық бағдарын және функционалдық

сауаттылығын арттырады. Онлайн форматтағы пост, блог, сценарий, презентация мәтіні академиялық сипатқа ие болуы үшін нақты құрылым, ғылыми терминология, дереккөздер мен дәлелдер қолданылуы қажет.



11-сурет. Бүгінгі білім беру талаптары

Пәнаралық интеграция: ұғымы, теориялық негіздері және білім берудегі маңызы

Білім беруде пәнаралық интеграция - бұл пәндердің мазмұндық, ұғымдық және әдістемелік үйлесімі арқылы білім алушылардың шынайы өмірмен байланысты кешенді дүниетанымын қалыптастыруды көздейтін тәсіл. Мұндай оқыту тек пәндерді біріктіру ғана емес, сонымен қатар күрделі құбылыстарды әртүрлі ғылыми тілмен сипаттау, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды көздейді.

Пәнаралық тәсілдің мәні

Педагогикалық әдістеме тұрғысынан пәнаралық, көпсалалы және трансдисциплинарлық тәсілдер өзара ажыратылады.

Пәнаралық интеграция - бір мәселені немесе тақырыпты бірнеше пән арқылы қарастырып, білім алушылардың танымын тереңдететін тәсіл. Мысалы, әдебиет сабағында тарихи тұлға бейнесін талдау, кейін тарих сабағында оның өмірбаянын зерделеу - пәндер арасындағы мағыналық көпір орнатудың айқын үлгісі.

Пәнаралық интеграцияның теориялық негіздері

Пәнаралық интеграция - әртүрлі пәндердің мазмұнын, ұғымдарын және әдістерін бір оқу процесінде үйлестіре отырып, білім алушылардың күрделі құбылыстарды жан-жақты түсінуіне мүмкіндік беретін тәсіл. Бұл модель білім беруде пәндер арасындағы шекараны шартты түрде жойып, білім алушыға шынайы өмірмен тығыз байланысты кешенді дүниетаным қалыптастыруға бағыттайды.

Жан Пиаже танымдық даму теориясында білім алушының интеллектуалдық дамуы тікелей оның жеке тәжірибесімен байланысты екенін дәлелдеді. Жаңа ақпарат бұрынғы біліммен ұштасқанда ғана түсінікті әрі мағыналы болады.

Джером Брунер «спиральды оқыту» (шиыршық) тұжырымдамасында Білім алушы бір ұғымды әртүрлі деңгейде және әр пәнде қайталап қарастырғанда ғана оны терең меңгеретінін айтты.

Ховард Гарднердің көптік интеллект теориясы әр білім алушыда бірнеше қабілет қатар дамитынын көрсетеді. Пәнаралық тәсіл бұл қабілеттерді толық ашуға жағдай жасайды: бір білім алушы логикалық-математикалық қабілетке бейім болса, екіншісі тілдік немесе көркемдік бағытта озық болуы мүмкін.

Қазақстанда пәнаралық тәсіл 2016 жылдан бері қолданыстағы білім мазмұны аясында жүйелі түрде енгізілді. Мектеп бағдарламаларында оқу мақсаттары пәнаралық байланыспен құрылып, сабақ жоспарларында пәндердің өзара үйлесімі ескеріледі. Мысалы, әдебиет сабағында тарихи роман талданса, тарих сабағында сол дәуірдің саяси-әлеуметтік оқиғалары зерттеледі.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде интеграциялық жобалар мен бірлескен пән сабақтары жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Мысалы, әдебиет пен географияны байланыстырып, табиғат бейнесінің көркемдік және географиялық сипатын қатар талдау тәжірибесі бар.

Халықаралық деңгейде Финляндияның Phenomenon-Based Learning моделі – пәнаралық оқытудың табысты үлгісі. Бұл модельде білім алушылар бір құбылысты бірнеше пән аясында зерттейді: мысалы, «Климаттың өзгеруі» тақырыбы биология, география, әдебиет және азаматтық құқықпен байланыстырылады. UNESCO бұл тәсілді білім берудегі үздік инновациялық практика ретінде мойындаған.



12-сурет. Қазақстандағы пәнаралық білім беруді енгізу

Бұл тәсіл пәндердің арасындағы шегараны бұзып, білім алушылардың шынайы өмірмен байланысты, кешенді дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Ж.Пиаже мен Дж.Брунердің когнитивті даму теориялары оқытудың мағынасы білім алушы тәжірибесімен байланысты болғанда ғана толық жүзеге асатынын негіздейді. Қазақстандық білім беру жүйесінде бұл тәсіл қазіргі қолданыстағы білім мазмұны аясында жүзеге асырылып келеді. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде пәнаралық жобалар мен интеграциялық сабақтар білім алушылардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын дамытуда қолданылуда (NIS, 2021). Әдеби мәтіндер арқылы әлеуметтік құбылыстарды талдау, тарихи оқиғаларды көркем түрде бейнелеу немесе экологиялық дискурсты көркем тілмен жеткізу – осындай интеграциялық оқытудың мысалдары. Сонымен қатар, цифрлық дәуірде мәтін жазу – жай ғана сауаттылықтың көрінісі емес, жеке пікірін құрылымды, дәлелді әрі көпқырлы формада жеткізе алатын академиялық дағды. Ғылыми негізделген, пәнаралық байланысқа құрылған және цифрлық форматта жазылған мәтіндер бүгінгі білім алушының сыни ойлауын, құндылықтық бағдарын және функционалдық сауаттылығын арттырады. Онлайн форматтағы пост, блог, сценарий, презентация мәтіні академиялық сипатқа ие болуы үшін нақты құрылым, ғылыми терминология, дереккөздер мен дәлелдер қолданылуы қажет.

Білім беруде пәнаралық интеграция – бұл пәндердің мазмұндық, ұғымдық және әдістемелік үйлесімі арқылы білім алушылардың шынайы өмірмен байланысты кешенді дүниетанымын қалыптастыруды көздейтін тәсіл. Мұндай оқыту тек пәндерді біріктіру ғана емес, сонымен қатар күрделі құбылыстарды әртүрлі ғылыми тілмен сипаттау, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды

салыстыру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды көздейді.

Педагогикалық әдістеме тұрғысынан пәнаралық, көпсалалы және трансдисциплинарлық тәсілдер өзара ажыратылады. Пәнаралық интеграция - бір мәселені немесе тақырыпты бірнеше пән арқылы қарастырып, білім алушылардың танымын тереңдететін тәсіл. Мысалы, әдебиет сабағында тарихи тұлға бейнесін талдау, кейін тарих сабағында оның өмірбаянын зерделеу - пәндер арасындағы мағыналық көпір орнатудың айқын үлгісі.

55-кесте. Пәнаралық, көпсалалы және трансдисциплинарлық тәсілдердің салыстырмалы сипаттамасы

Тәсіл атауы	Анықтамасы	Мысал
Көпсалалы (Multidisciplinary)	Бір тақырып әр пәнде жеке қарастырылады, пәндер арасында байланыс жоқ.	«Қазақ хандығы» туралы әдебиет сабағында роман оқу, ал тарих сабағында хронология жаттау.
Пәнаралық (Interdisciplinary)	Бірнеше пән ұғымдары мен әдістері біріктіріліп, өзара мағыналық байланыс орнатылады.	Халықтың көші-қоны тақырыбын әдебиет сабағында көркем мәтінмен, географияда карта арқылы зерттеу.
Трансдисциплинарлық (Transdisciplinary)	Оқу шынайы өмірлік мәселе немесе құбылыс төңірегінде ұйымдастырылады, пәндік шекара жоғалады.	«Климаттың өзгеруі» мәселесін экология, әдебиет, тарих, география пәндерімен біріктіріп зерттеу.

Көпсалалы (multidisciplinary) тәсілде пәндер қатар жүреді, бірақ мазмұн мен мақсаттар өзара байланыспайды. Ал трансдисциплинарлық (transdisciplinary) тәсілде мәселе шынайы өмір контекстінде алынып, барлық пәндер табиғи түрде бірігеді. Пәнаралық әдіс осы екі тәсілдің ортасында орналасып, білімді қолданбалы деңгейге жеткізудің тиімді жолы ретінде ерекшеленеді. Оның мәні - бір пән арқылы меңгерген ұғымды басқа пән арқылы кеңейтіп, білімді кешенді түрде қолдану мүмкіндігін туғызу.

Пәнаралық интеграцияның психологиялық және дидактикалық негізін бірнеше теориялық ұстанымдармен негіздеуге болады.

Жан Пиаже танымдық даму теориясында білім алушының интеллектуалдық дамуы оның тәжірибесімен тығыз байланысты екенін дәлелдеген. Жаңа ақпараттың бұрынғы біліммен ұштасуы – ұғынықты әрі мағыналы білімнің негізі. Бұл принцип білім алушы бір пәнде меңгерген ұғымды екінші пәнде қолданғанда нақты іске асады.

Джером Брунер оқытудың мағыналылығы мен «спиральды оқу» идеясын ұсынды. Оның пікірінше, білім алушы ұғымды қайталап үйрену барысында оны тереңірек түсінеді. Бұл қайталау әртүрлі пәндерде әр қырынан жүзеге асқанда, түсінік толық әрі берік қалыптасады.

Ховард Гарднердің көптік интеллект теориясы әр білім алушыда түрлі қабілеттердің дамитынын алға тартады. Пәнаралық оқыту осы теорияны тәжірибеге енгізуге мүмкіндік береді: бір білім алушы логикалық-

математикалық бағытта мықты болса, екіншісі тіл мен көркемдік бейнелеуге бейім болуы мүмкін. Өртүрлі пәндердің синтезі осы қабілеттерді ашуға ықпал етеді.

Қазақстандағы білім беру жүйесінде пәнаралық тәсіл 2016 жылдан бері қолданыстағы білім мазмұнының құрамында жүйелі түрде жүзеге асуда. Мектеп бағдарламаларында оқу мақсаттары пәнаралық байланыстармен түйінделіп, оқу тапсырмаларын құрастыруда пәндердің өзара үйлесімі ескеріледі. Мысалы, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің бағдарламасында әдебиет, тарих, география пәндері арасында нақты байланыс орнатылады. Әдебиет сабағында тарихи роман талданса, тарих сабағында сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік оқиғалар зерттеледі. Бұл тәсіл білім алушыға бір құбылысты бірнеше көзқарас арқылы түсінуге мүмкіндік береді (NIS, 2021).

Халықаралық тәжірибеде Финляндиядағы «Phenomenon-Based Learning» моделі назар аударарлық. Бұл тәсіл бойынша білім алушылар бір құбылысты (мысалы, климаттың өзгеруі) бірнеше пәннің көмегімен зерттейді: биология, география, әдебиет, азаматтық құқық. Бұл модель ЮНЕСКО тарапынан да үздік инновациялық практика ретінде танылған (UNESCO, 2018).

Пәнаралық интеграция – қазіргі білім беру парадигмасындағы ең маңызды бағыттардың бірі. Оның теориялық негіздері когнитивті даму мен мағыналы оқытудың заманауи моделіне сүйенеді. Бұл тәсіл білім алушылардың күрделі құбылыстарды түрлі пәндік көзқараспен түсінуіне, жеке тәжірибесімен ұштастыруына және нақты өмірлік контексте қолдануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интеграциялық тәсіл ғылымаралық мәтіндер жазуға, күрделі ойды құрылымды жеткізуге, дерекке сүйеніп пайымдауға жол ашады. Бұл академиялық жазылым дағдыларының өзегіне айналады.

Білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін мәтінмен жұмыс – негізгі құралдардың бірі. Қазіргі білім беру жүйесінде бұл жұмыс тек тілді меңгертуге емес, білім алушының құндылықтық бағдарын, әлеуметтік ойлауын, өмірлік мәселелерге қатынасын дамытатын креативті әрі ғылымаралық мазмұнмен байытылуы тиіс. Осындай тәсілдердің бірі – тіл мен әлеуметтануды біріктіре отырып, ғылымаралық мәтіндер жазуға үйрету.

Ғылымаралық мәтін дегеніміз – кемінде екі пәннің тәсілі мен терминін біріктіріп жазылған, құрылымы академиялық сипатқа жақын, бірақ шығармашылық компоненті бар мәтін. Мұндай мәтіндерде:

- көркем кейіпкер мен әлеуметтік құбылыстар қатар талданады;
- әдеби шығарма мысал ретінде алынып, әлеуметтанулық тұжырым жасалады;
- ғылыми терминдер, дәйексөз, дәлел, жеке көзқарас жүйелі түрде беріледі.

Ғылымаралық мәтін Білім алушыға тек эссе жазуға емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілікті түсінуге, өмірлік ұстаным қалыптастыруға көмектеседі.

Жұмыс формалары мен тапсырма үлгілері

1. Мемге мәтін жазу: Абай, Қожа, Базарбай сияқты кейіпкерлердің бейнесіне арналған интернет мем немесе стикер ұсынылады. білім алушы сол бейнеге сүйеніп, әлеуметтік шындықты бейнелейтін мини-эссе жазады.

2. Көркем үзінді + сұрақ: «Абай» фильмінен эпизод көрсетіледі. Мысалы, Абайдың әкесі Құнанбаймен сөз таластыратын тұсы. Осы тұстан кейін білім алушыға сұрақ қойылады: «Бұл эпизод қандай әлеуметтік құндылықтар қақтығысын көрсетеді?»

3. Пікір жазу: «Әдеби кейіпкердің әрекеті бүгінгі қоғамда қаншалықты өзекті?» деген сұрақ төңірегінде дәлелді, құрылымды пікір жазу тапсырылады.

Білім алушы жұмысының үлгісі:

«Абай» фильміндегі Құнанбай мен Абайдың сөз таластыруы - әлеуметтік иерархия мен құндылықтар қақтығысының көрінісі. Құнанбай билік пен дәстүрді ұстанады, Абай әділет пен ақылға жүгінеді. Бұл тек әке мен бала арасындағы пікір қайшылығы емес, бұл - қоғамның жаңару жолындағы ішкі тартыс. Бүгінгі таңда да жастар мен аға буын арасында осыған ұқсас түсінбеушіліктер бар. Бұл эпизод маған өз көзқарасымды батыл айту, бірақ үлкенге құрметпен жеткізу қажеттілігін ұғындырды».

Бұл мәтінде білім алушы көркем эпизодты әлеуметтанулық тұрғыдан талдайды: билік, дәстүр, ұрпақаралық диалог, құндылықтар жүйесі. Сонымен қатар, ол жеке тәжірибесімен ұштастырып, рефлексия жасап отыр. Мұндай жұмысты жазуға бағытталған тапсырмалар білім алушылардың ғылымаралық көзқарасын дамытады.

Қазіргі әлемде экологиялық мәселелер - жаһандық күн тәртібінің өзегіне айналды. Қоршаған ортаға жауапкершілік, тұрақты даму, экосана ұғымдары білім беру мазмұнына да еніп келеді. Әдебиет пен экологияны ұштастыру - білім алушының табиғатқа қатынасын, адам мен табиғат арасындағы байланысты көркем мәтін арқылы ұғынуға мүмкіндік береді.

Көркем әдебиетте табиғат бейнесі тек фон емес. Ол кейіпкердің ішкі күйін жеткізетін символ, құндылықтар көрсеткіші, кейде тіпті жеке тұлға дәрежесінде бейнеленеді. Адам мен табиғаттың үйлесімі, оны бұзу немесе қорғау мәселесі қазақ әдебиетінде терең көрініс тапқан. Бұл тақырыпты экологиялық ұғымдармен байланыстыра отырып талдау - ғылымаралық мәтін жазудың тағы бір бағыты.

Мысал тапсырма:

Берілген үзінді: «Ол көк майсада жалаңаяқ жүгіріп келе жатты. Бірақ артында шаңдаттып келе жатқан трактор дабылы бұл тыныштықты үзіп жіберді...»

Сұрақ: Бұл көркем көрініс қандай экологиялық және құндылықтық мәнге ие? Адам мен техника, табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты сипаттаңыз.

Білім алушы мәтінінің үлгісі:

Бұл үзіндіде адам мен табиғаттың үйлесімі мен техногендік араласудың қарама-қайшылығы суреттеледі. Жалаңаяқ жүгіріп келе жатқан бала - табиғатпен етене жақын адам бейнесі. Ал трактор - индустрия мен техниканың бейнесі. Бұл - бүгінгі қоғамның дилеммасы: даму мен табиғатты сақтау арасындағы тепе-теңдік. Бұл эпизод маған экология - тек сабақта айтылатын тақырып емес, әр адамның әрекетіне байланысты ұғым екенін көрсетті.

Бұл тапсырмада әдеби сипаттама мен экологиялық ұғым қатар қолданылады. Білім алушы мәтінде көркемдік компонент пен экосана ұғымын байланыстырып, ғылымаралық ой түйеді. Мұндай жұмыс түрлері экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге ықпал етеді.

Цифрлық дәуір – тек технологиялық прогресс емес, сонымен бірге коммуникация, мәтін жазу және оқу парадигмаларының түбегейлі өзгерісін білдіреді. Ғылыми тіл де осы трансформациялық процестердің белсенді қатысушысы ретінде жаңаша сипат алып отыр. Ғылымаралық мәтіндер - әдебиет, әлеуметтану, мәдениеттану және тіл білімі сияқты түрлі сала тоғысында жазылатындықтан, олар цифрлық кеңістіктің ерекшеліктеріне ерекше бейімделуді талап етеді.

Дәстүрлі академиялық мәтіндер белгілі бір канонға бағынады: логикалық құрылым, күрделі синтаксис, терминологиялық дәлдік және үшінші жақтағы баяндау. Цифрлық форматтағы мәтіндерде бұл талаптар толықтай жойылмаса да, олардың орнына оқырманмен диалог орнату, ойды ықшам жеткізу, риторикалық амалдарды қолдану басымдыққа ие болып келеді. Мысалы:

Дәстүрлі стильде:

«Абай шығармаларындағы әлеуметтік стратификация белгілерін постиндустриалды қоғамдағы таптық жіктелумен салыстыру арқылы қазақ әдебиетінің әлеуметтанулық қырын ашуға болады».

Цифрлық стильде:

«Абайдың заманындағы бай мен жарлы бейнесі бүгінгі «бай мен хейтер» феноменіне ұқсап кетпей ме?»

Осылайша, цифрлық кеңістіктегі ғылыми тілде автор бейтарап баяндаушыдан белсенді интерпретаторға айналады. Бұл - оқырманның мәтінге қатысуын арттыратын тәсіл.

Цифрлық платформаның ықпалы

Ғылыми мәтін жазу процесі енді тек баспа журналдарымен шектелмейді. YouTube видеосы, Instagram каруселі, Telegram-дағы пост, тіпті TikTok-тағы микровидео - бұлар да ғылыми мазмұн жеткізудің жаңа формалары ретінде танылуда. Осы медиаларда қолданылатын тіл - ғылымилық пен көркемдік, академиялық нақтылық пен публицистикалық жеңілдіктің қосындысы.

56-кесте. Цифрлық платформалардың ғылыми мәтін жазу үдерісіне ықпалы

Платформа	Мәтін түрі	Тілдік сипат	Мақсатты аудитория
Instagram	Микроэссе, сторителлинг	Стилистикалық еркіндік, эмоциялық тіркестер, сұрақ қою формасы	Мұғалімдер, білім алушылар
YouTube	Видеоэссе, пікірталас	Ауызша ғылыми тіл, сценарийлік құрылым, инфографика	Кең аудитория
Telegram	Оқу посттары, тредтер	Жартылай ғылыми стиль, деректер мен дәйек араласады	Мұғалім қауымдастығы, ізденушілер
Medium/блог	Ғылыми эссе	Ғылымилық пен публицистика синтезі, көркем аналитика	Академиялық қауым

Цифрлық кеңістікте ғылыми мәтіннің негізгі стилдік өзгерістері:

Интерактивтілік: Риторикалық сұрақтар, оқырманға тікелей үндеу, «ойланайық», «сіз қалай ойлайсыз?» секілді формулалар қолданылады.

Көпарналы мазмұн: Гиперсілтемелер, QR-кодтар, қосымша визуалдар мәтінді қабаттап беруге мүмкіндік жасайды.

Семантикалық ықшамдық: Ұзақ анықтамалар орнына - мысалмен түсіндіру, кейде - мем, диаграмма немесе деректі үзінді қолдану.

Жеке стильдің болуы: Автордың дауысын сезіну - мәтінге даралық береді. Бұл ғылыми объектілікке кері әсер етпей, керісінше, сенімділік пен шынайылықты күшейтеді.

Пәнаралық мәтіндердің ерекшелігі

Әдебиет пен әлеуметтану түйіскен мәтіндерде цифрлық стиль ерекше маңызға ие. Себебі мұндай мәтіндерде:

- көркем мәтіннен алынған бейнелер (поэтикалық образдар) ғылыми түсіндірмемен қатар жүреді;

- әлеуметтік құбылыстар көркем шығармадағы кейіпкерлер арқылы талданады;

- дерек пен дәйек арасындағы шекара шығармашылықпен беріледі. Мысалы, романдағы кейіпкердің әрекетін әлеуметтанулық теория арқылы түсіндіру - ғылымаралық синтездің мысалы. Мұндай мәтіндерде дәстүрлі тілдік талаптан гөрі, контекстуал және креатив тілдік құрылым басым болады.

Цифрлық кеңістіктегі ғылыми тіл - бұл академиялық дәстүр мен заманауи коммуникация мәдениетінің симбиозы. Мұндай тіл - тек ақпарат жеткізудің емес, сонымен бірге ғылыми ойды жария кеңістікте дамыту мен тарату құралы. Ғылымаралық мәтін жазуда автор контекст пен аудиторияны ескере отырып, ғылыми стильді икемдеп қолдана білуі тиіс. Бұл - қазіргі педагогке, жас зерттеушіге және білім алушыларға қойылатын жаңа талап.

Дәстүрлі академиялық мәтін белгілі бір канондарға, яғни қалыптасқан ғылыми нормаларға бағынады. Бұл нормалар білімді жүйелеу, дәлелді тұжырым жасау, зерттеу объективтілігін сақтау үшін қажет. Бірақ ғылымаралық мәтіндерде, әсіресе әдебиет пен әлеуметтану түйіскен тұста, бұл канондар икемделіп, жаңаша сипат алады. Себебі:

- Әдебиет – субъективті қабылдауға негізделген өнер түрі;

- Әлеуметтану – нақты дерек пен эмпирикалық бақылауды талап ететін ғылым;

- Олардың түйіскен тұсында – көркем образ бен әлеуметтік теория қатар жүреді, сондықтан да мәтіннің формасы да, тілі де өзгереді. Мысал арқылы салыстыру 3-кестеде көрсетілген.

57-кесте. Дәстүрлі академиялық мәтін мен цифрлық ғылымаралық мәтіннің салыстырмалы сипаттамасы

Элемент	Дәстүрлі академиялық мәтін	Цифрлық ғылымаралық мәтін
Стиль	Формалды, ғылыми, бейтарап	Ғылымилық + көркемдік, авторлық дауыс

Құрылым	Қатаң логикалық: кіріспе - негізгі бөлім - қорытынды	Сюжеттік, эсселік, кейде еркін формада
Дәлелдеу	Дерек, статистика, цитата	Мысал, оқиға, кейіпкер, метафора
Аудиториямен байланыс	Біржақты баяндау (академиялық қауымға арналған)	Диалогтік стиль (мұғалім, білім алушы, қоғам үшін)

Цифрлық кеңістіктегі ғылымаралық мәтіндерде метамәтіндік құрылым мен мультимодалдық (яғни мәтін + сурет + видео + сілтеме) негізгі талапқа айналууда.

58-кесте. Цифрлық ғылымаралық мәтіндердегі жаңа канондық элементтер

Жаңа канондық элемент	Мысал	Түсіндірме
Гиперсілтеме	Қазақ әдебиетінің әлеуметтанулық аспектілері туралы мақала	Мәтінді кеңейту, басқа контекспен байланыстыру
QR-код	Мәтін соңында деректі фильмге апаратын QR	Көркем шығарма мен шынайы оқиғаны сабақтастыру
Инфографика	Кейіпкерлер арасындағы әлеуметтік қатынас сызбасы	Күрделі байланысты визуалды көрсету
Мем немесе карикатура	Қожаның «ұры емес, еркін ойлы» кейпін бейнелейтін мем	Талдауды жеңілдету, білім алушыға жақындату

Цифрлық ғылыми тілдің тәуекелдері мен артықшылықтары

Артықшылықтары:

- Түсініктілік пен қолжетімділік артады;
- Оқырманмен байланыс жанданады;
- Тақырыпқа қызығушылық оянады;
- Жастар аудиториясын тарту жеңілдейді.

Тәуекелдері:

- Тым қарапайымдатып жіберу қаупі бар;
- Ғылымилық пен дәлдік арасында тепе-теңдік қажет;
- Кей терминдер жеңілдету кезінде бұрмалануы мүмкін.

Сондықтан да автор ғылымаралық мәтін жазғанда стиль мен мазмұн арасындағы тепе-теңдікті сақтауға, оқырман деңгейін ескеруге, әдеби образ бен әлеуметтанулық түсінік арасындағы шекараны әдістемелік шеберлікпен үйлестіруге тиіс.

Осылайша, цифрлық кеңістікте ғылыми тілдің трансформациясы - бұл ғылыми ойлаудың жаңа формасы, әсіресе қоғамдық-гуманитарлық пәндерде. Бұл педагогке, зерттеушіге және білім алушыға ғылымды өмірмен, әдебиетті қоғаммен, теорияны практикамен байланыстырудың тиімді жолы.

Мәтін жазуға бағытталған ғылымаралық тапсырмалар түрлері

Ғылымаралық мәтіндерге дайындық кезінде білі алушыларға төмендегідей практикалық тапсырмалар ұсынылады. Бұл тапсырмалар әдебиет, әлеуметтану, тарих, экология және цифрлық мәдениет ұғымдарын тоғыстырып, бір мәселені әртүрлі пәндік тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді.

59-кесте. Ғылымаралық мәтіндер жазуға арналған тапсырма түрлерінің классификациясы

Тапсырма түрі	Мақсаты	Мысал
Әдеби кейіпкерді әлеуметтік тұрғыда талдау	Әдеби образ бен әлеуметтанулық ұғымдарды байланыстыру	«Қожаның еркін мінезі мен қазіргі білім алушының әлеуметтік бейнесі арасында қандай ұқсастық бар?»
Әлеуметтік құбылысты көркем мәтінмен сипаттау	Әлеуметтік тақырыпты әдеби шығарма арқылы ашу	«Миграцияны «Қараш-қараш оқиғасы» арқылы түсіндіріңіз»
Дәйексөзге негізделген жазылым	Көркем немесе ғылыми дәйексөзден ой өрбіту	«Бақыт - еңбекпен келеді» дегенді Абай мен қазіргі қоғам қалай түсіндіреді?»
Салыстырмалы эссе	Екі мәтін негізінде салыстырмалы талдау жазу	«Абай мен О.Хайям поэзиясындағы адам мен қоғам қатынасы»

GPT/AI көмегімен мәтін жазу стратегиясы

Қадамдық әдіс:

1. Тақырып таңда: Әдебиеттен бір кейіпкер немесе шығарма, әлеуметтанудан бір құбылыс таңда.

2. GPT-ге сұрақ қой: Мысалы, «Қожаның мінезі туралы әлеуметтанулық эссе жазуға көмектес» немесе «Абайдың «толық адам» концепциясын қазіргі қоғаммен салыстыр».

3. Құрылымды ұсынуын сұра: GPT кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыны жоспарлап береді.

4. Сөйлемдер мен мысалдарды қайта өңде: GPT берген жауапты өз сөзіңмен редакциялау - маңызды оқу дағдысы.

5. Сілтемелерді нақтыла: GPT ұсынған дереккөздерге нақты сілтеме жасауды үйрет.

Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар

Ғылымаралық мәтіндермен жұмыс жүргізу - пән мұғалімінің тек мазмұнды жеткізуші емес, білім алушыны ойландыратын, танымдық және құндылықтық тұрғыдан дамытатын бағыттаушы ретіндегі рөлін күшейтеді. Бұл бөлімде әдебиет, тарих, қазақ тілі және қоғамдық-гуманитарлық пәндерге бейімделген, мәтінге негізделген тапсырмаларды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері ұсынылады. Ұсынылған кестелерде сабақ құрылымына ғылымаралық тәсілді енгізу жолдары, тапсырма үлгілері және педагогтің рефлексиялық сұрақтары жүйеленіп берілген. 6-кестеде мұғалім үшін ғылымаралық мәтінмен жұмыс істеу барысында ұстануға қажетті әдістемелік қағидаттар жинақталған. Әр қағидат оқу процесінде білім алушының танымын тереңдетіп, ғылымаралық байланыс орнатуға ықпал етеді.

60-кесте Сабақта ғылымаралық мәтінмен жұмыс істеудің негізгі қағидаттары

№	Әдістемелік қағидат	Түсіндірме
1	Мәтіннің мағыналық қабатын ашу	Мәтін мазмұнын ғана емес, ондағы идея, құндылық, әлеуметтік астарды талдау.

2	Пәнаралық байланысты саналы қолдану	Әдеби және әлеуметтік контексті бірге талдап, пән аясын кеңейту.
3	Білім алушы позициясын белсендіру	Білім алушыны интерпретатор, автор, сарапшы ретінде іске қосу.
4	Ғылыми тіл мен цифрлық құралды ұштастыру	GPT, Diffit, Google Arts сияқты платформаларды мақсатты қолдану.
5	Құндылыққа бағытталған рефлексия	Әр тапсырмадан кейін ішкі жауапкершілік тудыратын сұрақтар қою.

60-кестеде сабақтың дәстүрлі кезеңдеріне ғылымаралық тәсілді қалай бейімдеуге болатыны сипатталады. Бұл тәсіл білім алушыны тек ақпарат қабылдаушы емес, мәтінмен ойласушы тұлға ретінде дамытуға бағытталған.

61-кесте. Сабақ құрылымына ғылымаралық тәсілді кіріктіру жолдары

Сабақ кезеңі	Әдістемелік нұсқау	Үлгі тапсырма
Қызығушылықты ояту	Мәтін мазмұнын құндылықпен байланыстырып ашу	«Қожа неге қоғамға «ыңғайсыз» бала?»
Мағынаны тану	Әдеби мәтін мен әлеуметтанулық ұғымды байланыстыру	Абай - тұлға, Шоқан - әлеуметтік мобильділік
Шығармашылық кезең	Мәтінге сүйене отырып жаңа мәтін тудыру	Томиристен бүгінгі жасқа үндеу жазу
Қорытынды, рефлексия	Білім алушының ішкі бағдарына сүйеніп пікір айту	«Мен кіммін? Не үшін жауаптымын?» эссесі

Білім алушыларға ұсынылатын тапсырмалар шығармашылық, рефлексивтік және ғылымаралық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл тапсырмалар дәстүрлі оқу тәсілінен айырмашылығы - білім алушының өз көзқарасы мен құндылықтық ұстанымын ашуға мүмкіндік беруінде.

62-кесте. Ғылымаралық мәтіндерге арналған тапсырма түрлері

Тапсырма түрі	Қысқаша сипаттама	Мақсаты
Time Travel (Уақытқа саяхат)	Кейіпкерді басқа тарихи/қазіргі кезеңге көшіру	Болжау, салыстыру, ойша реконструкция жасау
Әлеуметтендірілген эссе	Әдеби мәтінді әлеуметтану ұғымдарымен талдау	Ғылымаралық көзқарасты дамыту
Мем және мәтін	Мәтінге байланысты мем таңдау/жасау	Цифрлық мәтін сауаттылығын арттыру
Цифрлық реплика	Кейіпкерге әлеуметтік желі форматында сөйлеу мүмкіндігін беру	Қазіргі мәдениетпен байланыстыру
GPT көмегімен өңдеу	GPT ұсынған жауаптарды сыни талдау және қайта жазу	Ойлау, редакциялау, таңдау жасау дағдысын дамыту

Бұл сұрақтар педагогке жоспарлауда әдістемелік және құндылықтық бағдар береді. білім алушының танымын, сезімін, таңдауы мен жауапкершілігін ескере отырып сабақ құруға бағыттайды.

63-кесте. Сабақ жоспарын дайындауда педагогке арналған жетекші сұрақтар

Бағыт	Негізгі сұрақтар
-------	------------------

Құндылықтық бағдар	Бұл сабақта Білім алушы қандай құндылықты меңгереді?
Пәнаралық байланыс	Бұл тақырыпты қандай пәндермен байланыстыруға болады?
Ішкі позиция	Білім алушы бұл мәтінде өзін көреді ме? Сезіне ала ма?
Таңдау мен жауапкершілік	Сабақ соңында Білім алушы не таңдады? Ол үшін неге жауапты?

Мұғалім үшін ғылымаралық мәтіндермен жұмыс жасау – пәнаралық интеграция мен тұлғалық бағыттылықты сабақ мазмұнына сәтті енгізудің тиімді жолы. Мұндай тәсіл білім алушының тек пәндік білімін ғана емес, ойлау мәдениетін, құндылықтық бағдарын, цифрлық және мәтіндік сауаттылығын дамытуға негіз болады.

Ғылымаралық мәтінмен жұмыс - бұл тек пәнаралық интеграция емес. Бұл - білім мен өмірді, мәтін мен мағынаны, ой мен құндылықты тоғыстырудың жаңа педагогикалық моделі. білім алушы мұндай мәтін арқылы тек мазмұн меңгермейді, сонымен бірге өзін, өз ортасын, өз орнын тануға ұмтылады.

Ғылымаралық мәтіндермен жұмыс жүргізу қазіргі білім беру процесінде мына бағыттарда ерекше құнды:

64-кесте. Ғылымаралық мәтіннің тиімділігі

Бағыт	Мәні
Тұлғалық даму	Мәтін білім алушының ішкі рефлексиясына, таңдау жасауына, азаматтық позициясын анықтауына ықпал етеді.
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, әлеуметтану, тарих, мәдениет, тіл білімі элементтері бір тапсырмада қатар көрініс табады.
Құндылықтық бағдар	Мәтін арқылы білім алушы адалдық, еңбек, жауапкершілік, шыншылдық, ой еркіндігі сияқты ұғымдарды сезінеді.
Цифрлық трансформацияға бейімделу	GPT, Diffit, Google Arts сияқты платформалар арқылы білім алушының цифрлық сауаттылығы артады.

Ғылымаралық мәтінмен жұмыс істейтін мұғалім - мазмұн жеткізуші емес, бағыттаушы, рефлексия тудырушы, ой серіктесі. Ол білім алушыға:

- дайын жауап емес - дұрыс сұрақ қоя білуге үйретеді;
- үзінді емес - байланыс орнатуды ұсынады;
- мәтін емес - мағына іздетеді.

Дидактикалық шеңбердің жаңғыруы. Бұл тәсіл сабақ құрылымының өзін өзгертеді.

65-кесте. Дидактикалық шеңбердің жаңғыруы

Бұрынғы модель	Жаңарған модель
Түсіндіру - жаттығу - бағалау	Ізденіс – интерпретация - рефлексия
Дайын білім	Байқау, болжау, таңдау арқылы білім
Пәнішілік мазмұн	Пәнаралық байланыс, контекстуалдық тереңдік
Бір стильдегі жазылым	Ғылымаралық, креативті, жеке стильмен жазу

Ғылымаралық мәтіндер – бүгінгі білім берудің болашағына жол ашатын бағыт. Бұл тәсіл:

- зерттеуге бейім білім алушы қалыптастырады,
- пән мен өмір арасын жақындатады,
- құндылықты сөз күйінде емес - әрекет деңгейінде меңгертеді.

Ғылымаралық мәтін - бұл білім алушының академиялық та, адамгершілік те, әлеуметтік те санасын дамытуға арналған көпқырлы құрал. Ол педагогке өз пәнін тереңдетіп оқыту ғана емес, азамат тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі білім кеңістігінде пән мазмұны білім алушы өмірімен, қоғаммен және цифрлық мәдениетпен сабақтаса түсуі қажет. Бұл үшін мұғалім пәнаралық байланысты саналы құрып, білім алушыларды академиялық жазылымның заманауи формаларына бейімдей білуі керек. Осы бөлімде ғылымаралық мәтіндер жазудағы пәнаралық интеграция жолдары, пәндер арасындағы мазмұндық тоғысу үлгілері және цифрлық ортада жазу дағдысын дамыту тәсілдері қарастырылады. Мұндағы мақсат - білім алушының тілдік, танымдық және тұлғалық дамуын біртұтас қолдау.

Ғылымаралық мәтін жазуда пәнаралық тәсіл - білім алушының бір құбылысқа түрлі ғылым тұрғысынан қарауын дамыту әдісі. Бұл тәсіл мәселені кешенді түсінуге, ойлау аясын кеңейтуге, нақты фактілер мен көркемдік образды үйлестіруге мүмкіндік береді.

66-кесте. Қоғамдық-гуманитарлық пәндермен байланысты ғылымаралық мәтін үлгілері

Пән	Байланыс сипаттамасы	Мәтін мысалы
Әлеуметтану	Әлеуметтік рөлдер, нормалар, тап, отбасы, ұрпақаралық қатынас	«Қожаның мінезі қазіргі жасөспірімнің әлеуметтік портретін сипаттай ма?»
Тарих	Уақыт пен кеңістік, тұлғалар, тарихи сана, идеология	«Абай XX ғасырда өмір сүрсе, қандай тарихи үдерістерге үн қосар еді?»
Әдебиет	Көркемдік әлем, образ, стиль, әдеби ағым	«Шәкәрім мен Достоевский: ар мен ерік мәселесі»
Экология	Табиғат, ресурс, этика, мәдени жауапкершілік	«Қазіргі экологиялық дағдарыс - Асан Қайғы армандаған Жерұйықтың күйреуі ме?»
Цифрлық мәдениет	Желілік орта, визуализация, мәлімет тасқыны, медиа сауат	«Қожаның күнделігі мен TikTok блог: айырмашылық неде, ұқсастық неде?»

Бұл кестеде әр пәнмен байланысқан мәтіннің мысалы берілген. Негізгі идея – білім алушыны бір ғана пәндік тұрғыда емес, пәнаралық ойлау қабілетімен жұмыс істеуге бейімдеу. Мысалы, «Қожаның күнделігін» тек әдеби емес, цифрлық мәдениет аясында, блог формасымен салыстыру - жаңа интерпретация тудырады. Бұл тәсіл білім алушы мәтінді түсінбейді, сезінеді деген нәтижеге жетелейді.

Ғылыми терминдерді қолдану – білім алушының тек білім деңгейін емес, академиялық ойлауын да көрсететін маңызды көрсеткіш. Ғылымаралық мәтіндерде әдебиеттану, әлеуметтану, мәдениеттану, философия сияқты салаларға тән терминдер білім алушы жазылымының мазмұнын байытады.

67-кесте. Жазылымда қолданылатын ғылымаралық терминдердің үлгілері

Термин	Пәндік саласы	Мәтінде қолдану үлгісі
Әлеуметтік рөл	Әлеуметтану	«Қожа қоғамда шынайы «балалық рөлді» емес, еркін ой иесін ойнайды».
Нарратив	Әдебиеттану	«Автордың нарративі кейіпкерді ақтауға тырысады».
Символ	Мәдениеттану	«Бозбаланың шапаны - әлеуметтік мәртебенің символы».
Дискурс	Лингвистика/философия	«Абайдың ойлауы - ұлттық дискурстың терең үлгісі».
Интерпретация	Филология	«Бұл эсседе білім алушы кейіпкерді өз болмысы арқылы интерпретациялады».

Кестеде көрсетілген терминдер - білім алушының ғылыми тілмен еркін жұмыс істеуіне арналған бастама. Білім алушы бұл ұғымдарды жаттамайды, мәтін жазу барысында табиғи қолдануы тиіс. Мұғалім үшін маңыздысы - терминнің мағынасын түсіндіру ғана емес, оны дұрыс контексте пайдалануына бағыт беру.

Цифрлық ортада жазу дағдысы қазіргі білім алушы үшін өмірлік қажеттілікке айналды. Академиялық жазылым енді тек реферат немесе эссені білдірмейді. Ол - блог, пост, пікір, TEDx баяндамасы, презентация сценарийі сияқты көпформатты, қысқа, құрылымды әрі мақсатты жазылым түрлерін қамтиды.

68-кесте. Цифрлық академиялық жазылым формалары және қолдану жолдары

Формат	Ерекшелігі	Білім алушы не істейді?
Блог-пост	Қысқа, авторлық, бейресми стильде	Мәтінге өз пікірін қоса отырып, зерттеу немесе проблема көтереді.
Форум/пікір	Сыни, сыпайы, дәлелге негізделген жауап	Бір сұраққа бірнеше көзқарас білдіреді
TED-style сценарий	Идеяға құрылған, эмоционалды, ауызшаға лайық	Жеке тәжірибені ғылыми-әлеуметтік оймен байланыстырады.
Презентация мәтіні	Слайд негізінде жазылады, нақты, ықшам	Факт, дәйек, қорытындыны байланыстырған мәтін құрастырады.

Цифрлық жазылым формаларын қолдану білім алушыға мақсатты аудиторияға бағытталған, қысқа әрі нақты ой айтуға үйретеді. Сонымен қатар, бұл формалар қазіргі университеттік білім беру жүйесіне және академиялық жазылым талаптарына біртіндеп бейімделудің тиімді жолы болып табылады.

Жасанды интеллект (GPT, Diffit, Grammarly т.б.) - білім алушыға жазу процесінде көмекші құрал бола алады. Бірақ ең бастысы - бұл құралдарды ойлау мен таңдау жасауға ықпал ететін жолмен қолдану.

69-кесте. Жасанды интеллект көмегімен мәтін құрылымдау

Қолдану тәсілі	Білім алушы не істейді?	Дағды
GPT-ге сұрақ қою	GPT ұсынған жауапты талдап, өз нұсқасын жазады.	Салыстыру, редакциялау

GPT эссесін өңдеу	Стиль, логика, дәлел тұрғысынан өзгертеді.	Сыни ойлау
GPT және менің көзқарасым	Екі нұсқаны салыстырып, қайсысы құндылықты жеткізетінін дәлелдейді.	Интерпретация, таңдау
Diffit-тен алынған мәтінге жауап жазу	Деңгейге бейімделген мәтіннен негізгі ойды шығарады.	Түйіндеу, сұрақ қою

Жасанды интеллектті тек дайын жауап алу үшін пайдалану - шынайы білімге жеткізбейді. Білім алушы GPT көмегімен ойын нақтылап, өз көзқарасын қалыптастырып, тіпті GPT ұсыныстарымен салыстыра отырып дербес шешім қабылдауға үйренуі керек. Мұғалім бұл процесте бағыттаушы, модератор рөлін атқарады.

Пәнаралық интеграция, ғылыми терминологияны орынды қолдану және цифрлық жазылым дағдыларын меңгерту - ғылымаралық мәтін жазу тәсілінің мазмұны мен құрылымын жүйелі түрде кеңейтуге жол ашады. Мұндай бағыттар білім алушыны академиялық сауатты, ойлы әрі цифрлық жауапкершілігі қалыптасқан тұлға ретінде дамытуға ықпал етеді.

Бұл бөлім – ғылымаралық мәтін жазу тәсілін сабақ барысында нақты іске асыруға арналған практикалық құралдар жиынтығы. Мұнда педагогке дайын шаблондар, тапсырма түрлері, білім алушы жұмыстарының үзінділері мен GPT-пен жұмыс істеу үлгілері ұсынылады. Сонымен қатар білім алушы рефлексиясын ұйымдастыру және бағалау критерийлері де беріледі.

Жасанды интеллект (мысалы, ChatGPT) ғылымаралық мәтін жазу процесінде Білім алушыға көмекші құрал бола алады. Бірақ оны тиімді қолдану үшін Білім алушы дайын жауаппен шектелмей, GPT ұсынған мәліметтерді талдап, салыстырып, таңдау жасай білуі керек. Төменде GPT-ті қолдануға негізделген тапсырмалар мен білім алушы жұмыстарының үлгілері берілген.

1-тапсырма. GPT-мен кеңес: салыстыр да, өз нұсқанды ұсын.

Нұсқау: Абай ХХІ ғасырда өмір сүрсе, не істер еді? Осы сұрақты GPT-ке қой. GPT-тің жауабын оқып, өз көзқарасыңмен салыстыр. Қайсысы шынайы? Неге?

GPT жауабы (қысқартылған): Абай ХХІ ғасырда ғалым, ойшыл ретінде танылар еді. Ол әлеуметтік желі арқылы халыққа ой тарататын тұлға болар еді.

Білім алушы интерпретациясы (үзінді): Мен GPT-тің жауабымен келісемін. Бірақ Абай тек ой таратушы емес, ұлттың ар-ожданы болар еді. Ол TikTok-қа тренд емес, тағылым әкелер еді.

Пайдасы: GPT-пен салыстыру білім алушыға өз позициясын нақты айтуға, талдау мен дәлелдеуге үйретеді.

2-тапсырма. GPT редакторы: түзет, нақтыла, таңда

Нұсқау: «Томирис батыр әйел ме, аңыз ба, жоқ әлде саясат па?» тақырыбына GPT-тің жазған шағын мәтінін алып, оның стилін, құрылымын, дәлелін қайта өңде. Оны шынайы эссеге айналдыр.

GPT бастапқы мәтіні (үзінді): Томирис - ежелгі сақ халқының билеушісі. Ол Кир патшамен соғысып, жеңіске жеткен. Бұл оның батыр әйел екенін дәлелдейді.

Білім алушы өңдеуі (үзінді): Томирис жай ғана тарихи кейіпкер емес. Ол - әйел билігіне күмәнмен қарайтын санаға жауап. Оның тарихы - бүгінгі қыз баланың еркіндігіне айналған рәміз.

Пайдасы: GPT жауабын өңдеу - білім алушыны сыни тұрғыдан қайта құру, мазмұн мен мәнді ажырату дағдысына үйретеді.

3-тапсырма. «Адалдық» ұғымын GPT және жеке көзқарас тұрғысынан салыстыру

Нұсқау: «Адалдық деген не?» деген сұраққа GPT жауабын ал. Өз жауабыңмен салыстыр. Екеуінің айырмашылығын анықтап, қайсысы құндылықты нақты жеткізеді - соны дәлелде.

GPT жауабы (үзінді): Адалдық - бұл шындықты айту, өтірік жасамау. Бұл - адам бойындағы маңызды қасиет.

Білім алушы жауабы (үзінді): Адалдық - бұл сөз емес, таңдау. Шындықты айту - оңай, ал оған жауапты болу - қиын. Мен үшін адалдық - сенімнің сынағы.

Пайдасы: Бұл тапсырмада білім алушы GPT-тің жауабымен шектелмей, өзінің өмірлік танымын, құндылықтық позициясын қалыптастырады.

Рефлексия және өзіндік пікір жазу үлгілері

Ғылымаралық мәтінмен жұмыс істегеннен кейін білім алушы дербес ой айту, көзқарас қалыптастыру, таңдаған құндылыққа жауап беру сияқты рефлексивтік әрекеттерді орындай алуы керек. Бұл бөлімде білім алушы рефлексиясының ықшам формалары мен нақты мысалдары ұсынылады.

Неге рефлексия маңызды?

- Бұл - білім мен тұлғалық болмыстың тоғысатын тұсы.

- Білім алушының мәтінді қалай түсінгені емес, не сезінгені мен не таңдағаны көрінеді.

- Ол ой, таңдау, жауапкершілік деген үш қабаттан тұрады.

70-кесте. Рефлексия түрлері

Түрі	Сипаттамасы	Мақсат
«Не сезіндім?»	Мәтінді оқу барысында туған ішкі әсерді сипаттайды.	Эмпатия, қатыстылық сезімі
«Не таңдадым?»	Мәтіндегі кейіпкер, ой, жағдай арасынан маңыздысын таңдайды.	Құндылықтық бағдар
«Не үшін жауаптымын?»	Өз пікірін білдіреді, таңдауына жауап береді.	Азаматтық позиция

Ғылымаралық мәтін жазуға арналған тапсырмалар дәстүрлі жазба жұмыстардан ерекшеленеді. Онда мазмұн тереңдігі, пәнаралық байланыс, құндылықтық бағдар және дербес көзқарас ерекше рөл атқарады. Сондықтан бағалау жүйесі де ойлаудың күрделілігіне, жазылым сапасына, рефлексия деңгейіне сәйкес болуы тиіс.

71-кесте. Бағалау критерийлерінің негізгі өлшемдері

Критерий	Сипаттамасы	Деңгейлер
----------	-------------	-----------

Мазмұнның ғылымаралық тереңдігі	Мәтінде кемінде екі пәндік бағыт (мысалы, әдебиет + әлеуметтану) үйлесімді көрінуі	Жоғары – толық байланыс, Орта – ішінара байланыс, Төмен – бір бағытта ғана
Құндылықтық ұстаным	Автор мәтінде қандай құндылықты негіз етіп алғаны байқалады (адалдық, еркіндік, әділет, т.б.)	Жоғары – құндылық нақты, Төмен – құндылық көрінбейді
Тұлғалық көзқарас	Автор мәтінде өзінің «ішкі дауысын» білдіреді ме? (Жеке мысал, интерпретация, сұрақ)	Бар – тұлғалық интерпретация бар, Жоқ – тек баяндау
Ғылыми тіл және терминология	Әлеуметтану, әдебиеттану, тарих, экология саласынан алынған ұғымдарды қолдана алуы	Дұрыс қолданған, формалды қолданған, қолданбаған
Цифрлық жазылымға бейімделуі	Мәтін құрылымы, қысқалығы, аудиторияны ескеруі (мысалы, блог, пост, сценарий)	Қолайлы формат, нақты құрылым, мақсатты ой

Бұл бағалау критерийлері ғылымаралық мәтіндерге тән мазмұн мен құрылым ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. Мұндай жазылымдарды бағалауда тек тілдік қателер мен стилистика ғана емес, пәнаралық байланыс деңгейі, білім алушының құндылықтық таңдауы мен тұлғалық интерпретациясы да ескерілуі тиіс.

Білім алушы GPT көмегімен жазса да, өз көзқарасын, таңдауын қоса алса - бұл оның дербестігін, сыни ойлауын білдіреді. Цифрлық жазылымға бейімделген эссе, пост немесе TED-style сценарий - бүгінгі шынайы жазу формалары. Мұғалім бұл критерийлерді қолдана отырып, білім беру мен тәрбиелеудің арасындағы тепе-теңдікті бағалай алады.

Бағалау форматы:

Бағалау тек баллмен емес, сапалық сипаттама арқылы да берілуі мүмкін. Мысалы:

- «Мәтінде тарих пен әдебиет өте шебер ұштасқан. Білім алушы Асан Қайғыны экологиямен байланыстырғаны жоғары деңгейдегі интерпретацияның көрінісі».

- «Рефлексияда тұлғалық сезіну байқалады. GPT жауабымен салыстыру сыни ойлаудың бар екенін көрсетті».

Ғылымаралық мәтінді бағалау - тек дұрыс/бұрыс өлшемімен шектелмейді. Бұл – ойдың сапасы, көзқарастың тереңдігі, құндылықпен жұмыс істеу қабілеті арқылы айқындалатын, күрделі де мәнді процесс. Мұғалім бағалауда дербес ойлау мен ізденісті қолдауы керек.

Қазіргі білім беру кеңістігі пән мазмұнын білім алушы болмысымен, әлеуметтік құбылыспен және цифрлық ортамен байланыстыруды талап етеді. Бұл тұрғыдан алғанда ғылымаралық мәтін жазу тәсілі - мазмұн мен мағына, білім мен құндылық, теория мен тәжірибені тоғыстыратын жаңа дидактикалық модель болып табылады.

Осы нұсқаулықта ғылымаралық мәтіннің құрылымы, пәнаралық байланыстары, цифрлық жазылым формалары, жасанды интеллектпен жұмыс істеу жолдары және педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар жүйелі түрде ұсынылды. Әр бөлім білім алушының тілдік, танымдық, құндылықтық

қабілеттерін дамытуға бағытталған нақты тапсырмалармен, үлгілермен және бағалау критерийлерімен толықтырылды.

Ғылымаралық мәтінмен жұмыс істеу – бұл тек жазу емес. Бұл – білім алушының тыңдату, сөйлету, сезіндіру. Бұл – бүгінгі сабақ арқылы ертеңгі азаматтың ішкі болмысын қалыптастыру жолы.

2.«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

№1

1. Тақырып: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет.

Оқу мақсаттары:

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері);

10.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу

Сабақтың мақсаты:

1. Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдердің ерекшеліктерін тілдік құралдар (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері) арқылы анықтайды.

2. БАҚ, энциклопедиялық және ғылыми-көпшілік дереккөздерден ақпарат алып, сілтеме жасау жолдарын меңгереді.

1-тапсырма: Мәтін стильдерін салыстыр

Берілген екі мәтінді оқып, стильдік ерекшеліктерін салыстырыңыз.

А мәтіні

Қазіргі қоғамдағы мәдениет пен өркениеттің өзара байланысы

Мәдениет пен өркениет – адамзат қоғамының дамуында маңызды рөл атқаратын ұғымдар. Мәдениет – адамзаттың рухани, әлеуметтік, интеллектуалдық өмір саласын қамтитын кешенді жүйе. Ол дәстүр, өнер, тіл, мораль, құқық сынды элементтерден тұрады. Ал өркениет – техникалық, экономикалық, әлеуметтік жетістіктерді сипаттайтын ұғым. Екі категория да бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі өркениет мәдениеттің материалдық жағын дамытса, мәдениет өркениеттің ішкі рухани мәнін айқындайды. Қазіргі таңда қоғам тек технологиялық ілгерілеуге емес, сонымен қатар адамгершілік, рухани құндылықтарға да мұқтаж. Сондықтан кез келген өркениетті ел алдымен ұлттық мәдениетін сақтап, оны жаһандану үдерісіне бейімдей білуі тиіс. Мәдениет пен өркениеттің тең дамуы – тұрақты қоғамның негізі.

В мәтіні

Мәдениетсіз өркениет – тамырсыз бәйтерек

Қазіргі қоғам қарқынды даму үстінде. Ғылым мен техника жетістіктері адам өмірін жеңілдетіп, өркениет биігіне көтеріп келеді. Алайда сол өркениеттің астарында мәдениет болмаса, оның қадірі қаншалықты? Жаһандану заманында ұлттық болмыс, рухани құндылықтар екінші орынға ысырылып бара жатқандай. Бүгінгі таңда кей жастарымыз өз тілінен безіп, өзге мәдениетті артық көріп жүр. Бұл – қоғам үшін қауіпті үрдіс. Себебі ұлттық мәдениетін жоғалтқан ел – болашақта өз жолын таба алмайды. Біз өркениетті ел болғымыз келсе, алдымен тамырымызға оралуымыз керек. Тіл, діл, дін, салт-дәстүр – бұлар жай ғана сөз емес, бұл – ұлттың жаны. Ұрпағымыз өркениет игіліктерін пайдалана отырып, ұлттық мәдениеттің қадірін білсе ғана болашағымыз баянды болмақ. Ұлтқа жанашыр әр азамат осыны ұмытпауы тиіс.

А мәтіні – ғылыми-көпшілік стиль

В мәтіні – публицистикалық стиль

Нұсқаулық:

- Терминдерді, тілдік оралымдарды, фактілерді, экспрессивті құралдарды белгілеңіз

- Стильдердің ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетіңіз

Екі мәтін тапсырмалары:

1. Мәтінді оқып, публицистикалық стильдің ерекшеліктерін анықтаңыз.

Нақты дерек пен автор көзқарасының ара-жігін ажыратыңыз.

Автор қандай тілдік құралдар арқылы әсер етеді (риторикалық сұрақ, теңеу, эмоциялық бояуы бар сөздер)?

Бағалау критерийі	Дескриптор	✓/ ✗
Мәтінді түсіну	Мәтінді оқып, мазмұнын дұрыс түсінді	
Стильді ажырату	Мәтіннің публицистикалық стильге жататынын дәлелмен көрсетті	
Ерекшеліктерді тану	Публицистикалық стильдің кемінде 2 ерекшелігін атады	
Дерек пен көзқарас	Нақты деректер мен автор көзқарасын ажырата білді	
Тілдік құралдар	Автор қолданған тілдік құралдарды анықтады (кемінде 2 түрін)	
Мысал келтіру	Риторикалық сұрақ, теңеу немесе эмоциялық сөздерге мысал келтірді	
Талдау жасау	Тілдік құралдардың мәтіндегі әсерін талдап көрсетті	

2. Мәтіннен термин немесе тұрақты тіркеске жататын 5 сөз тіркесін анықтаңыз.

Әрқайсысының мағынасын түсіндіріңіз.

Бағалау критерийі	Дескриптор	✓/ ✗
Термин немесе тұрақты тіркес табу	Мәтіннен 5 термин немесе тұрақты тіркес табады	
Мағынасын түсіндіру	Әр сөз тіркесінің мағынасын дұрыс түсіндіреді	
Тілдік сауаттылық	Жауапты грамматикалық және	

	орфографиялық нормаға сай жазады	
--	----------------------------------	--

3. «Ұлттық мәдениет – ұлттың тамыры» деген сөйлемге сүйеніп, шағын пікір (100 сөз) жазыңыз.

Пікіріңізде бір дереккөзге сілтеме жасап жазыңыз (мысалы, газет, энциклопедия, БАҚ сайты).

Бағалау критерийі	Дескриптор	✓/ ✗
Мазмұн	- «Ұлттық мәдениет – ұлттың тамыры» тақырыбына сай ой білдіреді. - Ұлттық мәдениеттің маңызын дәлелдейді.	
Дереккөзді пайдалану	- Бір нақты дереккөзге дұрыс сілтеме жасайды.	
Тіл байлығы мен сауаттылық	- Сөйлемдері сауатты, құрылымы дұрыс. - Қазақ тілінің сөздік қорын тиімді қолданады.	
Көлемі	- Мәтін 100 сөз шамасында жазылған.	

№2

Тақырып: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет.

Оқу мақсаттары:

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері);

10.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу

Сабақтың мақсаты:

1. Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдердің ерекшеліктерін тілдік құралдар (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері) арқылы анықтайды.

2. БАҚ, энциклопедиялық және ғылыми-көпшілік дереккөздерден ақпарат алып, сілтеме жасау жолдарын меңгереді.

1-тапсырма: Сілтеме жасап, шағын мақала жаз

Тақырып: «Қазіргі қоғамдағы мәдениеттің рөлі»

Нұсқаулық:

Кемінде 2 дереккөз (БАҚ/энциклопедия/интернет-сайт) қолданыңыз

Ақпаратқа дұрыс сілтеме жасаңыз

Мәтін көлемі: 120-150 сөз

Ғылыми-көпшілік стильге сай жазыңыз

Бағалау критерийі:

Ақпаратты орынды пайдалану

Сілтемені дұрыс көрсету
 Стилль талаптарын сақтау
 2-тапсырма: Ұғымдарды талдау

Терминдер:

«Мәдениет»

«Өркениет»

«Инновация»

«Құндылық»

«Ақпараттық қоғам»

Тапсырма:

– Әр терминнің анықтамасын жазыңыз

– Өз сөзіңізбен мысал келтіріңіз

– 1-2 сөйлеммен мән-мағынасын түсіндіріңіз

Ұғымдарды талдау тапсырмасы

Термин	Анықтамасы	Өз сөзіңмен мысал	1–2 сөйлеммен мән-мағынасы
Мәдениет	Адамзаттың рухани және материалдық құндылықтарының жиынтығы.	Қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық киімдері мен әуендері – мәдениет үлгілері.	Мәдениет – әр ұлттың ерекшелігін танытатын, қоғамның рухани дамуын көрсететін ұғым.
Өркениет	Қоғамның тарихи даму деңгейі, жетістіктер жиынтығы.	Қазіргі технологиялық дамыған қоғам – өркениеттің жоғары сатысы.	Өркениет – адамзаттың даму жолындағы әлеуметтік, ғылыми және техникалық прогрестің көрінісі.
Инновация	Жаңалық енгізу, жаңа технология немесе идеяларды қолдану.	Онлайн оқыту платформалары білім беру саласындағы инновация болып табылады.	Инновация – қоғамда өзгеріс әкелетін жаңашыл идеялар мен шешімдер.
Құндылық	Адам үшін маңызы зор моральдық, рухани немесе материалдық нысандар.	Отбасы, достық және білім – мен үшін маңызды құндылықтар.	Құндылық – адамның өмірлік таңдауы мен мінез-құлқын айқындайтын маңызды ұстаным.
Ақпараттық қоғам	Ақпарат негізгі ресурс болып саналатын, технология дамыған қоғам түрі.	Компьютер мен интернетті күнделікті пайдалану – ақпараттық қоғамның белгісі.	Ақпараттық қоғам – білім мен технологияға негізделген заманауи қоғамдық құрылым.

Бағалау критерийі	Дескрипторлар
-------------------	---------------

Терминдердің мағынасын дұрыс анықтайды	Әр ұғымға нақты және дұрыс анықтама береді
Өз сөзімен нақты мысал келтіреді	Әр терминге өмірден алынған, мағынасына сай мысал келтіреді
Ұғымның мәнін қысқаша түсіндіреді	1–2 сөйлем арқылы ұғымның қоғамдағы орнын сипаттайды

3-тапсырма: Эссе жазу

Тақырып: «Өркениетті ел болу үшін мәдени құндылықтар сақталуы тиіс»

Эссе құрылымы:

1. Кіріспе: Тақырып мәнін ашу, қызықты тезис
2. Негізгі бөлім: Дәлелдер, деректер, фактілер, салыстыру
3. Қорытынды: Тұжырым

Дескрипторлар:

Тақырып мәнін ашады, өз көзқарасын білдіреді

Қажетті тарихи, мәдени ақпаратты қолданады

Стильдік ерекшеліктерді сақтайды

Академиялық жазылым құрылымын сақтайды

Көлемі: 200-250 сөз

4-тапсырма: Зерттеу презентациясы

Тақырып: «Қазақ қоғамындағы мәдени құндылықтардың трансформациясы»

Нұсқаулық:

- Зерттеу сұрағын құра
- Ақпарат көздерінен дәлел жина
- Инфографика, сілтеме, кесте қолдан
- Қорытынды жаса

Бағалау критерий	Дескриптор
Зерттеу сұрағы	Зерттеу сұрағы нақты, өзекті және тақырыпқа сай құрастырылған
Ақпарат көздері	Сенімді дереккөздер қолданылған, дәйектемелер келтірілген
Талдау	Ақпараттар салыстырылып, нақты тұжырым жасалған
Көрнекілік	Инфографика, кесте және диаграмма қолданылған
Қорытынды	Тақырыпты толық қамтыған, негізді пікір ұсынылған
Рефлексия	Жеке көзқарас немесе ұсыныс білдірілген (мүмкін болса)

№3

Тақырып: Тіл –құндылық

Оқу мақсаттары:

10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру;

10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу

Сабақ мақсаттары:

1. Мәтін үзінділерін талдау арқылы мазмұнға болжам жасайды, өз білімін пайдаланып тақырыпты шығармашылық түрде жалғастырады.

2. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге сыни көзқараспен баға береді, ақпараттар мен пікірлерді орынды қолдана отырып өңдейді.

1-тапсырма: Болжам жасау (мәтін үзіндісі негізінде)

Мәтін үзіндісі:

«Тіл – халықтың рухани байлығы, өткені мен бүгінін, мәдениеті мен дүниетанымын сақтап, болашақпен жалғайтын алтын көпір. Тіл жоғалса – ұлт жойылады».

Тапсырма:

Осы үзінді негізінде:

Мәтін мазмұнын болжап жазыңыз (50-70 сөз).

«Тіл – ұлттың жаны» деген пікірді негізге алып, мәтінді жалғастырып көріңіз (кемі 100 сөз).

«Қазақ тілі – ұлттың жан дүниесі. Оны сақтау – әр азаматтың парызы. Бірақ қазіргі қоғамда өзге тілге деген қызығушылық ана тілімізден басым түсіп барады...»

Кесте: Мәтінге болжам жасау

Сұрақ	Жауабыңыз
Бұл мәтінде қандай мәселе қозғалған?	
Автор не айтқысы келеді деп ойлайсыз?	

Бағалау критерийі	Дескрипторлар
Мәтін мазмұнын дұрыс болжайды	- Үзіндідегі негізгі ойды түсінеді; - Мәтін мазмұнын логикалық болжайды
Тақырыпқа сай ой қосып, мәтінді жалғастыра алады	- «Тіл – ұлттың жаны» тақырыбын ашады; - Тілдің маңызын дәлелдермен жеткізеді
Мазмұндау құрылымы сақталған	- Кіріспе, негізгі ой, қорытынды бөліктері бар
Грамматикалық және стилистикалық қатесіз жазады	- Қате жібермей сауатты жазады

2-тапсырма. Негізгі ой мен мәселені анықтау

Мәтін:

«Қазіргі таңда жастар арасында ана тілінде сөйлеу деңгейі төмендеп барады. Көпшілік ортада орысша немесе ағылшынша сөйлеуді сән көру – ана тілімізге деген құрметтің кемігенінің көрінісі. Бұл – қоғам үшін алаңдатарлық мәселе.»

Тапсырма:

Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

Мәселеге өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

Қоғамда тілді сақтап қалу үшін қандай шешім ұсынасыз? (70-100 сөз)

Бағалау критерий	Дескрипторлар
Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды	- Мәтіндегі негізгі ойды дәл таба алады

Мәселеге қатысты жеке көзқарасын білдіреді	- Өз пікірін нақты әрі қисынды жеткізеді
Шешім ұсынады	- Қоғамдық маңызы бар нақты шешім ұсынады
Жазба құрылымын сақтайды	- Жауап 70-100 сөз аралығында, құрылымы сақталған (кіріспе, негізгі ой, қорытынды)

3-тапсырма. «5W + 1H» әдісімен сұрақтарға жауап бер

Мәтін:

«Қазіргі таңда жаһандану мен цифрлану заманында тілдің өмір сүруі, дамуы – ең өзекті мәселе. Ана тілін ұмытқан ұрпақ – тамыры жоқ бәйтерек іспетті...»

Білім алушы төмендегі сұрақтар бойынша мәтінді талдайды:

- Мәтінде не туралы айтылған?
- Неліктен бұл мәселе көтеріледі?
- Кімді, нені қамтиды?
- Қандай жағдайларда байқалады?
- Қай жерде, ортада байқалады?
- Бұл мәселені шешуге қандай ұсыныс бар?

Бағалау критерийі	Дескрипторлар
Мәтін мазмұны бойынша «5W + 1H» сұрақтарына толық жауап береді	– Мазмұнға сай 6 сұраққа жауап береді– Жауаптары нақты және логикалық құрылған– Тақырыппен байланысты жауаптар
Тілдік нормаларды сақтап жауап береді	– Грамматикалық қателер жоқ немесе өте аз– Білім алушы сөйлем құрылымын дұрыс қолданады
Жауап беру кезінде өз ойын білдіре алады	– Өз ойын нақты дәлелдермен жеткізеді– Тұлғалық көзқарасы көрініп тұрады

Білім алушы бұл сұрақтарға жауап бергеннен кейін, мынадай жұмыстарды жалғастыруына болады:

4-тапсырма. Жауаптарды негізге ала отырып, қысқаша аналитикалық мәтін құрастыру

Мақсаты: Тақырыпты терең түсініп, өз көзқарасын білдіру.

Көлемі: 50-70 сөз

Талап: 1 дәйексөз қолдану, нақты ұсыныс жазу

Бағалау критерийі	Дескрипторлар
1. Тақырып бойынша нақты, логикалық ой жазады	– Білім алушы өз ойын жүйелі жеткізеді – Ойы мәтін тақырыбына сәйкес келеді
2. Өз көзқарасын білдіріп, дәлел келтіреді	– Өз пікірін анық айтады – Кемінде бір дәлел немесе мысал келтіреді
3. Тілдік нормаларды сақтайды	– Грамматикалық және орфографиялық қателер жоқ – Тыныс белгілері дұрыс қойылған
4. Мәтін құрылымын сақтайды	– Кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімі бар

№4

Тақырып: Тіл – құндылық

Оқу мақсаттары:

10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру;

10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу

Сабақ мақсаттары:

1. Мәтін үзінділерін талдау арқылы мазмұнға болжам жасайды, өз білімін пайдаланып тақырыпты шығармашылық түрде жалғастырады.

2. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге сыни көзқараспен баға береді, ақпараттар мен пікірлерді орынды қолдана отырып өңдейді.

1-тапсырма. Тақырып бойынша пікірталас ұйымдастыру (сыныпта)

Білім алушы өз жауабын топ алдында қорғайды

Сыныптастары сұрақ қояды немесе келіспесе, қарсы пікір білдіреді

1. Өз ойын жеткізу (жауапты қорғау)

2 балл – Өз көзқарасын анық, нақты және сенімді түрде жеткізеді; дәлелдер келтіреді; тақырыпқа толық жауап береді

1 балл – Өз пікірін түсінікті түрде айтады; кейбір дәлелдер қолданады; тақырыпқа қатысты

2 балл – Сұрақтарға нақты әрі толық жауап береді; қарсы пікірлерге сабырлы және сыпайы жауап береді; пікірлерді талқылауға қатысады

2 балл – Көптеген сұрақтарға жауап береді; қарсы пікірлерді ескереді

2 балл – Тіл байлығы жоғары, сөздерін дұрыс қолданады, сөйлеу мәдениеті жоғары

1 балл – Тіл байлығы жақсы, кейде қателіктер кездеседі, сөйлеу мәдениеті сақталған

Педагогтің модераторлық функциясы:

Пікірталасқа бағыт беру, уақыт бақылау

Сұрақтарды әділ бөлу, бәріне сөз беруді қамтамасыз ету

Қақтығыстарды бейбіт түрде шешуге көмектесу

Бағалау критерийлеріне сай нақты кері байланыс беру

2-тапсырма. «Тілді сақтау жолдары» тақырыбына сүйене отырып, презентация немесе постер жасау

Нұсқаулық:

Білім алушылар шағын топтарға бөлініп, «Тілді сақтау жолдары»

тақырыбында постер әзірлейді. Постер келесі элементтерден тұруы тиіс:

1. Тірек сөздер (5-7 сөз)

2. Сурет немесе иллюстрация (салынған немесе жүктелген)

3. Қысқаша мәтін (2-3 сөйлем)

4. Ұсыныс (қоғамға немесе жастарға бағытталған нақты ұсыныс)

Бағалау критерийі	Дескрипторлар
1. Мазмұнның тақырыпқа сәйкестігі	- Тақырыпты нақты ашқан - Қысқаша мәтінде тілдің маңызын сипаттаған

2. Тірек сөздерді дұрыс қолдану	- 5–7 мағыналы тірек сөздер енгізілген - Тірек сөздер тақырыпқа сәйкес таңдалған
3. Ұсыныстың негізділігі	- Ұсыныс нақты және өміршең - Ұсыныс тілдің дамуына оң әсер береді
4. Шығармашылық және көркемдік рәсімдеу	- Сурет немесе иллюстрация сапалы әрі мазмұнға сай - Постер тартымды және ұқыпты жасалған
5. Орфографиялық және стилистикалық дұрыстық	- Мәтінде грамматикалық қателер жоқ - Сөйлемдер анық және түсінікті

Қосымша көмекке арналған сұрақтар:

Тілді сақтаудың қандай жолдарын білесің?

Жастар ана тілін қалай сақтай алады?

Мектепте немесе қоғамда тілді дамыту үшін не істеуге болады?

3-тапсырма. Сұхбат/мақала жазу (академиялық стильде)

- Мысалы: «Маманнан пікір» – Білім алушы тіл маманынан сұхбат алады

- Немесе «Ана тілі – болашағым» тақырыбында қысқа мақала жазады

Бағалау критерий	Дескриптор
Тақырыпты толық ашады	– Мақала/сұхбат тақырыпқа сай жазылған; – Негізгі ой нақты және түсінікті берілген; – Мақсаты айқын көрсетілген.

2. Академиялық тіл нормалары

Критерий	Дескриптор
Академиялық тіл стилін сақтайды	– Ресми-іскери немесе ғылыми стильде жазылған; – Эмоциялық бояуы аз, нақты тұжырымдар жасалған; – Артық ауызекі сөздер қолданылмаған.

3. Құрылым мен логика

Критерий	Дескриптор
Жазба құрылымы сақталған	– Кіріспе, негізгі бөлім және қорытындысы бар; – Ой бірізділікпен дамиды; – Сұхбат болса, сұрақ-жауап логикалық тәртіппен берілген.

4. Тілдік сауаттылық

Критерий	Дескриптор
Орфографиялық және пунктуациялық қателер болмауы	– Жазбада грамматикалық қателер аз немесе мүлде жоқ; – Дұрыс тыныс белгілері қойылған; – Сөз қолданысы орынды.

5. Оқырманға әсері және ой тереңдігі

Критерий	Дескриптор
Авторлық ұстаным мен әсері сезіледі	– Жазбада автордың көзқарасы, жеке ойы көрінеді; – Мәтін оқырманға әсер ете алады; – Көтерілген мәселе өзекті және мағыналы.

4-тапсырма: Әдісі: «Рөлдік ойын» Рөлдік ойын / Дебат

Тақырып: «Қазақ тілі – болашақ тілі ме, әлде тек ұлттық мұра ма?»
Екі топқа бөлініп, біреуі қолдайды, екіншісі қарсы уәж айтады.
Әр топ 3 аргумент келтіріп, пікірін қорғайды.

№5

Тақырып. Индустрияландыру: ұлттық өндіріс тарихы

Оқу мақсаттары:

10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау;

10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу

Сабақ мақсаттары:

1. Мәтінде көтерілген мәселеге байланысты автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынасты ескере отырып, мазмұнға сай сұрақтар құрастырады және бағалайды.

2. Белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, стилистикалық талғаммен қолданады.

1-Тапсырма: «Автор – оқырман көпірі» әдісі (Жұптық жұмыс)

Мәтін: Индустрияландыру: ұлттық өндіріс тарихы

Туризм – бүкіл әлемдегі табысы жоғары салалардың бірі болып саналады. Қазақстан Республикасын табиғаты керемет қалалар мен қорықтарға толы. Мемлекетеміз жер аумағы бойынша әлем елдерінің арасынан 9 - орынды алады. Сонау кең-байтақ жердің барлығы табиғатқа өте бай. Қазақстанның әр өңірінде туристтерді баурап алатын табиғаты керемет жерлер- таулар, жазық далалар, ормандар, өзендер мен көлдер бар. Археология, тарих және сәулет ескерткіштері Қазақстанда көптеп кездеседі. Сонымен қатар, Қазақстан - емдік-сауықтыру туризмі үшін де өте лайықты болып саналады. Оның себебі табиғи емдік ресурстарды белсенді қолдануында дей аламыз. Ыстық бұлақтар, емдік қасиеті бар батпақтар, климат секілді ресурстар арқылы кеңінен танылған. Қазақстанда қымыз терапиясы, минералды суларды пайдалану қолданылады. Сонымен бірге заманауи құрылғылармен жабдықталған шипажайлар бар.

Қазақстан аумағында Бурабай, Баянауыл, Марқакөл, Катонқарағай, Қарқаралы, Алатау, Хан Тәңірі баурайы, Түлкібас, Шарын шатқалы, Сак қорғаны, Маңғыстау түбегі сияқты ғажайып жерлер де, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Айша бибі, Арыстан баб кесенесі сияқты тарихи мұралары да көп

Ә мәтін:

Туризм (франц. *tourisme*, *tour* – серуендеу, жол жүру) – адамның бос уақытында негізінен айтқанда жұмыстық, не мәлім міндеттік мәжбүрлеумен емес, туысшылаумен емес, өз еркінше көңіл көтеру мен демалу үшін, тәуекел жасау үшін, көріп қызықтау үшін, яғни субъективті рухани қажеттілік бойынша басқа бір жерге ерікті саяхаттап, серуендеп баруы. Жақын жердегі қысқа мезетті орындалатыны - серуен, алыс жерге аттанған ұзақ мерзімдісі - саяхат деп аталады.

Туризм әлемдік экономикада маңызды рөл атқарады. Дүниежүзілік туризм ұйымының (ДТҰ) деректері бойынша ол әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан

бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын ұстайды, әлемдік өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын туризм қамтамасыз етеді. Туризмнен түскен табыс мұнай, өнімдері және автомобиль экспорты табысынан кейін тұрақты 3-ші орында келеді.

Дүниежүзілік туризм ұйымының болжамы бойынша ХХІ ғасырда туристік индустрияның өсуі артады және 2020 жылы әлемдегі туристік саяхаттар 1,6 биллион бірлік құрайды.

Туристерді жағымды пікір ғана емес, қайта тұмса табиғат, тылсым құбылыс, ғажайыптар, тәуекелдер, бұрын-соңды болмаған жаңалықтар, басқа да оларды өз елдерінде бола бермейтін ерекше жағдай мен көңіл күйлер қызықтырады. Сондықтан туризмді дамыту үшін туристік өңір туралы романтикалық (бәлкім тылсым, бәлкім қорқыныш, бәлкім таңғажайып) түсініктердің қалыптасуына айырықша мән беру керек.

2-тапсырма.

Мәтіндегі көтерілген мәселені анықта және пікіріңді жаз.

Сұрақтар:

1. Екі мәтінде қандай ортақ мәселе көтерілген?
2. Осы мәселе бойынша өз пікіріңді білдір.
3. Бір дәлел келтір.

3-тапсырма.

А және Ә мәтіндерінің негізгі идеяларын біріктіріп, төменде берілген тілдік құралдарды орынды қолданып, «Қазақстанның туризм саласы: өткені мен бүгіні» тақырыбында тезис жазыңыз.

Терминдер: туризм, экотуризм, саяхат, фактор

4-тапсырма.

А және Ә мәтіндерінің негізінде «Қазақстандағы экотуризм» тақырыбы бойынша 100-120 сөзден тұратын мақала жаз. Мақала құрылымы міндетті түрде: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен тұруы керек. Әр бөлімдегі негізгі ойды нақтылап, логикалық түрде дамыт: зерттеу мәселесін анықта, дәлелдер мен мысалдар келтір, қорытындылар жаса. Мәтінді жоспар бойынша рәсімдеуге тырыс, тілдік қателерді түзет және академиялық стильге сай жаз.

Бағалау критерийі	Т/Р	Дескрипторлар
Мәтіндердің құрылымы мен тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	1	Мәтін стилін, автор көзқарасын анықтайды
		Стильдік ерекшеліктерін зерттеп, дәлел келтіреді
		Автор көзқарасын тілдік қолданыстары арқылы дәлелдейді
Тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис жазу	3	Тілдік құралдарды орынды қолданады
		Тақырыпқа сәйкес тезис жазады
Тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазу	4	Құрылымын сақтайды
		Зерттеу мәселесін анықтап, дәлелдер келтіреді
		Академиялық стильде мақала жазады

		Ойды жүйелі, түсінікті жеткізеді. Емле, тыныс белгілерін дұрыс қояды.
--	--	--

№21

Қазақ тілі

Сынып: 11

Тақырып: Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі

Оқу мақсаттары:

11.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру

11.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)

Сабақтың мақсаты:

-БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді алып, сілтеме жасау жолдарын біледі

-Мәтінге логикалық және стильдік түзетулер енгізе отырып, қайта өңдеп, редакциялайды.

1-тапсырма.

Мәтінді түсініп оқып, «Венн диаграмасы» бойынша БАҚ, ғаламтордағы энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерге сүйене отырып, шекаралас елдердің географиясымен салыстыр.

Үлгі:

Қазақстан		
Ұқсастығы	Ортақ белгілері	Айырмашылығы

Мәтін:

Қазақстанның географиясы

Қазақстан Республикасының жер көлемі 2,7 млн шаршы шақырым. Жерінің ауданы жағынан дүние жүзіндегі ең ірі мемлекеттердің қатарына жатады. Бұл көрсеткіш бойынша Ресей, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Австралия, Үндістан және Аргентинадан кейін 9-шы орында тұр. Республика Еуразия құрлығының орталығында барлық мұхиттардан бірдей қашықтықта орналасқан. Республика батысында Еділ өзені алабынан шығысында Алтай тауы шындарына дейін 3 мың км дейін, солтүстіктегі Батыс Сібір жазығынан (Солтүстік Қазақстан жазығы) оңтүстігінде Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне 1600 км-ге дейін созылып жатыр. Қиыр солтүстік нүктесі (55 26 с.е.) Шығыс Еуропа жазығының орталық бөлігі мен Британия аралдарының оңтүстігіне, ал оңтүстік нүктесі (40 56 с. е.) Кавказ сырты мен Оңтүстік Еуропаның Жерорта теңізі өңіріндегі елдердің ендігіне сәйкес келеді. Қазақстан қоңыржай белдеудің орта және оңтүстік ендіктерінде орналасқан. Географиялық орнына қарай орманды дала, дала, шөлейт және шөл зоналары қалыптасқан. Елдің батыс шеті (46 27 ш. б.) Елтон және Басқыншақ көлдері маңына, ал шығыс нүктесі (87 20 ш. б.) Бұқтырма өзенінің бастауына тұспа-тұс

келеді. Аумағының 10%-ы биік таулы өңірлер, қалған бөлігі ойпат, жазық, үстірт, қырат жерлер. Қазақстанның ең биік жері –Хантәңірі шыңы (6995 м, қар құрсауымен қосып есептесе 7010 м). Ол Тянь-Шань тау жүйесінде орналасқан. Каспий теңізінің шығыс жағалауында елдің ең ойпат жері Қарақия ойысы теңіз деңгейінен 132 м төменде орналасқан.

2-тапсырма.

Төменде берілген сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін қай стильде жазылған?
2. Мәтіннің стилін қандай тілдік ерекшеліктер арқылы дәлелдейсің?
3. Мәтіннің негізгі құрылымдық бөліктері (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) қандай? Талдап жаз.
4. Мәтін қалай рәсімделген? Дәлелде.
5. Мәтіннің жанрын анықта және мәтіннен дәлел келтіре отырып, 3-4 сөйлеммен жаз.

3-тапсырма.

ТЖ. «Өз өңіріңдегі қалалық және ауылдық елді мекендердің табиғаты: қазіргі жағдайы мен болашағы» деген тақырыпта БАҚ, ғаламтор, ғылыми еңбектердегі деректерге сілтеме жасау арқылы «Кубизм» әдісімен презентация (постер) әзірлеу.

1. Суретте (табиғатын, географиясын).
2. Салыстыр (ауыл және қала табиғатын, бүгіні мен ертеңін).
3. Байланыстыр (тарих, оқиға, өмірмен байланыстыр).
4. Таңда (қала мен ауыл табиғатын таңда, неліктен?).
5. Қолдан (табиғат өнімдерінен не жасауға болады?).
6. Дәлелде («ия», «жоқ» деп оған дәлел келтіру, бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Неге? дәлелді деректерге сілтеме жаса).

4-тапсырма.

Берілген мәтінді қайта өңдеп, ғылыми стильде редакциялап жаз.

-Екі мәтінді салыстырыңыз. Қай мәтін стильдік, құрылымдық жағынан сәтті шыққан? Неге?

-Автордың ойы мен дәлелдерін редакциялау жолымен кеңейтіңіз немесе нақтылап қайта жазыңыз.

Мәтін 1 (түпнұсқа):	Мәтін 2 (өңделген нұсқа):
Қазақстан Республикасының астанасы-Астана қаласы. Ол елдің солтүстік бөлігінде Есіл өзенінде орналасқан. Есілдің сол жағалауында Елорданың символы-биіктігі 97 метр заманауи "Бәйтерек" монументі бой көтереді. Мұнаның қарау алаңынан қаланың көркем панорамалық көрінісі ашылады. 2017 жылдың маусым айында Қазақстан астанасы миллион тұрғыны бар қала мәртебесіне ие болды. Оның	

экономикасының негізін: сауда, көлік және байланыс, құрылыс құрайды. https://astana.citypass.kz/kz/o-kazakhstane/	
---	--

Бағалау критерийі	Т/Р	Дескрипторлар
БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу	1,2	ғаламтордағы энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектердегі деректерге сүйенеді
		шекаралас елдердің географиясымен салыстырады
		сұрақтарға жауап береді
Сілтеме жасау жолдарын білу	3	БАҚ, ғаламтор, ғылыми еңбектердегі деректерге сілтеме жасайды
		Ақпараттарды салыстырады, өмірмен байланыстырады
		Нақты дәлелдер келтіреді
Логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау	4	Мәтінді қайта өңдеп, редакциялайды
		Емле, тыныс белгілерін дұрыс қояды.

№22

Қазақ тілі

Сынып: 11

Тақырып: Миграция. Зияткерлік миграция.

Оқу мақсаты:

11.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау;

11.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу.

Сабақ мақсаты:

- Тақырып бойынша талқылау сұрақтарын құрастырады;
- Мәтінде көтерілген мәселе бойынша пікір білдіреді;
- Түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгереді;
- Оқылым материалдары негізгі ақпаратты іріктей алады.

1-тапсырма. «Миға шабуыл» әдісі. Берілген суретте не бейнеленген деп ойлайсыз? Тақырып қойыңыз.



2-тапсырма.

Мәтінде берілген автор көзқарасымен келісесіз бе?

Мәтіннің негізгі мәселесін анықтап, оны қысқаша сипаттаңдар.

Автордың көзқарасын және оның дәлелдерін табыңыз.

Мәтінде қандай сұрақтар (талқылауға бағытталған) көтерілген?

Автордың көзқарастарына өзіңіздің сыни пікіріңізді жазыңыз: оның позициясын қолдайсыз ба? Неліктен?

Оқылым мәтіні:

Зияткерлік миграция тиімді ме, әлде зиян ба?

«Миграция» дегенді естіген боларсыз. Бағзыдан бері адамзатпен бірге жасасып, бүгінге дейін маңызын жоймаған үрдіс. Оның өзі ішкі және сыртқы, зияткерлік деп сан түрге бөлініп жатады. Біздің айтпағымыз – зияткерлік миграция жайы.

Қазақстан тәуелсіздік алған соң әлем елдерімен дипломатиялық қарым-қатынас орната бастады. Оның ішінде білім алу үшін шетел асқысы келген жастарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, тіпті «Болашақ» бағдарламасы да қабылданды. Рас, әу бастағы ниет қазақ жастарының шетелдің үздік оқу орындарында білім алуына жағдай жасап, елімізді білікті кадрлармен толықтыру болған-ды. Әйтсе де сол үміт артқан жастардың арасында туған еліне қайтқысы келмей, сыртта қалып қоятындар кездесіп жатады. Білімді жастардың шетелге кетуі біз үшін үлкен проблема екені айтпаса да түсінікті. Өйткені олар барлық күш-қуаты мен білімін жат елдің экономикасын дамытуға бағыттайды. Міне, дәл осы мәселе қазіргі қоғамды алаңдатып отыр. Біздің қаншама кадрымыз Қазақстанда біліп алып, сол білімін өзге елдің пайдасына жұмсауда. Әрине, білімін шындағаны дұрыс, бірақ өз еліңе қызмет етіп, жан-жақты дамуына үлес қосқанға не жетсін.

Әрине, жаһандану дәуірінде ешкімді күштеп ұстай алмайсыз. Әйтсе де білімді жастардың шетел асып кетуіне көз жұмып қарап отыруға тағы болмайды. Бәлкім, олар үшін елде білім алып, жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасау керек шығар?!

3-тапсырма.Топтық жұмыс. Мәтінді түсініп оқып, «ДЖИГСО» әдісі бойынша тақырыпқа қатысты талқылауға арналған 5 ашық сұрақ құрастырыңыздар.

4-тапсырма. <https://ppt-online.org/581832> сілтемесі бойынша конспект жазу туралы оқып танысыңыз. «Миграция. Зияткерлік миграция» тақырыбында

ғаламтор материалдарынан сілтеме жасай отырып, негізгі ақпараттарды іріктеп, конспект жазыңыз.

Бағалау критерийі	Т/Р	Дескрипторлар
Талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау;	1,2	Негізгі мәселені анықтайды
		Автор көзқарасын дәлелдейді
		Автор көзқарасына сыни пікір білдіреді
Түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу.	3,4	Талқылау сұрақтарын құрастырады
		Түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгереді
		Тақырыпқа қатысты негізгі ақпараттарды іріктеп жазады

№23

Тақырып: «Экология: ядролық және мұнай өндірістері».

11.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу;

11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу

Сабақ мақсаттары:

- шығармада көтерілген ғаламдық мәселелерді, идеясын анықтау;
- мәтін негізінде детальды ақпараттарды түртіп алу, жазба жұмысын орындау;
- көркемдегіш тілдік құралдарды қолдану арқылы түрлі жазылым тапсырмаларын(хат, әдеби сын) орындау.

1-тапсырма. «Авторға хат»

«Ядролық және мұнай өндірісі» тақырыбындағы ғылыми-публицистикалық мақала авторына ғылыми стильдегі хат жазады. Жазылым мазмұнында оқырман мен адресант арасындағы субжанрлық қарым-қатынас қағидаттарына сүйене отыра, адресатқа, авторға өзін толғандыратын өзекті тілектерін жолдайды. Хат мазмұны шығарма тақырыбына негізделеді.

Мәтін стилі – жеке хабарлама, амандық хат, әдеби- достық хаттар, іскерлік хат, ғылыми стильдегі ұсыныс хат, өлеңмен жазылған хаттар болуы мүмкін.

Хат – белгілі субъектінің екінші бір тұлғаға, бірлестікке, қоғамға, мекемеге арнап жазған жеке туындысы. Хат жазу барысында тұрақты үлгісі болмаса да, белгілі бір жазу мәнері бар. Хат бірінші жақтан баяндалады. Хатта адресант (хатты жазушы адам) және адресат (хат жолдаушы адам) болады.

Қосымша ресурстар.

Хаттың құрылымы:

Кіріспе бөлім:

Адресант сәлемдесу түрін анықтауы қажет (хат жолдаушының, яғни адресаттың жасын, әлеуметтік статусы мен қарым-қатынасын ескеру керек.)

Негізгі бөлім:

Хат жолдаушының өзіне, қызметіне қызығушылық тудыратын тәсілді анықтау (адресаттың хал-жағдайын сұрау, т.б.);

Өзі жайында ақпарат беру, тақырыпқа сәйкес мазмұнды баяндау.

Қорытынды бөлім:

Қорытынды жасау.

Авторға тілек айту.

Керек болған жағдайда «P.S» белгілеу (постскриптум – хатта үлгермеген хабарлаулар).

Бағалау критерийлері:

түртіп жазудың негізгі аспектілерін сақтау;

мәтіндегі ойын логикалық түрде, жүйелі ұйымдастыру;

көркемдегіш тіл құралдарын ұтымды пайдалану.

Дескрипторлар:

стильдік ерекшеліктерді сақтайды;

хат жазу жанрына тән талаптарды сақтайды (амандасу, адресаттың хал-жағдайын сұрау, өзі жайында ақпарат беру, тілегін білдіру, қоштасу);

2-тапсырма. «Сыни пікір жазу»

Авторлық материалға, мақалаға сыни пікір(рецензия)жазу. Мақала жазу негіздеріне сүйене отыра, мәтін мазмұнына ғылыми талдау жасайды.

3-кесте

Мақала	Сыни пікір
Тақырыптың өзектілігі	
Көтерілген проблема	
Тақырыптың жаһандық үндестігі(проблема)	
Көркемдік тіл қолданыстары	
Глоссарий (түсіндірме сөздігі,терминдер)	
Құрылымы (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	
Сыни ұсыныстарым... Ескертпелер...	

Бағалау критерийлері:

ғылыми материалға рецензия жазу талаптарын сақтау;
авторлық туындыға өз сыни көзқарасын білдіру.

Дескрипторлар:

мәтіндегі өзекті проблемаларды анықтайды;

жазылымға(ғылыми) тән талаптарды сақтайды;

түсіндірме сөздігі (глоссарий) мен терминдерді қолданады;

тақырыптық-ғылыми «тірі сілтемелер» мен ресурстарды қолданады.

Қосымша: Хат жазуға арналған графикалық клише.

Авторға хат	
Автордың қай шығармасымен таныс екеніңді жаз.	
Поэма авторына 3,4 сұрақ құрастырып жаз	
Авторға проблеманы шешудің жолдарын ұсын	
Өзің автордың орнында болсаң, қай тақырыпта жазар едің? «Мен сіздің орныңызда болсам, ... »	
Өзің туралы қысқаша мәлімет,резюме жаз	

№24

Тақырып: «Қазақстандағы экотуризм»

Оқу мақсаттары:

11.2.3.1 - таза ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;

11.3.3.1 - қажетті ақпараттарды,ресурстарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп түрлі жазылым тапсырмаларын орындау;

Сабақ мақсаттары:

- білім алушылар таза ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін біледі;

- авторлық материалдың жанрлық құрылымына эксперттік талдау жасайды;

- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктей алады.

1-тапсырма. «Бағалау парағын» толтыру

Басылымға таратуға арналған ғылыми материалдың сарапшысы, рецензент ретінде сыни пікір, эксперттік шешім түріндегі жазылым тапсырмасын орындайды. Берілген графикалық клишені қолданып, баяндамаға ғылыми талдау жасайды.

Мәтін. «Қазақстандағы туризм». Баяндама(үзінді)

Аңдатпа. Қазақстандағы туризм мәселесі күн тәртібіндегі өзекті, шешемін толық таппаған экономикалық-әлеуметтік проблемаға айналған проблема екені мәлім. Материал авторы өз баянамасындағы еліміздегі қазіргі туризмнің ахуалын жан-жақты баяндайды. Баяндама ұсынылған ақпараттар туризм саласы қызметкерлері мен қызығушыларға құнды болатыны сөзсіз.

Туризм – өзге елде ақы төленбейтін, мәдени-ағарту, спортпен айналысу, демалыс үшін ұйымдастырылатын қолжетімді саяхат түрі. Саяхат – адамдардың әртүрлі мақсатына сәйкес кеңістіктегі қозғалысы.

Адамзат тарихында саяхат сауда жасау, жаңа жерлерді жаулап алу және игеру, ресурстарды іздеу және т.б. себептерге орай пайда болды. Адамның қажетіне қарай саяхат түрлері көбейе түсті. Туризмнің даму тарихы көне дәуірлерде жатыр десек те, Қазақстан аймақтарында туризмнің пайда болуы өздеріңізге мәлім, Ұлы Жібек жолымен тығыз байланысты. Дегенмен бұл сала уақыт өткен сайын жанданып, дамып, өрісін кеңейте түсуде. Бүгінгі таңда туризм өз ішінен бірнеше түрге бөлінеді: әлеуметтік, экологиялық, спорттық, іскерлік, конгрестік, емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық, діни және тағы басқалары.

Туризмге қатысты еңбектердің ішінде саяхат түрлерін жіктеуде әртүрлі факторлар басшылыққа алынады. Соның ішіндегі ең басты фактор – адамның саяхатқа аттануына түрткі болатын негізгі себептер.

Туризмнің ең алғаш пайда болуына адамдардың өз денсаулығына көңіл бөліп, табиғаты бүлінбеген, аса бір ишпалы орындарға арнайы баруы ықпал етті. Оны «емдік-сауықтыру туризмі» деп атауға болады. Сонымен қатар бұл топқа емделіп, әл-ауқатын қалпына келтіруге климат, теңіз суы секілді табиғи құбылыстар пайдаланылатын алыс-жақын жерлердегі демалыс та енеді.

... Мәдени-танымдық туризм өз елінің және өзге елдердің рухани құндылықтарын, мәдениетін, тарихын зерттеп, білуге бағытталады. Ол танымдық және діни-табынушылық сипатта болады. Танымдық туризм тарихи, мәдени және географиялық құндылықтарды зерттеп, көруге байланысты ұйымдастырылады. Саяхатшылар көбінесе өздері барған елдің әлеуметтік, экономикалық қатынастарына қызығушылық білдіреді. Ал табынушылық мақсаттағы туризмге киелі жерлерді көруді қалайтын адамдар барады.

Ғылыми әдебиеттерде әлеуметтік туризм түрі де кездеседі. Әлеуметтік туризм саяхатшының шалғайдағы туыстары мен таныстарына, достарына қонақ болу мақсатында жүзеге асырылады. Бұл топқа клубтық туризмді де жатқызуга болады. Клубтық туризмнің ерекшелігі – саяхатшы саналы түрде арнайы бір топпен ғана демалыс түрін өзі таңдап алады.

Материалды жариялау және тарату бойынша талдау және
ұсынымдар жөніндегі сарапшының бағалау парағы

5-кесте

Критерийлер	Дескрипторлар		
	Жоғары	Орта	Төмен
Атауы мен жанрының мазмұнына сәйкестігі	Мазмұны аталған жанрдың атауы мен талаптары сәйкес келеді	Елеулі бөлігінде аталған жанрдың атауы мен талаптарына сәйкес келеді	Аталған жанрдың талаптарына фрагментті түрде сәйкес келеді немесе Жанрдың тақырыбы мен талаптарына сәйкес келмейді
Аннотация сапасы	Сұрақтарға нақты және толық жауап береді: - -мазмұны; -ерекшелігі; -мақсатты аудитория	Сұрақтарға нақты және толық жауап бермейді	сұрақтарға минималды түрде жауап береді, жалпы сөз тіркестерін қамтиды
Құрылым сапасы	мазмұны логикалық және дәйекті түрде құрылымдалған, зерттеу тәжірибесінің материалдарын, толықтығын, көрсетеді	мазмұны логикалық және дәйекті түрде құрылымдалған, автордың/құрастырушының зерттеу тәжірибесінің материалдарын жалпылама көрсетеді	мазмұны хронологиялық немесе басқа ретпен құрылымдалмаған автордың/құрастырушының талданған материалдары логикасы мен бірізділігін көрсетпейді
Мазмұны	Аталған мәтіннің мазмұны автордың концепциясын нақты және толық,ғылыми негіздейді	Аталған мәтіннің мазмұны автордың концепциясын жалпылама деңгейде қамтиды	Аталған мәтіннің мазмұны автордың концепциясын сипаттауға бағытталмаған жалпы ақпаратты қамтиды
Тілдік ресімдеу сапасы	Стиль түзуші (ғылыми танымал тіл) және жанр түзуші (әдістемелік тіл), орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық, қателер жоқ	Стиль құрастырушы грамматикалық, жазылым дағдысына тән және басқа техникалық қателер кездеседі, өрескел қателер жоқ	Стиль түзуші (ғылыми танымал тіл) және/немесе жанр түзуші (әдістемелік тіл), орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық, басқа техникалық қателер көптеп кездеседі

Сарапшы шешімі:

Ескертулер:

Бағалау критерийлері:

- мәтінге сарапшылық сыни пікір, рецензия жазу;
- академиялық жазылым технологиясын сақтап, сараптамалық шешім шығару.

Дескрипторлар:

- мәтінде кездесетін стильдік, грамматикалық, пунктуациялық қателерді анықтайды;
- бағалау парағы параметрлеріне сәйкес сараптамалық, сыни баға береді;
- авторға сыни ескертпелер береді;
- қолданбалы маңыздылығына(қолдану аясы) мән береді

2-тапсырма.

«Абайша жаз!» шағын-өлең жазу

Қазақстандағы туризмді жарнамалау және көрікті жерлердің табиғатын суреттеу, Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасын өз тәжірибесі арқылы сезіну және шығармашылықпен жеткізу мақсатындағы жазылым тапсырмасы.

Бағалау критерийлері:

- Абай үлгісінде (төрт жолдық, шұбыртпалы ұйқас) және басқа альтернативті нұсқада, табиғат сұлулығы туралы шағын өлең жазу;
- Абай Құнанбайұлының шығармашылық дара стиліндегі сипаттау тілін (ұйқас, эпитет, метафора, теңеу) қолдану.

Дескрипторлар:

- табиғатты суреттеу шеберлігі мен жарнаманы үйлестіру жолдарын сабақтастырады;
- көркемдік тіл элементтерін ұтымды қолданады;
- авторлық дара стиль көрінісіне мән береді.

Қосымша ресурстар:

Тірек сөздер:самал жел, күзгі дала, көктемгі жаңбыр, қысқы таң, жазғы жел.

Есте сақта! Өлең ұйқастары:

Белгілі бір өлшеммен, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесін өлең дейді. Өлең жолдары буын саны, тармағы, ырғағы мен мағынасы жағынан және ұйқасу үйлесімі жағынан жеке жүйе құрайды. Мұны өлеңнің шумағы деп атайды. Шумақ тармақтардан, яғни өлең жолдарынан тұрады. Тармақ өз ішінен бунақтарға бөлініп, олар ырғағын тудырады. Тармақтың соңғы сөздерінің дыбыстық жағынан үндесуін өлең ұйқасы деп атайды.

1.Қара өлең ұйқасы (а, а, б, а)

2.Шұбырпалы ұйқас (а, а, а, а)

3.Ерікті ұйқас (а, б, в, г, б)

4.Шалыс ұйқас (а, б, а, б)

5.Егіз ұйқас (а, а, б, б)

6.Аралас ұйқас (а, а, б, в, б, в, б, б, б)

7.Шалыс ұйқас (а, б, а, б, в, г, д, г, ж, д) / Қ.Жұмалиев./

3-тапсырма. «Туризм және табиғат» подкаст сценарийін жасап шығару.

Абай Құнанбайұлының табиғат лирикасындағы философиялық мәні мен Қазақстандағы көрікті жерлер, туризм саласының сабақтастығы туралы подкаст сценарийін дайындау. Бұл тапсырма білім алушылардың табиғатты көркем сөзбен бейнелеу қабілетін дамытып, эстетикалық қабылдауын тереңдетеді. Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлы поэзиясындағы табиғаттың көркем әрі философиялық рөлін ұғынуға жол ашады.

Қосымша ресурстар:

Нұсқаулық:

1.3–4 адамнан тұратын топтар құрып, бірнеше нұсқадағы подкаст сценарийін жазыңыздар.

2.Тақырып: «Абайдың табиғат лирикасы және туризм саласындағы жарнама. Поэтикалық мәтін арқылы қандай проблеманы шешуге болады?»

3.Өлеңдерден үзінді келтіріп, қысқаша түсіндіріп, өз пікіріңізді қосыңыз.

Бағалау критерийлері:

- сценарий мазмұны мен идеясын ашу;
- талдау тереңдігіне мән беру;
- шығармашылық, бірлескен, топтық тұжырым шығару.

Дескрипторлар:

- көркемдегіш тіл элементтері мен ресурстарды қолданып, өлең жолдарын құрастырады;

- Абай Құнанбайұлының дара стилін(ұйқас жасау) және басқа стильдерді орынды қолданады;

- тілдік орамдарды:ода, мадақтау, троптарды ұтымды қолданады;

- топтық шығармашылық туынды, дайын өнім жасайды.

Қысқа мерзімді сабақ жоспары №4

Тақырып. «Қазақстанның өткені мен келешегі»

Оқу мақсаттары:

11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис, аннотация жазу;

11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, графикалық мәтін, эссе) ұсына білу;

Сабақ мақсаттары:

- мәтін мазмұны бойынша болжам жасайды, қажетті ақпараттарды анықтайды;

- мәтінге тезис, шығармашылық жазба жұмыстарын жасайды.

- мәтін және мәтін үзінділерінде тыныс белгілерін, көркемдік тіл элементтерін орынды қолданады

- жазылым жұмысында көркем-бейнелі сөздерді орынды қолданады
1-тапсырма. «Екі жақты күнделік»

Түрлі мәтін үзінділерінің мазмұнына тезис, аннотация(үш тілде)
түрінде жазылым тапсырмаларын орындау.

6-кесте

<i>Мәтіндер</i>	<i>Тезистер (ықтимал жауаптар)</i>
Қазақстан – Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекет бюджетінің негізгі кіріс көзі мұнай мен мұнай өнімдерін экспорттау болып табылады. Ауыл шаруашылығы саласы да дамыған. Бидай экспорты республика экономикасына валюталық түсімдердің негізгі көздерінің бірі болып табылады. Қазақстанның табиғи жағдайлары, олардың алуан түрлілігі мал шаруашылығын дамыту үшін елеулі әлеуетті мүмкіндіктерді негіздейді. Қазақстанда дәстүрлі түрде қой, жылқы, түйе, ірі қара өсірумен айналысады. Алайда, жақында Мемлекет басшысының өзі экономиканың басым саласы ретінде туризмді белгіледі.	1.Қазақстан-тәуелсіз,демократиялық мемлекет 2.Экономика негізін мұнай экспорты мен бидай шаруашылығы құрайды 3.Экспорт пен валюта нарығы жақсы дамыған мемлекет 4.Табиғаты мал, ауыл шаруашылығына қолайлы 5.Төрт түлік өсіру әлеуеті зор ел 6.Үкімет басшысы экономиканың жаңа саласы-туризмге басымдылық береді 7.Мемлекет басшысы-басты тұлға
Балқаш көлі – Қазақстанның шығысында орналасқан ірі әрі ерекше табиғи су айдыны. Оның географиялық, гидрологиялық және экологиялық ерекшеліктері көптеген зерттеушілер мен саяхатшылардың қызығушылығын тудырады. Көлдің ерекшелігі оның бір бөлігінің тұщы, ал екінші жағының ащы болуында. Төменде Балқаш көліне қатысты бұрын көп айтыла бермейтін, бірақ назар аударуға тұрарлық қызықты мәліметтермен таныса аласыз.	1.Балқаш –елдің шығысында орналасқан ең ірі көл 2.Көл ащы және тұщы судан тұратын гидрологиялық ерекше су айдыны 3.Көлдің әлі де зерттелмеген экологиялық ,географиялық сырлары бар 4.Саяхатшылар мен ғалымдар тарапынан қызығушылық тудыратын көл
<i>Аңдатпа/аннотация.</i> <i>Қазақ тілінде:</i> <i>Орыс тілінде:</i> <i>Ағылшын тілінде:</i>	

Бағалау критерийлері:

-билингвалды компоненттерді қолдану(көптілділік);

-ғылыми-публицистикалық мәтін стиліне сай терминдерді ұтымды қолдану.

Дескрипторлар:

- мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды;
- мәтіндегі жасырын, жанама ақпараттарды анықтайды;
- стиль мен жанрлық ерекшеліктерді сақтай отыра, мәтін мазмұнын редакциялайды.

2-тапсырма. «Графикалық органайзер және жазылым»

Графикалық клишені және қоса берілген нұсқаулықты қолданып, «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасы тақырыбына ғылыми-публицистикалық стильдегі эссе жазу.

7-кесте. Диаграмма «Хронологиялық кесте»



Қосымша. Эссе жазуға арналған клише.

Кіріспе үшін қолдануға болатын сөйлеу клишелері:

- Бұл концепциялық бағдарламаны барша қазақстандықтар біледі...
- Ол туралы кітаптар жазылды және көптеген фильмдер түсірілді.
- Тақырып көпшілігімізді қызықтырады.
- Риторикалық сұрақтар.

- Мәтіннен дәйексөз,... - бұл сөздерде айтылады (ашылады, қозғалады)...
Көтерілген мәселені тұжырымдау үшін сөйлеу клишелері.

Мәтінде көтерілген мәселені сипаттау үшін келесі сөз тіркестерін қолдануға болады:

- ұсынылған бағдарламада келесі мәселе ашылады...

- бұл мәтінде автор мәселені былайша сипаттайды (ашады, біздің назарымызға жеткізеді)...

- көпшілікті толғандыратын мәселе ...

- жоғарыдағы мәтінде автор... ұсынады

Автордың көзқарасын көрсетуге арналған сөйлеу клишелері.

Бұл тармақта қолдануға болатын сөйлеу бұрылыстары:

- автор сұрақ... туралы деп есептейді.

- баяндамашы бізге

- автор(аты-жөні) бізді маңыздылығына сендіреді деген ойды жеткізуге тырысады.

- мәтінде тақырып ашылады....

Өз концептуалдық көзқарасыңызды білдіруге арналған сөйлеу клишелері.

Консенсустық жолмен мәселені шешу үшін ашылған проблема бойынша өз пікіріңізді білдіру үшін, келесі сөз тіркестерін қолдануға болады:

- автормен келіспеу мүмкін емес, бұл...

- мен автормен келісемін, бұл....

- мәселе бойынша менің көзқарастарым ... автордың ұстанымына ұқсас...

- мен автормен қандай пікірде болсам, соны ұстанамын ...

Дәлелдеу үшін сөйлеу клишелері.

Аргументтерді, дәлелдерді мәтінге органикалық түрде енгізіңіз, келесі клишелерді қолдануға болады (аргумент түріне байланысты):

- біз жиі...

- біздің заманымызда кездесуге тура келеді...

- арамызда кім кездескен жоқ...

- бұл күндері үйреншікті жағдайға айналды...

- бұл мәселе әсіресе шығармада өткір түрде ашылды, мысалы...

- бұл мәтінде ашылған мәселе көптеген әлем классиктерін алаңдатты, мысалы...

- бұл тақырыптың өзектілігі шығармада ашылады

- ұлы жазушысы (ақын, философ)....

- аталмыш тақырып көптеген телебағдарламалар мен мақалалар арналады...

Қорытынды жасауға арналған сөйлеу клишелері:

- бұл мәтінді оқығаннан кейін әркім ойланатын болады (әркім мұны түсінеді)...

- автордың ұстанымымен танысқаннан кейін сіз мұны түсінесіз...

- бұл мәтінде автор өзінің негізгі ойын білдірді:...

- автор туынды соңында нені қалайтыны туралы жазуы кездейсоқ емес...

- қорыта айтатын болсақ...

Бағалау критерийлері:

- эссе жазуда графикалық органиайзерлерді, клишені оңтайлы қолдану;
- жазылымның хронологиялық тәртібін, талаптарын сақтау.

Дескрипторлар:

- түрлі графикалық органиайзерлерді қолданып, жазылым тапсырмаларын орындайды;

- тақырып төңірегінде болжамдар жасайды;
- эссе құрылымын сақтайды;
- ұсынылған клишелерді ұтымды қолданады;
- дәлелді аргументтерді келтіреді.

3-тапсырма. «Суреттер сөйлейді»



1-сурет. Фотоколлаж «Қазақстан тарихы»

Тақырып бойынша берілген иллюстрациялар мен тірек- клишені пайдаланып, «Жаңа Қазақстан» тақырыбында шығармашылық, жазылым тапсырмасын (әңгіме) жазады.

Бағалау критерийлері:

- берілген тақырыпқа көркем-шығармашылық мәтін құрастыру;
- жанрлық, стильдік ерекшеліктерді сақтау.

Дескрипторлар:

- берілген сызбаны, суреттерді жазылымда ұтымды пайдаланады;
- проза жанрындағы жазылым жұмысын(әңгіме) жазады;
- ұсынылған тақырыптан ауытқымайды;
- прозалық мәтінге тән тіл құралдарын қолданады;
- көркем, бейнелі сөздерді орынды қолданады.

4-тапсырма. «Түртіп алу» (қажетті ақпаратты алу) стратегиясы.

Графикалық мәтін мен иллюстрацияларға сүйеніп, тақырып бойынша жазылым тапсырмасын орындау.

8-кесте

Сандық фактілер мен деректер	Маңызды оқиғалар, жылнамалар
Қазақстанның тарихи жетістіктері	
Тарихи тұлғалар	

Бағалау критерийлері:

- тарихи деректерге, фактілерге сүйеніп, кестені толтыру;

- мәтіндегі қажетті ақпаратты түртіп алу.

Дескрипторлар:

мәтіндегі детальді, маңызды ақпараттарды түртіп алады;

жасырын, қосалқы ақпараттарды анықтайды;

мәтінді редакциялайды;

№25

11-сынып. Қазақ тілі пәні бойынша «Жастар мәдениеті және мәселесі» бөлімі

Тақырыбы: «Жастар мәдениеті: дәстүр мен заманауи үрдістер үйлесімі»

1. «Пікір білдіру» дағдысын дамыту мақсатындағы тапсырма үлгісі:

«Қазіргі жастар мәдениеті дәстүрлі құндылықтар мен заманауи бағыттардың үйлесімінен тұрады. Бұл үйлесім олардың тұлғалық дамуына ықпал етеді» деген тұжырым бойынша өз ойыңызды «Төрт сөйлем» әдісі арқылы жазыңыз

Пікір. Тақырып бойынша өзіндік пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз

Дәлел. Пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз

Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз

Қорытынды. Берілген тұжырым бойынша қорытынды шығарыңыз

2. «Дәлелдеу және дәйек келтіру» дағдысын дамыту мақсатындағы тапсырма

Өз пікіріңізді кемінде 2 дәйекпен негіздеңіз. Дәйекті негіздеуде «Үш жақты түсініктеме күнделігі» әдісін қолданыңыз

Зерттеу нәтижелері	Статистикалық мәлімет	Танымал тұлғалардың пікірлері

9-кесте. «Үш жақты түсініктеме күнделігі» әдісі

Өр дәйегіңізді логикалық тізбекпен аргументке айналдырыңыз (факт – уәж – қорытынды).

Мысалы: Егер жастар дәстүрлі өнерге қызығушылық танытса (факт), бұл олардың ұлттық мәдениетті сақтауға үлес қосатынын көрсетеді (уәж), сондықтан дәстүр мен заманауи мәдениетті ұштастыру – маңызды үрдіс (қорытынды).


3. «Келіспеу дағдысын» дамыту мақсатындағы тапсырма үлгісі:

Берілген қарсы пікірге жауап жазыңыз: «Жастар мәдениеті – тек батыстық үлгілерге еліктеу, ұлттық болмысқа қатысы жоқ».

Мысалы: Кері пікірде біржақты көзқарас бар. Шындығында, қазақстандық жастар арасында ұлттық киім үлгілерін заманауи сәнге енгізу, домбыра partі, этнофестивальдер өткізу дәстүрі мен заманауи мәдениетті ұштастырып келеді.

4. Білім алушыларда «Салыстыру дағдысын» дамыту мақсатындағы тапсырма үлгісі:

Дәстүрлі жастар мәдениеті мен заманауи жастар мәдениетін «Венн диаграмма» әдісі арқылы салыстырыңыз
2-сурет. «Венн диаграмма» әдісі



№26

11-сыныптың қазақ тілі пәнінен «Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер» бөлімі бойынша тапсырма үлгісі

1-тапсырма

А) «Мәдениет және өнер адамдарына арналған баяндама», «Жоғары сынып білім алушыларына арналған танымдық мақала», «Туристерге арналған ақпараттық парақша» сияқты аудиторияның бірін таңдаңыз. «Аудитория картасы» әдісі арқылы аудиторияның жасын, білім деңгейін, мүддесін, тілдік ерекшелігін кестеге түсіріңіз.

3-сурет. «Аудитория картасы» әдісі



Ә) «Пікір пирамидасы» («Pyramid discussion») әдісі арқылы жинақталған ақпаратты жұпта, топта талқылаңыз.

4-сурет. «Пікір пирамидасы» әдісі



Б) «Қазақ шешендік өнері – ұлттық жәдігер» тақырыбында 150-180 сөз көлемінде мәтін жазыңыз.


2-тапсырма. Нақыл сөзді заманауи аудиторияға бейімдеу

Бұқар жыраудың «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» нақыл сөзінің мәнін қазіргі мәдени мұраны сақтау тұрғысынан түсіндіріп, мектеп білім алушыларына арналған хат жазыңыз. Жазылған мәтінді сынып қабырғасына іліңіз. «Галлереяны шарлау» әдісі арқылы өзара пікір алмасыңыз. Берілген ұсыныстарға байланысты хат мәтінін аудитория стиліне сай өзгертіңіз.

3-тапсырма. Аудиторияны сендіру стратегиясы

«Ұлттық тарихи жәдігерлерді сақтау – болашаққа аманат» тақырыбында 120-150 сөз көлемінде мақала жазыңыз. Мақаланы белгілі бір аудиторияға бағыттаңыз (ауыл тұрғындары, қалалық жастар, шетелдік қонақтар). Жазған мәтінде логикалық дәлел, эмоциялық дәлел, этикалық дәлел болуы шарт. Мақала жазу құрылымын сақтаңыз. Тапсырманы орындауда «Аргументтік үш бұрыш» (logos, ethos, pathos) әдісін қолданыңыз. Мақалаңызды «Жұптық рецензиялау» («Peer review») «дәсә арқылы жұпта тексеріңіз, дәлелдің тиімділігін бағалап, түзету енгізіңіз.

5-сурет. «Аргументтік үшбұрыш», «Жұптық рецензиялау» әдістері



Әдіс-тәсілдер атауы	Қысқаша сипаттама
---------------------	-------------------

Модельдеу әдісі	Дайын академиялық мәтін үлгілерін талдап, құрылымын, стилін модельдеу
Дискурстық талдау	Мәтіннің мағыналық байланысын, логикалық құрылымын талдау арқылы жазылымды жетілдіру
Пікір алмасу	Жұптық, топтық кері байланыс арқылы мәтінді жетілдіру
Тірек сызба арқылы жазу	Сызба, диаграмма, кесте негізінде ойды құрылымдау
Ойды кезеңдеп дамыту	«Кіріспе – негізгі бөлім – қорытынды» құрылымын қадамдап үйрету

10-кесте. Академиялық жазылымды меңгертудегі отандық тәжірибе

Әдіс-тәсілдер атауы	Қысқаша сипаттама
Process Approach (Үдерістік тәсіл)	Жазылымды жоспарлау – алғашқы нұсқасын жазу – редакциялау – соңғы нұсқасын дайындау
Genre-Based Approach (Жанрлық тәсіл)	Белгілі бір жанрлық құрылымын, тілдік еренкшелігін үйрету
Product Approach (Өнімдік тәсіл)	Дайын мәтін үлгісіне сүйеніп, сол бойынша жазу
Peer Review Collaborative Writing (Жұптық талдау және бірлесе мәтін жазу)	Бірлесе жазу және бірін-бірі тексеру арқылы сапаны арттыру
Critical Thinking Writing Tasks (Сын тұрғысынан ойлау жазылымы)	Мәтін жазу барысында дереккөздерді салыстыру, дәлелдеу, талдау дағдыларын дамыту

ҚОРЫТЫНДЫ

Академиялық жазылым – білім беру үдерісіндегі негізгі құзыреттердің бірі. Ол білім алушылардың тек тілдік сауаттылығын ғана емес, ғылыми тұрғыдан ойлауын, ақпаратты талдау, жүйелеу, дәлелді пікір білдіру, дереккөздермен жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастырады. Сондықтан 10-11-сыныптарда академиялық жазылымды дамыту – қазақ тілін оқытудың стратегиялық бағыты.

Әдістемелік ұсынымда берілген материалдар мен тапсырмалар мұғалімдерге оқу үдерісінде академиялық жазылымды кезең-кезеңімен енгізуге мүмкіндік береді. Онда білім алушыларды ғылыми стильдің ерекшеліктерімен таныстыру, жазба жұмыстың құрылымдық жүйесін меңгерту, дәйексөз келтіру мен сілтеме жасауды үйрету, мәтінді редакциялау және өзіндік рефлексия жасауға баулу сияқты маңызды әдістемелік қадамдар қамтылған. Мұндай жұмыстар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып қана қоймай, оларды жоғары оқу орнында білім алуға даярлайды.

Академиялық жазылымды жүйелі оқыту – білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға, ғылыми танымын кеңейтуге, кәсіби бағдарын айқындауға ықпал етеді. Сонымен бірге, бұл бағыт қазақ тілін тек қатысымдық тұрғыда ғана емес, ғылыми тіл ретінде де меңгертуге жол ашады.

Білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру – қазіргі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі. Жалпы білім беру деңгейінде оқитын білім алушыларды ғылыми жобаларға баулу, шағын зерттеулер жүргізу, деректерді талдау, нәтижені тұжырымдау тәжірибесі олардың болашақта академиялық ортаға бейімделуін жеңілдетеді. Бұл бағытта ғылыми мақала, реферат, эссе жазу тапсырмалары ерекше рөл атқарады. Мұндай жұмыстар білім алушыны деректерді салыстырып, талдап, қорытынды жасауға дағдыландырады.

Сонымен қатар, академиялық адалдық қағидаларын меңгерту – аса маңызды міндет. Білім алушы әр еңбегінде авторлық құқықты құрметтеп, дереккөзге сілтеме жасау мәдениетін қалыптастыруы қажет. Бұл олардың тек жазу машығына ғана емес, тұлғалық жауапкершілігі мен әділеттілікке деген көзқарасына да ықпал етеді.

Мақала мен эссе жазу тәжірибесі білім алушылардың ойды құрылымды жеткізуіне, ғылыми стильді меңгеруіне және пікірін дәлелді қорғауына жағдай жасайды. Эссе – жеке ойды еркін жеткізуге мүмкіндік берсе, мақала – ғылыми ізденістің алғашқы үлгісін ұсынады. Осы жанрлар арқылы білім алушылардың жазу мәдениеті, тіл байлығы және ғылыми танымы тереңдей түседі.

Қорытындылай келе, ұсынылған әдістемелік нұсқаулар мұғалімдерге білім алушылардың академиялық жазылымын дамытуда нақты бағдар береді. Оларды тиімді пайдалану арқылы білім алушының жазу мәдениеті жетіліп, ғылыми ойлау дағдысы қалыптасады. Бұл – жас ұрпақты білімді, зерттеуші, жауапты азамат етіп тәрбиелеудің негізгі алғышарттарының бірі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Абдразақова Ф. Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед. ғыл. канд. авторефераты [Мәтін], - Алматы, 2003
2. Оспанов Е. Т. Академиялық жазылым (жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы), - Алматы, 2018
3. Динаева Б.Б., Сапина С. М. Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, 2020
4. Молдабаева Қ.Е. Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы. (филология факультетіне арналған): диссертация [Қолжазба], - Алматы, 2023
5. Короткина И. Б. Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов. – Москва. Юрайт, 2015
6. Третьякова И. В. Академическое письмо: жанры и особенности // Дневник науки. – 2018. № 5
7. Академиялық мәтін жазу шеберханасы. – Астана: Қазақстандық қоғамдық даму институты, 2024. –200 бет.
8. «Мектептегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» білім беру бағдарламасы: Тыңдаушыға арналған нұсқаулық: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, - Нұр-Сұлтан, 2022
9. Білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020.
10. Тоқтағанова А.С., Мырзабекова Қ.Е., Усенбаева З.А. Оқу сауаттылығы. Тапсырма құрастыру ерекшеліктері. Оқу-әдістемелік құрал: ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, - Астана, 2023
11. Балақаев М., Сайрамбаева Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен сөйлем синтаксисі: оқулық – Алматы, 2009
12. Әлісжан С.К. Ғылыми стиль – ғылыми мәтін – ғылыми дискурс ұғымдарын нақтылау : А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы, 2017
13. Исенова Ф.К. Учебно-методическое пособие по изучению дисциплины «Академическое письмо и чтение» – Астана: Издательство Университета КазГЮУ, 2015
14. Баяхметова А.А., Дусенбина М.Ж. Академическое письмо. Язык и стиль академического письма: учебное пособие – Қостанай, 2019
15. Жалмаханов Ш. Қазақ тілінің лексикологиясы және стилистикасы: оқу-әдістемелік кешен – Алматы: Ғалым, 2018
16. Жұмағұлова А.Ж. Ғылыми стильді оқыту. Оқу құралы, –Алматы, 2013
17. Оспанов Е. Т. Академиялық жазылым (жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы), - Алматы, 2018

- 18.Әлісжан С.К. Ғылыми прозаның синтаксисі (құрылымдық және коммуникативтік негіздері) – Алматы: Арыс, – 2007
- 19.Қанабекова М.К. Қазақ тілі стилистикасының негіздері: оқу құралы, – Алматы, 2013
20. Балақаев М., Томанов М. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2002
- 21.Әбілқасымов Б., Мажитаева Ш. Қазақ әдеби тілінің тарихы (ХҮ – ХХ ғасырлар): оқулық, Қарағанды, 2009
- 22.Ыбрайым Ә.О. Стилистика және редакциялау: оқулық – Алматы, 2014
23. Eloisa Martin. How to write a good article: Current Sociologi , 2014
24. Короткина И. Б. Академическое письмо: процесс, продукт и практика: учебное пособие для вузов. – Москва. Юрайт, 2015
- 25.Молдабаева Қ.Е. Академиялық жазылым түрлерін модельдеудің теориясы мен практикасы. (филология факультетіне арналған): диссертация [Қолжазба], - Алматы, 2023
- 26.«Мектептегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» білім беру бағдарламасы: Тыңдаушыға арналған нұсқаулық: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, - Нұр-Сұлтан, 2022
- 27.Тоқтағанова А.С., Мырзабекова Қ.Е., Усенбаева З.А. Оқу сауаттылығы. Тапсырма құрастыру ерекшеліктері. Оқу-әдістемелік құрал: ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, - Астана, 2023
- 28.Еділбай Оспан «Академиялық жазылым негіздері»- Алматы, 2020ж.
- 29.Асқаров Е. С., Балапанов Е. Қ., Қойшыбаев Б. А. «Ғылыми зерттеулердің негіздері» - Алматы, 2005
- 30.Қаңтарбай С. Е., Жүсіпова Ж. А. «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі» - Алматы, 2012
- 31.Таубаева Ш. «Методология и методика педагогического исследования» Алматы, 2011
- 32.Загвязинский, В. И. «Методология педагогического исследования» Мәскеу, 2021
- 33.Белов В. В. – «Методология научных исследований»- Тверь, 2020
- 34.Джозеф Гибальди «Руководство MLA для написания исследовательских работ» издательство Modern Language Association-2021
- 35.Джон Суэйлс и Кристин Фик «Академическое письмо для аспирантов: основные задания и навыки» издательство University of Michigan Press – 2012.
- 36.Байқадамова Б, Бектаева Ж, «Эссе жазудың теориясы мен әдістемесі» Әдістемелік нұсқаулық. Тараз 2020ж
- 37.«Қазақ тілінен эссе жазудың құрылымы» Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған қосымша оқу-әдістемелік құрал Шымкент 2016
- 38.Қалиев, Б., Болғанбаев, Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы мен грамматикасы. – Алматы: Санат, 2006.
- 39.Сыздық Р. «Тілдік норма және оның қалыптануы», Алматы: Ел-шежіре, 2005,181-185б.

40.Исаев С. «Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы», Алматы: Қазақ университеті, 2004.

41. Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе [мәтін] / ауд. М.Жаңабекова, Б.Мизамхан, Ұ.Ісләмова // Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық.- Алматы, 2018./514б

42.«Қазақ тіл білімі саласындағы жаңа ғылыми бағыттар» («Новые научные направления казахского языкознания»): Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары: – Алматы: ИП «Балауса». – 2018. – 420 б.

43.Ыбырайым Ә.О. Стилистика және редакциялау: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2014 . 240 б.

44.Динаева Б.Б. Сапина С.М. Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері. Оқу құралы. – Астана: 2016. – 74б.

45.Байхадамова Б., Бектаева Ж. Эссе жазудың теориясы мен әдістемесі – Әдістемелік нұсқаулық. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты. Тараз, 2020 ж. – 83 бет.

46.«Қазақ тілінен эссе жазудың құрылымы» Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған қосымша оқу-әдістемелік құрал Шымкент 2016

47.https://englishsyllabus.com/wp-content/uploads/2023/01/Academic-Writing_-A-Handbook-for-International-Students.pdf

48.<https://www.antarcticglaciers.org/students-3/study-skills/essay-writing/>

49.https://dl.avasshop.ir/writing/academic_writing_for_international_students.pdf

50.<https://www.verbling.com/ru/articles/post/10-tips-to-practice-essay-writing-in-a-f>

51.https://omniglot.com/language/articles/7essaywritingtips.htm#google_vignette

52.Байтұрсынұлы А. Тіл - құрал. – Алматы: Атамұра, 2006.

53.Қабатаева А. Оқылым стратегиялары арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

54.Kalantzis, M., & Cope, B. (2012). Literacies. Cambridge University Press.

55.OECD (2018). The Future of Education and Skills: Education 2030. <https://www.oecd.org/education/2030>

56.Vygotsky, L. S. (1978). Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. Harvard University Press.

57.ҚР БҒМ. Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2023.

58.OpenAI. (2024). ChatGPT User Guide. <https://openai.com/chatgpt>

59.Әлібекова А. Интерпретациялық оқылым: Әдебиет пен әлеумет сабақтастығы. – Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2022.

60.Серікжанова Г. Пәнаралық интеграция– білім мазмұнын жаңартудың негізі. // "Педагогика және психология" журналы, №4, 2021.

61.Төлегенова Ш. Білім алушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастырудағы мәтіндік жұмыс. // "Ұлағат" журналы, №1, 2023.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. «Қазақ тілі» пәнінен академиялық жазылым дағдысын қалыптастыру әдістемесі	4
2. «Қазақ тілі» пәнінен академиялық жазылым дағдысын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар	105
Қорытынды	160
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	161